Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	ІШІНАРА (ішінара орындалады)	ЖОҚ (орындалмайды)	
демонстрациялау жолымен ұйымдағы қауіпсіздікке белсенді қолдауды қамтамасыз етеді ме?				
А.6.1.2 Ақпараттық қауіпсіздік бойынша қызмет сәйкес келетін рольдермен және жұмыс функцияларымен бірге ұйымның әртүрлі бөлім өкілдерімен үйлестірілген бе?				
А.6.1.3 Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндеттерді дәл анықтау жүргізілді ме?				
А.6.1.4 Ақпаратты өңдеудің жаңа құралдарын басшылықтың бекіту процесі анықталып, жүзеге асырылды ма?				
А.6.1.5 Ақпаратты қорғауға деген ұйым қажеттіліктерін көрсететін құпиялылық немесе дабыраламау жөніндегі келісімдерге қойылатын талаптар сәйкестендірілді ме және осы талаптарды ұдайы қайта қарау жүзеге асырылды ма?				
А.6.1.6 Сәйкес өкілетті ұйымдармен тиісті қатынастар ұсталынады ма?				
А.6.1.7 Ақпараттық қауіпсіздік бойынша мамандардың мамандандырылған топтарымен немесе басқа форумдарымен және кәсіби бірлестіктермен тиісті қатынастар ұсталынады ма?				
А.6.1.8 Жоспарланған уақыт интервалдары сайын немесе қауіпсіздікті жүзеге асырудағы елеулі өзгерістер жағдайында ұйымның ақпараттық қауіпсіздікті басқаруға әдістемесін тәуелсіз талдау, сонымен қатар осы әдістемені жүзеге асыруды талдау (яғни				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	ІШІНАРА (ішінара орындалады)	ЖОҚ (орындалмайды)	
ақпараттық қауіпсіздікті басқару мақсаттары, басқару құралдары, саясаттары, процестері және процедуралары) жүргізіледі ме?				
А.6.2 Сыртқы ұйымдық аспектілер ***Ұйым:***				
Қол жетімді, өңделетін, танымал немесе басқа ұйымдармен басқарылатын ұйым ақпаратын өңдеу құралдарының және ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиісті.				
А.6.2.1 Сыртқы ұйымдар тартылған бизнес-процестерде туындаған ұйым ақпаратын өңдеу құралдары мен ақпарат үшін тәуекелдер сәйкестендірілді ме және осы ақпаратқа және құралдарға жол ашылғанға дейін тиісті басқару құралдары жүзеге асырылды ма?				
А.6.2.2 Ақпаратқа немесе ұйым ресурстарына қатынауды тапсырыс берушіге берудің алдында барлық идентификациялық қауіпсіздік талаптары ескерілді ме?				
А.6.2.3 Ұйым ақпараты немесе ақпаратты өңдеу құралдары қолжетімділігін, өңделуін, пайдаланылуын, басқарылуын не ақпаратты өңдеу құралдарына өнімдерді немесе сервистерді қосуды қарастыратын басқа ұйымдармен келісімдерде барлық қажетті қауіпсіздік талаптары ескеріледі ме?				
А.7 Ресурстарды басқару				
А.7.1 Ресурстарға жауапкершілік ***Ұйым:***				
Ұйым ресурстарының тиісті қорғанысын қамтамасыз етуге және қолдауға тиісті.				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
А.7.1.1 Барлық ресурстар анық сәйкестендірілді ме? Барлық маңызды ресурстардың тізімдемесі құрылды ма және өзекті күйде ұсталынады ма?				
А.7.1.2 Ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты барлық ақпарат және ресурстар ұйымның өкілетті бөлімшесінің «иелігінде» [1] ме?				
А.7.1.3 Ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты ақпаратты және ресурстарды жол берілетін пайдалану ережелері идентификацияланып, құжатталды ма және жүзеге асырылды ма?				
А.7.2 Ақпараттар классификациясы ***Ұйым:***				
Ақпаратты қорғаудың тиісті деңгейі қамтамасыз етілгендігін кепілдендіруге тиісті.				
А.7.2.1 Ақпарат маңыздылық, құқықтық талаптар, ықпалдарды сезгіштік және сыншылдық секілді көрсеткіштер бойынша ұйым үшін классификацияланды ма?				
А.7.2.2 Ұйымда қабылданған классификация жүйесіне сәйкес ақпаратпен жұмыс істеу және таңбалау үшін процедуралардың тиісті жинағы әзірленді ме және жүзеге асырылды ма?				
А.8 Персоналмен байланысты қауіпсіздік аспектілері				
А.8.1 Жұмысқа қабылдағанға дейін ***Ұйым:***				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
Тараптық ұйымдардың қызметкерлері, мердігерлері және пайдаланушылары өз жауапкершілігін түсінетіндігін және оларға арналған рольдер үшін сәйкес келетіндігін, сонымен қатар жабдықтың ұрлануы, алаяқтық немесе дұрыс пайдаланбау қаупін төмендетуді кепілдендіруге тиісті.				
А.8.1.1 Тараптық ұйымдар қызметкерлерінің, мердігерлерінің және пайдаланушыларының жауапкершілігі және қауіпсіздігі рольдерін ұйымның ақпараттық қауіпсіздігі саясатына сәйкес анықталуы және құжатталуы жүргізіледі ме?				
А.8.1.2 Бос жұмыс орындарына үміткерлердің, тараптық ұйымдар мердігерлерінің және пайдаланушыларының барлығының персоналды деректері сәйкес заңдарға, нормативтік құжаттарға және этикалық нормаларға сәйкес, сонымен қатар жол ашылатын ақпарат категорияларын, бизнес-талаптарды ескере отырып және зерделенетін тәуекелдерге сәйкес тексеру орындалады ма?				
А.8.1.3 Тараптық ұйымдар қызметкерлерінің, мердігерлерінің және пайдаланушыларының келісім-шарттық міндеттемелеріне жалдау туралы келісім-шартының ережелерін және шарттарын қабылдау және қол қою міндеттемесі кіре ме? Және осы келісім-шартта ақпараттық қауіпсіздік үшін олардың жауапкершілігі және ұйымның жауапкершілігі белгіленеді ме?				
А.8.2 Жалдау кезінде ***Ұйым:***				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
Тараптық ұйымдардың қызметкерлері, мердігерлері және пайдаланушылары ақпараттық қауіпсіздік қатерлері және оның мәні туралы, өз жауапкершілігі және міндеттемелері туралы хабардар етілуі, өзінің әдеттегі жұмыс процесінде ұйым қауіпсіздігі саясатын қолдауға, сонымен қатар субъективті қателіктер тәуекелін төмендетуге қабілеттілігін кепілденділуі тиіс.				
А.8.2.1 Тараптық ұйымдардың қызметкерлері, мердігерлері және пайдаланушылары ақпараттық қауіпсіздік ережелерін ұйымда белгіленген саясаттарға және процедураларға сәйкес қолдануын басшылық талап етеді ме?				
А.8.2.2 Ұйымның барлық қызметкерлері және қажет болғанда, тараптық ұйымдардың мердігерлері және пайдаланушылары өз жұмыс қызметтерін орындау үшін қажетті көлемде ұйым саясатының және процедураларының жаңартылуы жөнінде тиісті ақпаратты және хабардар ететін оқытуды ала ма?				
А.8.2.3 Қауіпсіздікті бұзған қызметкерлер үшін формальды тәртіптік процесс анықталды ма?				
А.8.3 Жұмыстан босату немесе жалдау шарттарының өзгеруі ***Ұйым:***				
Тараптық ұйымдардың қызметкерлері, мердігерлері және пайдаланушылары белгіленген тәртіпте ұйымнан кететіндігін немесе жалдау шарттарын өзгертетіндігін кепілдендіруі тиіс.				
А.8.3.1 Қызметкерлерді жұмыстан босату немесе жалдау шарттарын өзгерту процедураларын орындау үшін жауапкершілік анықталып және белгіленді ме?				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	ІШІНАРА (ішінара орындалады)	ЖОҚ (орындалмайды)	
А.8.3.2 Жұмыстан босатылғанда немесе келісім-шарттың (келісім) жарамдылық мерзімі аяқталысымен тараптық ұйымдардың барлық қызметкерлері, мердігерлері және пайдаланушылары билігінде болған барлық ұйым ресурстарын қайтаруға міндетті ме?				
А.8.3.3 Жұмыстан босатылу, келісім-шартты немесе келісімдерді тоқтату жағдайында тараптық ұйымдардың барлық қызметкерлерінің, мердігерлерінің және пайдаланушыларының ақпаратқа және ақпаратты өңдеу құралдарына қол жеткізу құқықтарының күші жойылады ма және көрсетілген қол жеткізу құқықтары жалдау шарттары өзгерген жағдайда өзгереді ме?				
А.9 Жеке қауіпсіздік және қызмет ету ортасының қауіпсіздігі				
А.9.1 Қорғалған салалар ***Ұйым:***				
Ұйымның территориясына, жабдыққа және ақпаратқа рұқсат етілмеген күштеп енудің алдын алуға тиісті.				
А.9.1.1 Ақпарат және ақпаратты өңдеу құралдары орналасқан облыстарды қорғау үшін қауіпсіздік периметрлері (карта бойынша кіру жүйесімен жабдықталған кіру, қабырғалар секілді кедергілер немесе кірушілерді арнайы персоналмен бақылау) пайдаланылады ма?				
А.9.1.2 Қорғалатын облыстар сәйкес өкілеттік алған персоналмен ғана енуді қамтамасыз етуге рұқсат беретін, орындарға енуді бақылаудың қажетті құралдарымен қорғалған ба?				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
А.9.1.3 Офистерді, бөлмелерді және жабдықтарды қорғау үшін жеке қауіпсіздік шаралары әзірленіп, енгізілді ме?				
А.9.1.4 Өрттен, су басудан, жер сілкінісінен, жарылыстан, азаматтық тәртіпсіздіктерден және табиғи және антропогенді катастрофалардың басқа формаларынан жеке қорғау шаралары әзірленіп, енгізілді ме?				
А.9.1.5 Жеке қорғау шаралары және қорғалған облыстардағы жұмыс бойынша нұсқаулар әзірленіп, енгізілді ме?				
А.9.1.6 Тиеу және түсіруге арналған алаңқайлар секілді еркін ену орындары және өкілеттенбеген тұлғалардың енуі мүмкін басқа орындарды бақылау жүзеге асырылады ма? Және көрсетілген орындар мүмкіндігінше рұқсат етілмеген енудің алдын алу мақсаттарында ақпаратты өңдеу құралдарынан оқшауландырады ма?				
А.9.2 Жабдықты қорғау ***Ұйым:***				
Ресурстардың жоғалуын, зақымдалуын, ұрлануын немесе атына кір келтірушілік, ұйым қызметіндегі іркілісті болдырмауы тиіс.				
А.9.2.1 Сыртқы ортаның әсерімен байланысты тәуекелдерді және нұқсандарды, сонымен қатар рұқсат етілмеген ену мүмкіндігін төмендету үшін жабдықты орналастыру немесе қорғау жүзеге асырылады ма?				
А.9.2.2 Жабдық электр қоректендіру жүйесіндегі іркілістерден және ұсталынатын инфрақұрылымдағы іркілістер себепті туындаған басқа				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	ІШІНАРА (ішінара орындалады)	ЖОҚ (орындалмайды)	
олқылықтардан қорғалған ба?				
А.9.2.3 Деректерді беру немесе ақпараттық сервистерді қолдау үшін пайдаланылатын кабельді электр қоректендіру және телекоммуникация жүйелері тыңдалудан немесе зақымдалудан қорғалған ба?				
А.9.2.4 Жабдықтың ұдайы қолжетімділігін және тұтастығын кепілдендіруге рұқсат беретін жабдықтың тиісті ілестірілуі қамтамасыз етіледі ме?				
А.9.2.5 Ұйым сыртында жабдыққа ұйымның аумағынан тыс жұмыстың әртүрлі тәуекелдерін ескеретін қауіпсіздік шаралары қолданылады ма?				
А.9.2.6 Ақпарат тасымалдаушыларынан тұратын жабдықтардың барлық бірліктері жоюдың алдында барлық деректердің және лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етудің олардан жойылғандығын немесе басқа ақпаратпен сенімді ауыстырылғандығын кепілдендіру үшін тексеріледі ме?				
А.9.2.7 Жабдықты, ақпаратты немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді ұйым шегінен шығаруға басшылықтың санкциясы талап етіледі ме?				
А.10 Коммуникацияларды және жұмыс істеуді басқару				
А.10.1 Операциялық процедуралар және жауапкершілік ***Ұйым:***				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
Ақпаратты өңдеу құралдарының түзетілген және қорғалған қызметін қамтамасыз етуге тиісті.				
А.10.1.1 Операциялық процедуралар құжатталған ба? Олардың ілестірілуі, сонымен қатар оларды қажет ететін барлық пайдаланушылар үшін қолжетімділігі қамтамасыз етілген бе?				
А.10.1.2 Ақпаратты өңдеу жүйелеріндегі және құралдарындағы өзгертулер бақылауға алынады ма?				
А.10.1.3 Ұйым ресурстарын рұқсат етілмеген немесе аңдаусыз түрлендіру немесе тиісті емес пайдалану мүмкіндігін төмендету үшін міндеттер және жауапкершілік аймақтары бөлінген бе?				
А.10.1.4 Рұқсат етілмеген ену тәуекелдерін немесе операция жүйесінің өзгерістерін төмендету үшін әзірлеу, тестілеу құралдары және өндірістік құралдар бөлінген бе?				
А.10.2 Тараптық ұйымдар сервистерінің берілуін басқару ***Ұйым:***				
Тараптық ұйыммен сервистерді жеткізу туралы келісімдерге сәйкес сервистерді беру және ақпараттық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін жүзеге асыруға және қолдауға тиісті.				
А.10.2.1 Тараптық ұйыммен сервистерді жеткізу туралы келісімге енгізілген қауіпсіздікті басқару құралдары, сервистерді және жеткізу деңгейлерін анықтау құралдары тараптық ұйыммен жүзеге асырылғандығын, қызмет ететіндігін және ілестірілетінін кепілдендіруге рұқсат беретін процедуралар әзірленді ме?				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
А.10.2.2 Тараптық ұйыммен берілетін сервистер, есептер және жазбалар тұрақты мониторингіге және талдауға ұшыратылады ма және аудиттер тұрақты түрде жүргізіледі ме?				
А.10.2.3 Ақпараттық қауіпсіздік саясаттарын, процедураларын және басқару құралдарын ілестіру және жетілдіруді қоса алғанда сервистерді берудегі өзгерістерді басқару іске асырылады ма және бұл жағдайда тартылған бизнес-жүйелердің және процестердің сыншылдығы, сонымен қатар тәуекелдерді қайта бағалау ескеріледі ме?				
А.10.3 Жүйелерді жоспарлау және оларды қабылдау ***Ұйым:***				
Жүйелердің жұмыс істемеу тәуекелін азайтуға тиісті.				
А.10.3.1 Ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және мониторингісі жүргізіледі ме? Жүйенің қажетті өндірімділігін қамтамасыз ету мақсатында болашақ қажеттіліктердің болжамдары құрылады ма?				
А.10.3.2 Жаңа ақпараттық жүйелерді қабылдау, модернизациялау және жаңа нұсқаларының критериялары белгіленген бе және оны әзірлеу кезінде, бірақ жүйені қабылдағанға дейін жүйенің тиісті тестілеуі орындалады ма?				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	ІШІНАРА (ішінара орындалады)	ЖОҚ (орындал майды)	
А.10.4 Зиянды және мобильді бағдарламалық кодтан қорғау ***Ұйым:***				
Бағдарламалық қамтамасыз етудің және ақпараттың тұтастығын қамтамасыз етуге тиісті.				
А.10.4.1 Зиянды бағдарламалық кодтан қорғауды қамтамасыз ететін айқындау, алдын алу және қалпына келтіру құралдары, сонымен қатар пайдаланушыларды хабардар етудің тиісті процедуралары жүзеге асырылған ба?				
А.10.4.2 Мобильді кодты пайдалану рұқсат етілген жерде пайдаланылатын конфигурация санкцияланған мобильді кодтың айқын берілген қауіпсіздік саясатына сәйкес жұмыс істейтіндігін, ал рұқсат етілмеген мобильді кодтың пайдалануына жол берілмейтіндігі кепілдендіреді ме?				
А.10.5 Резервті көшірме ***Ұйым:***				
Ақпараттың және ақпаратты өңдеу құралдарының тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз етуге тиісті.				
А.10.5.1 Ақпараттың және бағдарламалық қамтамасыз етудің резервті көшірмелерін тұрақты құру және тестілеу резервті көшірме саясатына сәйкес орындалады ма?				
А.10.6 Желілердің қауіпсіздігін басқару ***Ұйым:***				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
Желілердегі ақпаратты қорғауды және ұсталынатын инфрақұрылымды қорғауды қамтамасыз етуге тиісті.				
А.10.6.1 Қауіптерден қорғау мақсатында және жүйелердің және желі бойынша берілетін ақпаратты қоса қанда желіні пайдаланатын қосымшалардың қауіпсіздігін қолдау үшін желілерді тиісті басқару және бақылау жүзеге асырылады ма?				
А.10.6.2 Қауіпсіздік құралдарына, сервис деңгейлеріне қойылатын талаптарға және барлық желілік сервистер үшін басқару бойынша талаптар сәйкестендірілген ба және осы талаптар желілік сервистерге қатысты барлық келісімдерге, бұл желілердің ұйымның өз күшімен немесе сыртқы ұйымдармен (аутсорсинг) берілетіндігіне тәуелсіз, енгізілді ме?				
А.10.7 Ақпарат тасымалдаушыларын басқару және оларды қорғау ***Ұйым:***				
Ақпараттық ресурстардың зақымдалуын және ұйым жұмысының тоқтауын болдырмауға тиісті.				
А.10.7.1 Ақпаратты алынбалы тасымалдаушылармен басқару процедуралары белгіленді ме?				
А.10.7.2 Қажетсіз ақпарат тасымалдаушылары формалды процедураларды қадағалай отырып, қауіпсіз және сенімді тәсілмен жойылады ма?				
А.10.7.3 Рұқсат етілмеген ашудан немесе тиісті емес пайдаланудан ақпаратты қорғау үшін арналған ақпаратты сақтау және ақпаратпен				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	ІШІНАРА (ішінара орындалады)	ЖОҚ (орындал майды)	
жұмыс істеу процедуралары белгіленген бе?				
А.10.7.4 Жүйелік құжаттаманы рұқсат етілмеген енуден қорғау жүзеге асырылады ма?				
А.10.8 Ақпарат алмасу ***Ұйым:***				
Ұйым ішінде және кез келген сыртқы нысандармен ақпарат алмасу нысанасы болып табылатын бағдарламалық қамтамасыз ету және ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету.				
А.10.8.1 Барлық типтегі коммуникация құралдарын пайдаланумен ақпарат алмасуды қорғау үшін арналған алмасу процедуралары және формалды саясаттар, сонымен қатар алмасуды басқару құралдары орнатылған ба?				
А.10.8.2 Ұйым және сыртқы ұйымдар арасында ақпарат және бағдарламалық қамтамасыз етумен алмасу туралы келісімдер жасалған ба?				
А10.8.3 Ұйым территориясының шегінде тасымалдау кезінде ақпараттан тұратын тасымалдаушылар рұқсат етілмеген енуден, тиісті емес пайдаланудан немесе зақымдалудан қорғалады ма?				
А.10.8.4 Электронды хабарламалармен жүйелерде айналатын ақпарат тиісті түрде қорғалады ма?				
А.10.8.5 Бизнестің ақпараттық жүйелерін біріктірумен байланысты ақпаратты қорғау үшін саясаттар және процедуралар әзірленіп, жүзеге асырылады ма?				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындал майды)**	
А.10.9 Электронды коммерция сервистері ***Ұйым:***				
Электронды коммерция сервистерінің қауіпсіздігін, сонымен қатар оларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге тиісті.				
А.10.9.1 Электронды коммерцияда пайдаланылатын және ортақ қолжетімді желілер арқылы өтетін ақпарат алаяқтық әрекеттерден, келісім-шарт бойынша даулардан, рұқсат етілмеген дабыралаудан және түрлендіруден қорғалады ма?				
А.10.9.2 Толық емес берілуді, қате бағдарлауды, хабарламалардың рұқсат етілмеген айырбасын, рұқсат етілмеген дабыралауды, хабарламалардың рұқсат етілмеген көшірмесін немесе жаңғыртылуын болдырмау мақсатында онлайн операцияларында (нақты уақытта орындалатын) пайдаланылатын ақпаратты қорғау іске асырылады ма?				
А.10.9.3 Ортақ қолжетімді жүйелерде айналатын ақпараттың тұтастығы рұқсат етілмеген түрлендіруден қорғалады ма?				
А.10.10 Мониторинг ***Ұйым:***				
Ақпаратты өңдеу бойынша рұқсат етілмеген әрекетті ашуға тиісті.				
А.10.10.1 Пайдаланушылардың әрекетін, ақпараттық қауіпсіздіктің ерекше жағдайларын және оқиғаларын тіркейтін журналдарды осы журналдарды болашақ зерттеулер және қолжетімділікті басқару мониторингісі кезінде пайдалану мақсатында жүргізу және				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	ІШІНАРА (ішінара орындалады)	ЖОҚ (орындал майды)	
белгіленген кезең бойы сақтау іске асырылады ма?				
А.10.10.2 Ақпаратты өңдеу құралдарын пайдалану мониторингісінің процедуралары белгіленген бе және мониторинг нәтижелерін тұрақты талдау жүргізіледі ме?				
А.10.10.3 Журналдарды жүргізу құралдары және журналдардың ақпараты құпия ықпалдардан және рұқсат етілмеген енулерден қорғалады ма?				
А.10.10.4 Жүйелік әкімгерінің және жүйе операторының әрекеттері сәйкес журналдарда тіркеледі ме?				
А.10.10.5 Журналда іркілістерді тіркеу іске асырылады ма, олардың талдауы жүргізіледі ме және сәйкес шаралар қабылданады ма?				
А.10.10.6 Ұйым аясында немесе дәл уақыттың белгіленген көзі бойынша қауіпсіздік доменінде ақпаратты өңдеудің барлық маңызды жүйелерінің сағаты синхрондалады ма?				
А.11 Қатынауды басқару				
А.11.1 Қатынауды басқаруға қойылатын бизнес-талаптар ***Ұйым:***				
Ақпаратқа қатынауды басқаруы тиісті.				
А.11.1.1 Бизнес және қауіпсіздік тарапынан қатынауға қойылатын талаптарға негізделген қатынауды басқару саясаты белгіленіп,				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
құжатталған ба және осы саясатты тұрақты қайта қарау іске асырылады ма?				
А.11.2 Пайдаланушылардың қол жеткізуін басқару ***Ұйым:***				
Пайдаланушылардың санкцияланған қатынауын қамтамасыз ету және ақпараттық жүйелерге рұқсат етілмеген қатынаудың алдын алу.				
А.11.2.1 Барлық ақпараттық жүйелерге және сервистерге қолжетімділікті беру және күшін жою үшін пайдаланушыларды тіркеу және тіркеуден бас тартудың формальды процедурасы белгіленген бе?				
А.11.2.2 Өкілеттіктерді беру және пайдалану шектелген және бақыланатын болып табылады ма?				
А.11.2.3 Парольдерді тағайындау формальды басқару процесі арқылы бақыланады ма?				
А.11.2.4 Тұрақты уақыт интервалдары сайын басшылық формальды процесті пайдалана отырып, пайдаланушылардың қолжеткізу құқығын қайта қарастырады ма?				
А.11.3 Пайдаланушылардың жауапкершілігі ***Ұйым:***				
Пайдаланушылардың рұқсат етілмеген қатынауын, сонымен қатар ақпаратты және ақпаратты өңдеу құралдарының ұрлануын немесе беделіне нұқсан келуін болдырмауға тиісті.				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
А.11.3.1 Пайдаланушылар парольдерді таңдау және пайдалану кезінде тәжірибеде өзінің тиімділігін дәлелдеген қауіпсіздік принциптерін ұстануға міндетті ме?				
А.11.3.2 Пайдаланушылар қараусыз қалдырылған жабдықтың тиісті қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті ме?				
А.11.3.3 Ақпараттың алынбалы тасымалдаушылары және қағаз үшін «таза стол» саясаты және ақпаратты өңдеу құралдары үшін «таза экран» саясаты қабылданды ма?				
А.11.4 Желіге қатынауды басқару ***Ұйым:***				
Желілік сервистерге рұқсат етілмеген қатынаудың алдын алуы тиіс.				
А.11.4.1 Пайдалануға айқын түрде рұқсат етілген сервистерге ғана қатынау пайдаланушыларға беріледі ме?				
А.11.4.2 Қашықтан пайдаланушылардың қатынауын бақылау үшін сәйкестендірудің тиісті әдістері пайдаланылады ма?				
А.11.4.3 Нақты тораптармен және жабдықпен орнатылған қосылыстардың сәйкестендіру құралдары ретінде жабдықтың автоматты сәйкестендіру ескерілді ме?				
А.11.4.4 Диагностикалық және конфигурациялық порттарға физикалық және логикалық қатынау бақыланады ма?				
А.11.4.5 Ақпараттық сервистердің, пайдаланушылардың және				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	ІШІНАРА (ішінара орындалады)	ЖОҚ (орындалмайды)	
ақпараттық жүйелердің топтарын бөлуге (оқшаулandыруға) рұқсат беретін басқару құралдары желілерде орнатылған ба?				
А.11.4.6 Ұжыммен пайдаланылатын желілер үшін (әсіресе ұйым шегінен шығатындар үшін) желіге қосылу бойынша пайдаланушылар мүмкіндіктері шектеледі ме және осы шектеулерді қолдану қатынауды басқару саясатына және бизнес-қосымшалардың талаптарына сәйкес келеді ме (А.11.1 қараңыз)?				
А.11.4.7 Компьютерлік жүйелерді қосулар және ақпараттық ағындар бизнес-қосымшалар үшін қатынауды басқару саясатын бұзбайтындығын кепілдендіруге рұқсат беретін маршруттауды басқару құралдары желілерде жүзеге асырылды ма?				
А.11.5 Операциялық жүйеге қатынауды бақылау ***Ұйым:***				
Операциялық жүйелерге рұқсат етілмеген қатынауды болдырмауға тиісті.				
А.11.5.1 Жүйеге енудің қауіпсіз процедуралары көмегімен операциялық жүйелерге қатынау бақыланады ма?				
А.11.5.2 Барлық пайдаланушыларға жеке пайдалану үшін бірегей идентификатор (пайдаланушы ИД) беріледі ме және пайдаланушының мәлімделген тұлғасын растауға рұқсат беретін аутентификацияның қолайлы әдісі таңдап алынды ма?				
А.11.5.3 Басқару жүйелері интерактивті парольдер болып табылады ма және бұл жүйелер сапалы парольдерді қамтамасыз етеді ме?				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
А.11.5.4 Қосымшаларды басқару құралдарын және жүйені өзгертуге болатын жүйелік бағдарламаларды-утилиттерді пайдалану шектелген және қатаң бақыланатын болып табылады ма?				
А.11.5.5 Әрекетсіздіктің берілген уақыты өтісімен белсендірілмеген сеанстарын жабуға рұқсат беретін басқару құралдары пайдаланылады ма?				
А.11.5.6 Жоғары тәуекелді қосымшаларды қосымша қорғауды қамтамасыз ету үшін қосу уақыты бойынша шектеулер пайдаланылады ма?				
А.11.6 Қосымшаларға және олардың ақпаратына қатынауды басқару ***Ұйым:***				
Қолданбалы жүйелерде сақталынатын ақпаратқа рұқсат етілмеген қатынаудың алдын алуға тиісті.				
А.11.6.1 Қатынауды басқарудың берілген саясатына сәйкес қолданбалы жүйелердің қызметтеріне және ақпаратқа пайдаланушылардың және қызмет көрсетуші персоналдың қатынауы шектеле ме?				
А.11.6.2 Сындарлы жүйелердің қызметі үшін бөлінген (оқшауланған) есептеуіш орта қамтамасыз етіледі ме?				
А.11.7 Мобильдік есептеу және қашықтықтан жұмыс істеу. ***Ұйым:***				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
Мобильді есептеулер және қашықтықтан жұмыс істеу құралдарын пайдалану кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиісті.				
А.11.7.1 Мобильді есептеулер және коммуникация құралдарын пайдаланумен байланысты тәуекелдерден қорғауды қамтамасыз етуге рұқсат беретін қауіпсіздіктің тиісті шаралары қабылданды ма және формальды саясат өмір сүреді ме?				
А.11.7.2 Қашықтықтан жұмыс істеу үшін саясат, оперативті жоспарлар және процедуралар әзірленіп, жүзеге асырылды ма?				
А.12 Ақпараттық жүйелерді иелікке алу, әзірлеу және ілестіру				
А.12.1 Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар ***Ұйым:***				
Қауіпсіздік ақпараттық жүйелердің құрамдас бөлігі болып табылатындығын кепілдендіруі тиіс.				
А.12.1.1 Бизнес-талаптардың тұжырымдалуы қауіпсіздікті басқару құралдарына қойылатын талаптардың өмір сүретін ақпараттық жүйелерін модернизациялауға немесе жаңа ақпараттық жүйелерге орнатылады ма?				
А.12.2 Қосымшалардағы түзетуші өңдеу ***Ұйым:***				
Қосымшалардағы ақпараттың қателерін, жоғалуын, рұқсат етілмеген түрлендіру сын немесе тиісті түрде пайдаланылмауын болдырмауға тиісті.				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	ІШІНАРА (ішінара орындалады)	ЖОҚ (орындалмайды)	
А.12.2.1 Деректердің түзетуші және дұрыс болып табылатындығын кепілдендіру үшін қосымшалардың кіру деректерінің сенімділігін тексеру жүргізіледі ме?				
А.12.2.2 Өңдеу қателерінен немесе қасақана әрекеттерден ақпараттың кез келген зақымдалуын айқындауға рұқсат беретін сенімділікті тексеру қосымшада белгіленген бе?				
А.12.2.3 Қосымшалардағы хабарламалардың тұтастығын қорғауға және аутенттілігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар сәйкестендірілді ме және басқарудың сәйкес құралдары сәйкестендіріліп, жүзеге асырылды ма?				
А.12.2.4 Сақталынатын ақпаратты өңдеудің түзу екендігін және ағымдағы жағдайларға сәйкес келетіндігін кепілдендіру үшін қосымшалардың шығыстық деректерінің сенімділігін тексеру орындалады ма?				
А.12.3 Криптографиялық басқару құралдары ***Ұйым:***				
Ақпараттың құпиялылығын, аутенттілігін және тұтастығын криптографиялық құралдармен қамтамасыз ету.				
А.12.3.1 Ақпаратты қорғау үшін криптографиялық басқару құралдарын пайдалану саясаты әзірленді ме және пайдаланылады ма?				
А.12.3.2 Ұйымда криптографиялық әдістерді пайдалануды қолдауға рұқсат беретін кілттерді басқару жүзеге асырылды ма?				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындал майды)**	
А.12.4 Жүйелік файлдардың қауіпсіздігі ***Ұйым:***				
Жүйелік файлдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиісті.				
А.12.4.1 Қолданыстағы жүйелерде бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатуды бақылау процедуралары әзірленді ме?				
А.12.4.2 Тестілік деректерді мұқият таңдау, оларды қорғау және бақылау жүзеге асырылады ма?				
А.12.4.3 Бағдарламалардың бастапқы кодына қатынау шектеледі ме?				
А.12.5 Әзірлеу және техникалық қызмет көрсету процестерінің қауіпсіздігі ***Ұйым:***				
Қолданбалы жүйелердің ақпаратын және бағдарламамен қамтамасыз ету қауіпсіздігін қолдауы тиіс.				
А.12.5.1 Өзгерістерді жүзеге асыруды бақылау үшін өзгерістерді басқарудың формальды процедуралары пайдаланылады ма?				
А.12.5.2 Қолданыстағы жүйелердің өзгеруі кезінде ұйымның қызметіне және қауіпсіздігіне жағымсыз ықпалдың жоқтығын кепілдендіру үшін бизнес үшін сыни қосымшаларды талдау және тестілеу жүргізіледі ме?				
А.12.5.3 Бағдарламамен қамтамасыз ету пакеттерін түрлендіру шектеледі ме, тек қажетті өзгертулер жүргізіледі ме және барлық өзгертулерді қатаң бақылау жүзеге асырылады ма?				
А.12.5.4 Ақпараттың жылыстауы мүмкіндіктерінің алды алынады ма?				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
А.12.5.5 Ұйым тараптық ұйымдармен бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлемелерін бақылау және қадағалауды жүзеге асырады ма? (аутсорсинг)?				
А.12.6 Техникалық осалдықтарды басқару ***Ұйым:***				
Техникалық осалдықтар туралы жарияланған деректерді пайдаланудан туындаған тәуекелдерді азайтуы тиіс.				
А.12.6.1 Пайдалынатын ақпараттық жүйелердің техникалық осалдықтары туралы ақпаратты ұйым дер кезінде ала ма, осы осалдықтар алдында ұйымның қорғалмауы бағаланады ма, және осындай осалдықтармен байланысты тәуекелдерді жою үшін адекватты шаралар қабылданады ма?				
А.13 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын басқару				
А.13.1 Ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары және қорғау әлсіздіктері жөнінде есептер құру ***Ұйым:***				
Ақпараттық жүйелермен байланысты қорғаудың әлсіздіктері және ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары жөнінде бұл өз мезгілінде түзетуші шараларды қабылдауға рұқсат беретін түрде хабарланатындығын кепілдендіруі тиіс. .				
А.13.1.1 Тиісті басқару арналары бойынша ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы хабарлау мүмкіндігінше жылдам жүзеге асырылады ма?				
А.13.1.2 Ақпараттық жүйелерді және сервистерді пайдаланатын тараптық ұйымдардың барлық қызметкерлері, мердігерлері және				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	ІШІНАРА (ішінара орындалады)	ЖОҚ (орындал майды)	
пайдаланушылары барлық бақыланған немесе болжанған жүйелерді немесе сервистерді қорғау әлсіздіктері туралы хабарлауға және белгілеуге міндетті ме?				
А.13.2 Ақпараттық қауіпсіздіктерді жетілдіруді және оқыс оқиғаларды басқару ***Ұйым:***				
Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын басқаруға қайшы келмейтін және тиімді тәсілін қолданылатындығын кепілдендіруі тиіс.				
А.13.2.1 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына жылдам, тиімді және дұрыс әрекет етуді қамтамасыз ететін процедуралар және басшылық жауапкершілігі белгіленді ме?				
А.13.2.2 Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларының типтерін, көлемдерін және құнын өлшеуге және қадағалауға рұқсат беретін механизмдер жүзеге асырылды ма?				
А.13.2.3 Егер ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары нәтижесінде тұлғаға немесе ұйымға қатысты қабылдау шамаланатын әрекеттер құқықтық әрекеттерді (азаматтық, сондай-ақ қылмыстық кодекс бойынша) қамтитын болса, онда сәйкес құқық қорғау органында (органдарында) белгіленген дәлелдер ережелеріне сәйкес дәлелдерді жинау, сақтау және беру жүзеге асырылады ма?				
А.14 Бизнестің үздіксіздігін басқару				
А.14.1 Бизнестің үздіксіздігін басқарудағы ақпараттық қауіпсіздік аспектілері				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
***Ұйым*:**				
Бизнес-қызметтегі іркілістерге қарсы әрекет етуге және сындарлы бизнес-процестерді ақпараттық жүйелердің ірі апаттарының немесе катастрофалардың салдарынан қорғауды қамтамасыз етуге, сонымен қатар жұмыстың дер кезінде қалпына келтірілуін қамтамасыз етуге тиісті.				
А.14.1.1Аталмыш ұйым бизнесінің үздіксіздігі үшін қажетті ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескеретін ұйым шеңберінде бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз етудің басқарылатын процесі әзірленді ме және қолдау көрсетіле ме?				
А.14.1.2 Бизнес-процесстер тоқтатылуы мүмкін барлық оқиғалар сәйкестендірілді ме және осындай тоқтаулардың ықтималдығы және ықпалы және ақпараттық қауіпсіздікке әсері анықталды ма?				
А.14.1.3 Операцияларды қолдауға немесе қалпына келтіруге, сонымен қатар сындарлы бизнес-процестердің тоқтауынан немесе іркілісінен кейін талап етілетін деңгейде және талап етілетін уақытта ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге рұқсат беретін жоспарлар әзірленіп, жүзеге асырылды ма?				
А.14.1.4 Барлық жоспарлардың қарама-қайшылықсыздығын, ақпараттық қауіпсіздік талаптарының тұрақты есебін және тестілеу және ілестіру үшін басымдылықтарды анықтауды кепілдендіруге рұқсат беретін, бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларының бірегей құрылымына қолдау көрсетіледі ме?				
А.14.1.5 Бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын,				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
олардың өзектілігін және тиімділігін кепілдендіру үшін тұрақты тексеру және жаңғырту жүргізіледі ме?				
А.15 Формальды талаптарға сәйкестік				
А.15.1 Құқықтық талаптарға сәйкестік ***Ұйым:***				
Міндеттемелер, регулятивті немесе шарттық міндеттемелер заңына негізделген заңдардың, сонымен қатар барлық қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан сақтауы тиіс.				
А.15.1.1 Әрбір ақпараттық жүйе және ұйым үшін барлық заң талаптары, регулятивті және шарттық талаптар, сонымен қатар осы талаптарды қанағаттандыру үшін пайдаланылатын ұйым әдістемесі айқын анықталып, құжатталды ма және өзекті күйде ұсталынады ма?				
А.15.1.2 Зияткерлік меншік құқықтары тарайтын материалдарды пайдалану бойынша, сонымен қатар патенттелген бағдарламалық өнімдерді пайдалану бойынша құқықтық, регулятивтік және шарттық талаптарға сәйкестікті кепілдендіретін тиісті процедуралар жүзеге асырылды ма?				
А.15.1.3 Маңызды жазбаларды заң талаптарына, регулятивтік және шарттық талаптарға, сонымен қатар бизнес-талаптарға сәйкес жоғалудан, жойылудан және қолдан жасаудан қорғау жүзеге асырылады ма?				
А.15.1.4 Деректердің қорғалуын және құпиялылығын сәйкес заңнама талаптарына, регулятивтік ережелерге және қолданған жағдайда				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	**ІШІНАРА (ішінара орындалады)**	**ЖОҚ (орындалмайды)**	
шарттардың ережелеріне сәйкес қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ететін басқару құралдары қолданылады ма?				
А.15.1.5 Ақпаратты өңдеу құралдарын рұқсат етілмеген мақсаттар үшін қолданудан пайдаланушыларды тоқтатын шаралар қабылданады ма?				
А.15.1.6 Криптографиялық басқару құралдарын пайдалану барлық релевантты келісімдерге, заңдарға және регулятивті ережелерге сәйкес келеді ме?				
А.15.2 Стандарттарға және қауіпсіздік саясаттарына сәйкестік, техникалық сәйкестік ***Ұйым:***				
Ұйымда қабылданған жүйелердің қауіпсіздік стандарттарына және саясаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуге тиісті.				
А.15.2.1 Менеджерлер өздерінің жауапкершілігі шегінде қауіпсіздік стандарттарына және саясаттарына сәйкестікті кепілдендіру үшін барлық қауіпсіздік процедураларының түзу орындалуын қамтамасыз етуге арналған шаралар қабылдай ма?				
А.15.2.2Қауіпсіздікті қамтамасыз ету стандарттарына сәйкестікке ақпараттық жүйелердің тұрақты тексерілуі орындалады ма?				
А.15.3 Ақпараттық жүйелердің аудитін талдау ***Ұйым:***				
Бір жақтан аудит процесінің ақпараттық жүйелерге, екінші жағынан – аудит процесіне ақпараттық жүйелердің әсерін төмендетуі және аудит процесінің тиімділігін арттыруы тиіс.				

Тексерілетін стандарт талабы	Стандарт талабының орындалуын бағалау			Стандарт талабын орындау бойынша нұсқаулар
	ИӘ (толығымен орындалады)	ІШІНАРА (ішінара орындалады)	ЖОҚ (орындал майды)	
А.15.3.1 Бизнес-процестерде іркіліс тәуекелін азайту үшін өндірістік жүйелерді тексеруді қамтитын қызмет және аудит талаптарын мұқият жоспарлау және сәйкестендіру орындалады ма?				
А.15.3.2 Кез келген мүмкін болатын тиісті емес пайдалануды немесе беделіне нұқсан келтіруді болдырмау мақсатында ақпараттық жүйелер аудитының құралдарына қатынауды қорғау іске асырылады ма?				

6 *ҚР СТ ИСО/МЭК 27001* стандартымен қарастырылған басқару құралдарының және мақсаттарының аудиті

6.1 Қауіпсіздік саясаты

6.1.1 Ақпараттық қауіпсіздік саясаты

Мақсат: мақсатты тұжырымдау және ұйым басшылығымен ақпараттық қауіпсіздікті қолдауды қамтамасыз ету.

6.1.1.1 Ақпараттық саясат туралы құжат

Қауіпсіздік саясаты туралы жазбаша құжат ұйым басшылығымен бекітілуі, жариялануы және барлық қызметкерлердің назарына жеткізілуі тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық

Аталмыш саясат артық нақтылыққа берілмеуі тиіс, бірақ онда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басшылықтың ұмтылысы айқын белгіленуі тиіс, ол бойынша өзгерістердің есебі жүргізілуі тиіс, ал құжатта жауапты басшы тұлғаның қолы болуы тиіс. Саясат ең аз дегенде келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

– Ақпараттық қауіпсіздікті анықтау,

– Ақпараттық қауіпсіздік ұйым үшін маңызды болып табылатын себептер; ақпараттық қауіпсіздіктің қағидаттары мен мақсаттары,

– Қауіпсіздік саясаттары, стандарттары және сәйкестік бойынша талаптар туралы қысқа мәліметтер,

– Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша барлық релевантты міндеттерді анықтау.

– Сәйкес қосымша құжаттарға сілтемелер.

Аудитор саясатқа кез келген қызметкердің жеңіл қол жеткізе алатындығына, барлық қызметкерлер оның барлығы жөнінде хабардар болуына және оның мағынасын түсінетіндігіне көз жеткізуі керек. Саясат жеке құжат болып табылады не ақпараттық қауіпсіздік саясаты ұйымға қандай түрде енгізілетіндігін анықтайтын неғұрлым толық құжаттама пакетінің құрамына кіруі мүмкін (мысалы, қауіпсіздік саясаты бойынша Нұсқаулық). Қызметкерлердің барлығы болмаса да, көбіне АҚБЖ қолдану аясына жатқызылмайтын көпшілігі ақпараттық қауіпсіздік саласында белгілі бір міндеттемелерге ие болады, аудиторлар осы деректі жоққа шығаратын кез келген мәлімдемеге абайлап қарауы тиіс.

Оның үстіне, аудитор саясат үшін оны қолдауға жауапты тұлға анықталғандығына, ал саясаттың өзі тәуекелдердің бағалануы жүргізілген мәселелерді қозғайтын кез келген өзгерістерге сәйкес жаңғыртылып отыратындығына көз жеткізуі тиіс.

6.1.1.2 Қайта қарау және талдау

Саясат тұрақты, ал елеулі өзгертулер жағдайында оның адекваттығын сақтау мақсатында қайта қаралуы және талдануы тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Аталмыш басқару құралы ақпараттық қауіпсіздік саясатының өзектілігін және тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет. Бұл саясат АҚБЖ құру және қолдау кезінде маңызды роль ойнайды. Аудиторлар ұйымда кез келген оқыс оқиғаларға, жаңа осалдықтарға және қауіпсіздік қатерлеріне, техникалық өзгерістерге және АҚБЖ-ға қатысы бар қалғандардың барлығына әрекет ету процедуралары әзірленгендігіне көз жеткізуі қажет және саясатты қайта бағалауды талап ете алады. Оның үстіне, ұйымда саясаттың өзекті екендігіне, ал оны енгізу ұсынылатын қорғау деңгейіне қатысты экономикалық тұрғыдан ақталғандығына көз жеткізу үшін саясатты кезеңді түрде қайта қарау жоспарлануы тиіс. Аудитор саясатты қайта қарау графигі тәуекелдер бойынша жалпы жағдайға сәйкес келетіндігіне көз жеткізуі қажет. Аудиторлар сонымен қатар саясаттың жаңартылған нұсқаларын тарату бойынша ұйым жоспарларын тексеруі және барлық қызметкерлерге енгізілген өзгертулер туралы ақпарат жеткізілгендігіне көз жеткізуі тиіс.

6.2 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету

6.2.1 Ақпараттық қауіпсіздіктің инфрақұрылымы

Мақсат: Ұйымдағы ақпараттық қауіпсіздікті басқару.

Ақпараттық қауіпсіздік саясатын бекітуді, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндеттерді бөлуді және ұйым шегінде қауіпсіздікті енгізуді үйлестіру үшін жоғарғы басшылықпен сәйкес мәслихаттар өткізілуі тиіс. Қажет болса, мамандардан ақпараттық қауіпсіздік бойынша кеңестер және мәліметтер алу тәсілдерін ескеруі және ұйым шегінде осындай ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуі керек. Аталмыш салада ағымдық үрдістерді, стандарттарды және бағалау әдістерін қадағалау үшін қауіпсіздік бойынша сыртқы мамандармен қатынастарды, сонымен қатар қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларымен жұмыс істеу кезінде осындай мамандармен тиісті байланысу тәсілдерін өңдеуді жолға қою және ұстану керек. Ақпараттық қауіпсіздікке дисциплина аралық әдістемені ынталандыру қажет, мысалы, сақтандыру және тәуекелдерді басқару секілді салаларда қауіпсіздік бойынша мамандардың, аудиторлардың, қосымшаларды әзірлеушілердің, әкімгерлердің, пайдаланушылардың және менеджерлердің ынтымақтастығы.

6.2.1.1 Ақпаратты қорғау проблемалары бойынша басшылық мәслихаты және ақпаратты қорғау бойынша әрекеттерді үйлестіру

Ұйым басшылығы нақты нұсқауларды әзірлеу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бастамаларды әкімшілік қолдауды қамтамасыз ету

үшін мәслихаттарды тұрақты өткізуі тиіс. Басшылық мәслихаттары қажетті қатысу және ресурстарды жеткілікті бөлу арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге атсалысуы тиіс.

Ірі ұйымдарда ақпараттық қауіпсіздікті басқару құралдарын жүзеге асыру бойынша әрекеттерді үйлестіру мақсатында әртүрлі бөлімшелер басшыларының қатысуымен маслихаттар өткізілуі тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Бұл тетік қауіпсіздік саласындағы ұйым қажеттіліктерін сәйкестендіру, сонымен қатар олардың балама қанағаттандырылуын және кезеңдік қайта қарауын қамтамасыз ету үшін қажетті. Бұл топтың АҚБЖ құру және қолдау үшін жауапты болатындығы болжанады. Мәслихат қатысушылары сәйкес өкілеттіктерге ие болуы тиіс, сондықтан аудиторлар оның ақпараттық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның басшылығымен немесе ең аз дегенде қатысуымен өткізілуіне көз жеткізуі тиіс. Отырыс хаттамасы формальды түрде белгіленуі тиіс; жүргізілуі жөнінде шешім қабылданған кез келген әрекеттер айқын анықталған процедуралар көмегімен қадағалануы тиіс. Мәслихатты өткізуге прагматикалық әдістеме қажет; шағын ұйымдар үшін ақпараттық қауіпсіздік бойынша мәслихаттарды өткізуді басқа шаралармен үйлестіру мақсатқа сай болуы мүмкін, алайда бұл жағдайда ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін балама айқындауды қамтамасыз ету және хаттамада қауіпсіздікке қатысты проблемалардың анық белгіленгендігін қадағалау қажет.

Ірі ұйымдар, сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздікке қоятын талаптары жоғары ұйымдар қауіпсіздік мәселелерін талқылауға жеке мәслихат арнауы тиіс. Аудитор бұл мәслихаттардың, сонымен қатар қауіпсіздік саясатын қайта қарау секілді басқа шаралардың жеткілікті мерзімділікпен өткізілетініне көз жеткізуі қажет. Мәслихат қатысушыларының саны және құрамы нақты ұйымның талаптарымен анықталады. Мысалы, шағын ұйымда, мәслихатқа тек атқарушы директор және ақпараттық қауіпсіздікке жауапты тұлға қатысуы мүмкін, ал ірі концерндер үшін әрбір бөлімше өкілдерінің, қауіпсіздік бойынша қызметкерлердің және жоғарғы басшылықтың қатысуымен кеңейтілген мәслихат форматы қисынды. Аудитор нақты ұйымның қажеттіліктерінен және АҚБЖ мәлімделген масштабынан шығара келе әрбір жағдайды бағалауы тиіс. Технологияның заманауи даму қарқындарын, ақпаратты өңдеу құралдарын пайдаланатын ұйымдарды ескере отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша процедураларды ең аз дегенде алты айда бір рет қайта қарау қажет.

6.2.1.2 Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндеттерді бөлу

Жеке ресурстарды қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты процестерінің орындалуы бойынша міндеттер анық анықталуы тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Аудиторлар барлық деңгейлердегі міндеттердің анық анықталғандығына көз жеткізуі қажет. Міндеттер туралы хабардар болушылық және персоналдың жауапкершілікті қабылдауы сәйкес куәліктермен расталуы тиіс. Жауапкершілікті және есептіліктің құрамын неғұрлым жоғары деңгейде анықтау үшін әдетте қауіпсіздік саясаты және/немесе тәуекелдерді өңдеу жоспары пайдаланылады, алайда ақпараттық қауіпсіздік үшін жауапкершіліктің нақты аспектілері нақты жағдайға байланысты көбіне лауазымдық міндеттерді сипаттауға енгізіледі, не басқа форматта көрсетіледі. Әрбір ресурс бойынша оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғаны анықтау мүмкіндігі болуы қажет. Аудиторлар ұйымда тұтас алғанда ақпараттық қауіпсіздік үшін жауапты тұлға тағайындалуына (мысалы, ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі жетекші), ал барлық жауапты қызметкерлер ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өз міндеттері жөнінде хабардар болғандығына көз жеткізуі керек. Аудиторлар сонымен қатар барлық сәйкес құжаттаманың ағымдағы сәтте өзекті болып табылатындығын және оны жаңғырту тиісті түрде бақыланатындығын тексеруі тиіс.

6.2.1.3 Ақпараттық жүйелерді бекіту процесі

Жаңа ақпараттық жүйелерді басшылықпен бекіту процедурасы анықталуы тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Қауіпсіздікті басқару құралдарының тұтастығын қадағалау өте маңызды. Соған сәйкес, ақпараттық жүйелерді іріктеудің кеңеюі не өзгеруі басшылық тарапынан тиісті түрде бақылануы тиіс. Бекіту және рұқсат алу процедуралары анық тұжырымдалуы және жүзеге асырылуы, сонымен қатар сәйкес құжаттамамен расталуы тиіс. Аудиторлар жаңа бағдарламалық құралдарды орнату, нұсқаларды жаңарту, баптауларды өзгерту, сонымен қатар қауіпсіздік инфрақұрылымын қозғайтын кез келген басқа процедуралар ұйым басшылығымен сәйкес деңгейде мақұлданғандығына, техникалық тұрғыдан тексерілгеніне, баптауларды өзгерту жоспарында қадағалануына және тиісті түрде құжатталғанына көз жеткізуі қажет. Жаңа жүйелерді енгізу және оларды қызметкерлердің өндірістік мақсаттарда пайдалану айқын түрде басшылықпен рұқсат етілуі тиіс.

6.2.1.4 Ақпараттық қауіпсіздік бойынша мамандардың ұсыныстары

Ұйым ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар алу үшін меншікті немесе сыртқы консультанттарға хабарласуы тиіс және алынған ұсыныстарды барлық ұйым аясында үйлестіруі тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңестерге қашан және қандай көлемде жүгіну мәселесі тұтастай нақты ұйым құзыретіне

жатқызылады. Бір жағдайда ұйым ішінде ақпараттық қауіпсіздік бойынша консультанттарды немесе мәліметтердің басқа көзін іздеу, ал басқа жағдайда – аталмыш салада танымал сарапшылар немесе кәсіби консультанттар секілді тараптық мамандардың немесе ұйымдардың көмегіне жүгіну, ал үшінші жағдайда – құрамалы әдістемені пайдалану мақсатқа сай болады. Таңдап алынған әдістемеге тәуелсіз қауіпсіздік бойынша мәслихаттармен анық байланыс ұсталуы тиіс. Аудитор қандай қосымша мәліметтер берілетіндігін, олардың адекватты жағдайлар болып табылатындығын, ақпарат көзінің жеткілікті түрде біліктілігін көтеруін анықтауы, сонымен қатар консультация анық талап етілетін, бірақ оларға сұраныс түспеген салаларды айқындауы керек. Бұл жағдайда қауіпсіздікті басқару құралдарына қолжетімділік тиісті түрде басшылықпен авторландыруы тиіс, ал қажет болса жабдықты жеткізушімен қосымша бақылануы тиіс. Сонымен қатар қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары бойынша есептерді талдауға ұсыныс беріледі: тағайындалған мамандар оқыс оқиғаның себептерін бағалауға қатысады ма, ұсынылған түзетуші шаралар жүргізілді ме? Шағын ұйымдарда қауіпсіздік бойынша жауапты маман (немесе баламалы лауазымдағы қызметкер) ақпараттық қауіпсіздік бойынша мәліметтердің жалғыз дереккөзі болуы мүмкін. Бұл жағдайда аудиторлар бұның қауіпсіздік бойынша бар талаптарды қанағаттандыру үшін жеткілікті екендігіне, ұйымда технология және қауіпсіздік саласында өзгертулердің қадағалануына, ал қажет болса консультация үшін сыртқы ресурстар тартылатындығына көз жеткізуі қажет.

6.2.1.5 Ұйымдар арасындағы ынтымақтастық

Құқық қорғау органдарымен, бақылау органдарымен, ақпараттық қызметтерді жеткізушілермен және байланыс қызметтерінің операторларымен қажетті байланыстар ұсталуы тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Басқарудың аталмыш құралы қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларының алдын алу немесе осындай оқыс оқиғалардың салдарларын азайту кезінде елеулі роль ойнауы мүмкін сыртқы бақылау органдарымен, қызметтерді жеткізушілермен және басқа ұйымдармен байланыс каналдарының болуын талап етеді. Соған сәйкес, аудитор төтенше жағдайларда әрекеттерді жоспарлаумен және инфрақұрылымды қолдаумен шұғылданатын қажетті байланысу тұлғаларының болуын анықтауды талап етеді. Аудитор ұйымда құқықтық саладағы талаптардың, сонымен қатар өндірістік жоспардағы операциялық және техникалық талаптардың қадағалануына және осындай талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ететіндігіне куәлік табуы қажет. Аудитор ұйымда жағдайға қатысты қолданылатын барлық заңнамалық талаптардың белгілі екендігіне, бұл талаптардың құжатталуына және талаптарды орындау үшін қажетті барлық қатынастардың жолға қойылғандығына көз жеткізуі керек.

Оның үстіне, ұйым үшін алдыңғы қатарлы тәжірибелерді таратуға қатысу және өз саласындағы тараған қатерлер жөніндегі ақпаратпен алмасу пайдалы. Ірі ұйымдар қауіпсіздік бойынша мамандандырылған топтардың, стандарттарды қабылдау жөніндегі комитеттердің жұмысына және осындай тектес басқа өндірістен тыс шараларға қатыса алады. Шағын ұйымдар осындай шараларға белсенді қатысу мүмкіндігіне ие болмауы мүмкін, бірақ пішінді конференцияларға және семинарларға қатысып тұру бұл деректі ішінара өтеуі мүмкін.

6.2.1.6 Ақпараттық қауіпсіздікті тәуелсіз талдау

Ақпараттық қауіпсіздік саясатын жүзеге асырудың тәуелсіз талдауы жүргізілуі тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Аудитор үшін кезеңдік талдаудың шын мәнінде жүргізілетіндігіне және тәуелсіз тұлғалармен орындалатындығына көз жеткізу маңызды. Тәуелсіз талдауды жүргізбей толық объективтілікті кепілдендіру мүмкін емес. Тараптық мамандармен жүргізілетін аудит жоғарыда келтірілген талаптарды қанағаттандырады. Тараптық аудит жүргізілмеген жағдайларда талдау ішкі аудиторлар, басшылық немесе ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші қызметкерлерден бөлек жұмыс істейтін басқа тұлғалармен жүргізілуі мүмкін. Сонымен қатар ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін Тексеру секілді басқа тексерулердің нәтижелерін ескеру қажет (6.10.2-қара).

6.2.2 Тараптық ұйымдардың қатынау қауіпсіздігі

Мақсат: тараптық ұйымдар қатынауға ие ұйымның ақпараттық ресурстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

6.2.2.1 Тараптық ұйымдардың қатынауымен байланысты тәуекелдерді сәйкестендіру

Тараптық ұйымдардың ұйымның ақпараттық ресурстарына қатынауымен байланысты тәуекелдерді бағалау орындалуы тиіс және қауіпсіздікті басқарудың сәйкес құралдары жүзеге асырылуы тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Бірінші кезекте аудитор ақпараттық ресурстарға үшінші мекеменің/тұлғаның қатынауымен байланысты тәуекелдерді айқындау үшін ұйыммен орындалатын бағалауды тексеруі қажет. Тәуекелдер Интернет немесе таяу қаралымда, әсіресе қашықтағы бөлімшелер арасындағы жұмыс кезінде әлдеқайда аз оқшауландырылған болып көрінетін Интранет арқылы қосылыстарды пайдаланумен есептегіш торапқа немесе серверлік бағдарламамен қамтамасыз етуге қашықтан қатынаумен байланысты болуы мүмкін. Байланыс АҚБЖ формальды қамтымаған бөлімшелерден орнатылуы әбден мүмкіндігін есте сақтау керек. Сонымен қатар тараптық ұйыммен ақпараттық қауіпсіздік тұтастығын бағалау үшін қандай шаралар

қабылданатындығын, басқару құралдары қорғаудың жеткілікті дәрежесін қамтамасыз ететіндігін және тәуекелдерді қайта бағалау қаншалықты жиі жүретіндігін талдау қажет.

6.2.2.2 Тараптық ұйымдармен жасалған келісім-шарттардағы қауіпсіздік шарттары

Тараптық ұйымдардың ұйымның ақпараттық ресурстарына қатынауын қарастыратын келісімдер формалды келісім-шартта негізделуі тиіс, онда барлық қажетті қауіпсіздік шарттары аталуы тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Аудитор тараптық ұйымдармен іс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық талаптардың сәйкестендірілуін және екі ұйым арасында жасалған қызметтерді беру туралы келісімге немесе формальды шартқа енгізілуіне көз жеткізуі қажет.

6.2.3 Аутсорсинг

Мақсат: Ақпаратты өңдеу жауапкершілігі аутсорсинг келісім-шартына сәйкес басқа ұйымға табысталатын жағдайларда ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

6.2.3.1 Аутсорсинг келісім-шарттарындағы қауіпсіздік шарттары

Тараптар арасында жасалған келісім-шартта ақпараттық жүйелерінің, желілерінің және/немесе үстелдік жүйелер орталарының барлығына немесе кейбіріне бақылауды және басқаруды беретін ұйым қауіпсіздігі шарттары ескерілуі тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Ақпаратты өңдеу бойынша міндеттерді аутсорсингке табыстау қауіпсіздік жоспарында тәуекелдің белгілі бір деңгейін қамтиды, өйткені ұйым аталмыш міндеттерге тікелей бақылауды жоғалтады. Аутсорсингпен байланысты тәуекелдерден қорғау тәсілдерінің бірі келісім-шартты жасау болып табылады, онда қауіпсіздік бойынша талаптар, басқару құралдары және қос тараптың жауапкершілігі анық анықталған. Аудиторлар ұйымдағы қауіпсіздік бойынша барлық талаптарды жабатын келісім-шарттың болуына көз жеткізуі қажет. Келісім-шарттың нақты мазмұны тәуекелдерді бағалау негізінде анықталады.

6.3 Ресурстарды жіктеу және оларды бақылау

6.3.1 Ресурстар үшін жауапкершілік

Мақсат: ұйым ресурстарының тиісті қорғалуын қамтамасыз ету.

6.3.1.1 Ресурстарды түгендеу

Әрбір ақпараттық жүйемен байланысты барлық маңызды ресурстардың тізімдемесі құрылуы тиіс және өзекті күйде ұсталуы тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Ұйымдарға ресурстардың дәл тізімдемесіне ие болу және оны өзекті күйде ұстау қажет. Тізімдемеге қорғауға жататын барлық негізгі ақпараттық және физикалық ресурстар, бағдарламамен қамтамасыз ету, сервистер және процестер енгізілуі тиіс. Тексеру барысында бірінші кезекте ресурстардың тиісті түрде сәйкестендірілуіне және жіктелуіне көз жеткізу қажет. Аудитор тізімдеменің күйін бағалауы керек: оның толықтығы және дәлдігі, барлық қажетті ақпараттың, жаңарту күні мен әдістемесінің болуы, жабдықты табыстау туралы жазбалардың болуы.

Ресурстардың түгенделуіне жауапты тұлғаның барлығына көз жеткізу қажет. Сонымен қатар түгендеу тізімдеме қандай түрде қорғалғандығын тексеру қажет: егер түгендеу тізімдеме электронды түрде жүретін болса, қатынау қалай бақыланады және резервтік көшірмелер бар ма, егер қағаз түрінде жүрсе – құжаттар қайда сақталынады, олар жоғалып қалудан қалай қорғалған, егер жазбаны ауыстыру қажет болса не істейді, ескі даналар сақталынады ма және егер сақталынса, онда олар қай мерзімге дейін және қайда сақталынады... Ресурстардың түгендеу тізімдемесі анық сәйкестендірілуі тиіс:

– бірегей сериялық нөмірді, күнді және т.с.с. (қолданылатын жерде) көрсетумен нысан;

– қауіпсіздік класы;

– иегер;

– орналасқан жер;

– тасымалдаушы (ақпараттық ресурстар үшін);

– тізімдемеге енгізу және/немесе аудиторлық тексеру күні.

6.3.2 Ақпаратты жіктеу

Мақсат: Ақпараттық ресурстардың тиесілі қорғау деңгейін қамтамасыз ету.

6.3.2.1 Жіктеу бойынша ұсыныстар

Ақпарат санаттары және олармен байланысты ақпаратты басқаруды қорғау құралдары ақпаратты ұжымдық пайдалануға немесе оған қатынауды шектеуге өндірістік қажеттілікті, сонымен қатар осындай қажеттілікпен байланысты ұйымға әсерді ескеруі тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Аудиторлар ұйымның жіктеудің балама қағидаттарын әзірлеу және жүзеге асыру үшін жеткілікті күш салғандығын растауы тиіс. Ресурстарды қалыпты қорғау үшін құпиялылық, тұтастылық және қолжетімділік секілді осындай негізгі сәттерді жеткілікті деңгейде көрсететін градацияның немесе жіктеудің кейбір формалары болуы қажет. Жіктеу сызбасы АҚБЖ қолдану

аясына түсетін барлық ресурстарға қолданылуы тиіс. Жіктеудің анық жүйесінсіз ресурстардың адекватты қорғалуын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Осындай сызба өте күрделі болмауы тиіс және жіктеу сызбаларда ықтимал айырмашылықтарды түсінуді қамтамасыз етуге рұқсат беретін басқа ұйымдармен жасалған келісімдермен бекітілуі тиіс. Процедуралар жіктеу дұрыстығын тексеруді қарастырады ма? Жіктеу деңгейін төмендету процедурасы өмір сүреді ме? Жіктеу сызбасына оңай қол жеткізуге болатындығына, қызметкерлердің оның болуы жөнінде хабардар етілгендігіне және жіктеу қағидаттарын түсінетіндігіне, ал сызбаның ұдайы жаңғыртылып отыратындығына көз жеткізіңіз. Нақты ресурс жіктелуі үшін жауапкершілікті оның иегері көтереді.

6.3.2.2 Ақпаратты өңдеу және таңбалау

Ұйымда қабылданған жіктеу сызбасына сәйкес ақпаратты өңдеу және таңбалау үшін процедуралар анықталуы тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Ұйымдарда қабылданған жіктеу сызбасына сәйкес жіктелген ақпаратпен жұмыс істеудің және таңбалаудың процедуралары қарастырылуы тиіс. Аудиторлар сонымен қатар сәйкес таңбалаумен осал ақпараттық бірлік (мысалы, ақпаратты немесе деректер базасын өңдеу жүйесі) бөлінгендігіне көз жеткізуі керек.

Құжаттама, үлдірлер, аппараттық құралдар және т.с.с. секілді шынайы нысандардың таңбалауы тривиалды мардымсыз міндет болып табылады, алайда электронды түрде берілетін ақпаратпен және хат-хабармен не істеу керек? Электронды түрдегі ақпаратты таңбалау үшін ұйыммен таңдап алынған шешімдер адекватты екендігіне көз жеткізу қажет: таңбалау процедураларының анық және түсінікті сипаттамасы бар ма, ақпаратты алушы категория атауын дұрыс түсінеді ме, таңбалау ақпаратты пайдалану және сақтау кезінде оның тиісті түрдегі қорғалуына атсалыса ма. Физикалық ресурстар дұрыс таңбаланған ба? Кейбір жағдайларда инвентарлы құлақшалар сәтсіз орналастырылуы және дереу белгілі болмауы мүмкін; жапсырмалардың желімдері затты таңбалаусыз және стандартты қорғаусыз қалдырып, ажыратылуы мүмкін.

6.4 Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметкерлермен жұмыс

6.4.1 Лауазымдық нұсқаулардағы және ресурстарды бөлу кезіндегі қауіпсіздік

Мақсат: Персоналдың қателесуі, алаяқтық немесе жабдықты дұрыс пайдаланбау тәуекелдерін азайту.

6.4.1.1 Лауазымдық нұсқаулықтардағы қауіпсіздік

Ұйымда қабылданған ақпараттық қауіпсіздік саясатымен орнатылған қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жауапкершілік және міндеттер лауазымдық нұсқаулыққа енгізілуі тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Ақпараттық қауіпсіздіктің нақты мәселелері үшін жауапкершілік көтеретін барлық қызметкерлерде қауіпсіздік қамтамасыз етуге жауапкершілікті және нақты міндеттерді анықтайтын лауазымдық нұсқаулықтар не оларға балама құжаттар болуы тиіс. Аудиторлар осындай нұсқаулықтардың барлығына, түсіну және міндеттерді қабылдау қызметкердің өзінің және оның жетекшісінің қолымен расталуына, құжатта күн қойылып, ал қауіпсіздіктің сәйкес мәселелері онда анық және бірізділікпен берілгендігіне көз жеткізуі тиіс. Жеке процедураларды сипаттау және саясат құжаттарында белгіленген қауіпсіздік бойынша міндеттерді тексеру лауазымдық нұсқаулықтарына толық сәйкестікті көрсетуі тиіс.

Әртүрлі ұйымдарда лауазымдық нұсқаулықтарды сақтау тәжірибелері ерекшеленуі мүмкін. Бір ұйымдарда осындай нұсқаулықтар тікелей қызметкерге беріледі, ал басқаларында нұсқаулықтар кадр бөлімінде сақталынады. Соңғы жағдайда қызметкердің аталмыш ақпаратқа қолжеткізе алатындығына көз жеткізу керек – қызметкерде лауазымдық нұсқаулықтың меншікті данасы болуы тиіс, өйткені адам соңғы рет, бір жылдан көп уақыт бұрын көруі мүмкін құжаттың жазбаша өкімін қадағалайтындығы екіталай. Егер қызметкердің лауазымы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нақты міндеттерді білдіретін болса (мысалы, жүйелік әкімгерлер), оның тиісті түрде лауазымдық міндеттерінде көрсетілгендігіне көз жеткізіңіз; барлық қызметкерлерге қатысты стандартты тұжырымдаулар осындай жағдайда қолданылмайды. Сонымен қатар ескірген сипаттауларға, мысалы, егер қызметкер осы сәтте басқа жұмысты орындаған жағдайда жол берілмейді.

Әсіресе, жаңа қызметкерлердің өз міндеттерін және олармен байланысты жауапкершілікті толықтай түсінуі маңызды; сәйкес құжаттар постфактум емес, қызметке тағайындау кезінде рәсімделуі тиіс. Аудиторлар келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін персонал және уақытша қызметкерлерге ерекше назар аударуы керек, өйткені оларда ресми рәсімделген лауазымдық нұсқаулықтар болмауы мүмкін. Мұндай жағдайға жол берілмейді; лауазымдық нұсқаулармен АҚБЖ қолдану саласына тартылған барлық персоналды қамтамасыз ету керек.

Кем дегенде барлық қызметкерлердің құпиялылықты қадағалау туралы шартқа (төменде қараңыз) қол қоюына, ал оның қызметтері келісім-шартта көрсетілгендігіне көз жеткізу керек. Тиісті нұсқаулықтарға енгізілген қауіпсіздік мәселелерін мұқият талдау керек, өйткені нақ осында әлеуетті «әлсіз буын» болуы мүмкін.

5.4.1.2 Жұмысқа қабылдаушыларды тексеру

Жұмысқа қабылдау туралы арыздарды қарау кезінде тұрақты персонал, келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер және уақытша персонал үшін берілген мәліметтердің сенімділігі тексерілуі тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық:

Персоналды іріктеу процедуралары (келісім-шарт бойынша жұмыс істейтіндерді және уақытша персоналды қоса) берілген мәліметтердің сенімділігін тексеру әдістемесін қосуы тиіс. *ҚР СТ ИСО/МЭК* 17799 стандартында қарауға арналған сұрақтардың тізімі келтіріледі; соның ішінде, ұйымдар тиісті тексерулер жүргізбей, жалғыз резюме негізінде берілген мәліметтерді сенімді деп санамауы керек. Жұмысқа қабылдау үшін жауапты тұлғамен талқылау секілді кез келген кейінгі әрекеттер құжатта белгіленуі тиіс. Жетекшілер өздерінің құзыреттілігі аясында ұйымда жүргізілетін жұмыстарды талдау және бағалау жоспарында өз жауапкершілігін, соның ішінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жауапкершілігін түсінгендігіне көз жеткізу қажет. Сонымен қатар қызметкерлер туралы мәліметтерді тексеруге қатысты барлық ақпарат қолданыстағы заңнамаға сәйкес өңделуіне көз жеткізу керек (деректерді қорғау және т.с.с.).

6.4.1.3 Құпиялық туралы келісім

Қызметке қабылдау шарттарының бірі болып табылатын құпиялық туралы келісімге қызметкерлер қол қоюы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудиторлар АҚБЖ қолдану саласына қатысты және қандай да бір құпия ресурстарға кіре алатын барлық қызметкерлер ұйыммен құпиялық туралы келісім бекіткеніне көз жеткізуі қажет. Келушілермен мұндай келісім жасау қажеттігі олардың қандай ақпаратты көре алуына және олар қандай іспен айналысуына байланысты (6.5.1.2-бөлімді қараңыз). Дәл осындай ережелер келісім-шарт бойынша қызмет етуші тұлғалар мен уақытша қызметкерлерге құпия ақпаратқа рұқсат берілген жағдайда қолданылады.

Кем дегенде кадрларды қамтамасыз етуші және ұйым арасындағы келісім-шартта бекітілген құпиялықты сақтау бойынша міндеттіліктердің болуын тексеріп, уақытша немесе келісім-шарт бойынша жалданатын қызметкерлер өздерінің міндеттіліктері туралы мәліметтенуіне көз жеткізу қажет. Жалпы алғанда, құпиялық туралы келісімдерді ұйымның кадр бөлімі жасауы қажет, сондықтан аталмыш бөлімде сәйкес формальды процедураның болын қадағалап, құжаттардың дер кезінде жүргізілетініне көз жеткізу қажет. Бұл орайда, жақын маңда қызметтен босатылған немесе босатылуға ниетті қызметкерлермен мұндай келісімдердің жасалуына ерекше назар аудару қажет.

6.4.1.4 Қызметке қабылдау шарттары

Қызметке қабылдау шартында қызметкердің қауіпсіздік ақпаратын қамтамасыз етуге жауапкершілігі анықталуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудиторлар қызметке қабылдау шарттарының қызметкердің қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапкершілігін егжей-тегжей сипаттайтынына көз жеткізуі қажет. Қабылдау шартындағы сәйкес мәтін қолданыстағы заңнаманы орындауға байланысты міндеттермен қоса, нақты қызметпен байланысты, ұйымнан тыс немесе жұмыс уақытынан тыс жұмыспен, сондай-ақ келісім-шарт аясынан шығуы мүмкін міндеттерге байланысты барлық қауіпсіздік аспектілерін қамтуы қажет. Қызметке қабылдау шарты, сонымен қатар, қызметкердің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өз міндеттерін орындамаған жағдайында әкелетін салдарын да сипаттауы қажет. Ұйымда қауіпсіздік аясында қызметкер міндетінің кез-келген өзгерісі жағдайында қызметке қабылдау шартын жаңарту жөніндегі шаралар жасақталуы қажет (мысалы, қызмет аясының кеңеюі немесе жаңа ақпараттық жүйелерді қолдану).

6.4.2 Пайдаланушыларды оқыту

Мақсаты: ақпараттық қауіпсіздікті бұзу қатері және олардың қалыпты жұмысы барысында ұйымда қабылданған ақпараттық қауіпсіздік саясатын қолдау қабілеті туралы пайдаланушыларға мәлімет беруді қамтамасыз ету.

6.4.2.1 Ақпараттық қауіпсіздік ережелеріне үйрету

Ұйымның барлық қызметкерлері, сондай-ақ қажет болған жағдайда, басқа ұйымдардың пайдаланушылары ұйымда қабылданған саясаттар мен процедуралар және олардың өзгерісі туралы қажетті мәліметтерді алуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аталмыш басқару құралы жүйелік администраторлар, менеджерлер және қосымшалардың қатардағы пайдаланушылары, сондай-ақ жоғарғы басшылық пен кез-келген ақпаратты өңдеумен (мысалы, қағаз құжаттармен, телефон қоңырауларымен және т.б.) айналысатын тұлғалар сияқты ақпараттық жүйелердің пайдаланушыларымен қоса, барлық қызметкерлерге қолданылады. Баса назар аудару қажет бірінші мәселе - бұл оқыту шаралары алға қойылған мақсаттарға балама болып табылуына назар аудару; оқыту шаралары нақты қызмет талаптарына немесе оған байланысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер талаптарына сәйкес келуі қажет. Оқу қалай өткізілетін, оған ұйымның ішкі немесе сыртқы ресурстары қолданыла ма? Егер оқу ұйымның өз күштерімен жүргізілсе, ол қандай нұсқада өткізіледі: формальды оқу курсы ма әлде «жұмыс процессіндегі» стандартты оқу ма? Оқуды кім жүргізеді және оны жүргізуші тұлғалар қажетті біліктілікке ие ме? Егер оқу формальды емес түрде өткізілетін болса, онда

қарастырылатын тақырыптар аясы анықталған ба? Егер оқу ұйымнан тыс жүргізілетін болса, оқуды жүргізуші тұлға/ұйымдар кіммен құрылған? Оқу шаралары қандай құжаттарда белгіленген және бұл құжаттар оқу тақырыбы мен деңгейін айқындай ма?

Минимальды нұсқада ұйымның барлық қызметкерлері үшін қандай да бір формада кіріспе тренингі өткізілуі қажет. Ол қауіпсіздік саясаты мен жалпы қағидаларын, қолданылу саласын және т.б. мәселелерді қамтуы қажет. Мұндай тренинг қызметкерлердің есеп карточкаларында формальды түрде белгіленуі тиіс. Сонымен қатар, қауіпсіздіктің күрделі мәселелері үшін жауапты қызметкерлер үшін жеткілікті көлемде оқу шараларын өткізуді қамтамасыз ету қажет және онда келелі оқу материалдарының пайдалануын қадағалау қажет, ал оқу кестесі алдағы жұмыстарды ескере отырып құрылуы тиіс.

Қызметкерлер алдыңғы тәжірибеге немесе бұрын алған аттестациясына жүгініп, формальды оқуды алмастыруды өтінетін жағдайлар кездеседі (әсіресе, техникалық аспектілерге байланысты). Аудиторлар бұл жағдайға прагматикалық көзқараспен қарауы қажет және қызметкерлер білігі мен олардың сәйкес қызметтерін орындауды бағалау кезінде формальды оқу, біліктілік сынақтаулары нәтижесінде және тәжірибе негізінде алынған жалпы білімін назарға алғаны жөн. Егер қызметкер бұрынғы тәжірибесіне сүйенетін болса, бұрынғы білімдерінің ескірмегенін және релевантты еместігіне көз жеткізу қажет. Бұл тәжірибелер қандай ортада алынғанын және қызметкер білімінің қандай да бір тексерісі жүргізілгенін тексеру қажет. Көптеген ұйымдар қызметкердің резюмедегі өзі туралы жазған ақпаратының шынайылығына өте сенгіш келеді. Бірақ, тиісті білігі немесе тәжірибесі жоқ, маңызды қызметке алынған адам ұйымның өмірлік маңызы бар ресурстарына күрделі зиян тигізуі мүмкін, сондықтан бұл мәселеге баса назар аудару қажет. Аталмыш мәселе қызметке қабылданушыларды тексеруге де қатысты (жоғарыдағы 2.4.1.2. бөлімін қараңыз).

6.4.3 Қауіпсіздік жүйесіндегі оқиғалар мен оның бұзылуына шаралар қолдану

Мақсаты: қауіпсіздік жүйесіндегі оқиғалар мен оның бұзылуынан болған зияндарды азайту, сондай-ақ мұндай оқиғаларды зерттеп олардан сәйкес сабақ алу.

6.4.3.1 Қауіпсіздік жүйесіндегі оқиғалар туралы мәлімдемелер

Қауіпсіздік жүйесіндегі оқиғалар туралы дерек әкімшілік арналарына хабарлау қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Барлық ұйымдарда қауіпсіздік оқиғалары туралы хабар беруге арналған әкімшілік арналары мен сәйкес процедуралар қарастырылуы қажет. Аудиторлар мұндай процедуралардың оқиғалардың барлық мүмкін түрлерін

қамтитынын және балама жауапты шараларды қарастыратынын қадағалауы қажет. Егер ұйымда хабар беруді талап ететін оқиғалардың болмайтындығы жөнінде мәлімдесе және олар сәйкесінше хабар беру процессін көрсете алмаса, оқиғалар бәрібір орын алған, бірақ олар байқаусыз қалған деген ұйғарым жасауға болады. Осылайша оқиғалар жөнінде хабар беру процедуралары бұрын қауіпсіздік оқиғаларының болу-болмауына тәуелсіз әрбір ұйымның қол астында болуы қажет.

Сәйкес құжатта оқиғаның нақты анықтамасы толық сипатталған және жауапты қызметкерлер ұйымда қабылданған оқиға ұғымын жақсы түсінеді. Бірнеше мысалдарды қарастыру пайдалы болуы мүмкін: «Егер ұйым ғимаратындағы күзетілмейтін сейфтің ашылғанын байқасаңыз, қауіпсіздік оқиғасы болды деп санайсыз ба?»; «Егер қызметкер қателік бойынша бөтен біреудің жалақы ведомость алғанын хабарлаған болса, мұны қауіпсіздік инциденті деп атауға бола ма?» және т.б. Мұндай мысалдар нақты жағдайға қолданылатыны анық, алайда қызметкерлердің жауабы көрнекі және мұндай мәселелерге олардың жалпы ұстанымын көрсетуі мүмкін. Егер ұйым оқиғалар туралы есебін ұсынған болса, аталмыш оқиғаға қандай әрекет жасалуын сараптаңыз: ол жағдай реттелді ме, оның болуына себепші болған жағдайлар зерттелді ме және зерттеулер нәтижесі оқиғаның болуы туралы хабарлаған қызметкерлерге ұсынылды ма (әрине, бұл ақпарат құпия болып табылмаса).

6.4.3.2 Қауіпсіздік жүйесіндегі әлсіз тұстар туралы мәлімдемелер

Ақпараттық сервистердің пайдаланушылары сервистер немесе жүйелердегі байқалған немесе болжанған кез-келген әлсіз тұстарын немесе жүйелер мен сервистерге кез-келген қатерлерді тіркеуге және оларды хабарлауға міндетті.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Қорғаныстағы болжамды немесе шынайы әлсіз тұстарын хабарлау үшін қауіпсіздік оқиғаларында қолданатындарға ұқсас мәлімдеу процедуралары қарастырылуы қажет. Барлық қызметкерлер қауіпсіздікті қорғау жүйесіндегі әлсіз тұстар туралы хабарлау қажеттігін ұғынуы қажет. Бұл тек ақпаратты өңдеу саласына ғана қатысты емес - ғимараттағы ашық терезе дәл сондай қорғаныстағы әлсіз тұс болуы мүмкін. Мәлімдеу процедуралары қызметкерлерге анықталған әлсіз тұстарды, мысалы, рұқсатсыз қолжетімділікті алу сияқты әлсіз тұстарды пайдалануға тиым салушы нұсқамаларды қамтуы қажет. Тіпті олардың мақсаты қорғаныстағы әлсіз тұсты растау болып табылса да, мұндай әрекеттер күрделі зиян тигізуі мүмкін.

6.4.3.3 Бағдарламалық құралдар дағы кемшіліктер туралы мәлімдеме

Бағдарламалық құралдар дағы кемшіліктер туралы мәлімдеу процедуралары жасақталуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аталмыш проблемалар жоғарыда сипатталған қорғаныстағы тікелей әлсіз тұстар және қауіпсіздік оқиғаларымен жұмыс жөніндегі процедураларға сай келуі мүмкін, алайда, мәлімдеме нысаны пайдаланушыдан кемшіліктің нақты белгілері мен компьютермен берілген кез-келген хабарларды талап ететініне көз жеткізу қажет - бұл деректер БҚ кемшілігінің себебін зерттеуге көмектеседі. Мәлімдеу процедуралары (қауіпсіздік оқиғалары мен қорғаныстағы әлсіз тұстар жағдайы сияқты) кез-келген кемшіліктерді жауапты тұлғаларға мәлімдеуді қамтамасыз етуі қажет, себебі кейбір пайдаланушылар ұсақ келеңсіздіктер деп қабылдайтын жағдайлар уәкілетті мамандармен сараптау кезінде қауіпсіздіктің маңызды проблемасы ретінде танылуы мүмкін.

Дер кезінде мәлімдеу өте маңызды; мысалы, вируспен залалдану мүмкіндігі туралы ертерек хабарлау үлкен зияндардың алдын алуға мүмкіндік береді. Аудиторлар коррекциялық шараларды мұқият сараптауы қажет (кезде сәйкес БҚ түзетуге болады, ал кейбір жағдайларда жаңа нұсқасының шығуын күту және тығырықтан шығудың басқа жолдарын қарастыру қажет): қабылданған шаралар қаншалықты тиімді, басқа қандай да бір процедураларды өзгерту қажет пе, аталмыш жағдай туралы ақпарат қызығушылық танытушы тұлғалар арасында қалай таратылады. Қажет етілген өзгертулер бекітілді ме? Егер жағдай бөгде тараптардың тұлғаларын/мекемелерін тартуды талап етсе (мысалы бағдарламаны жеткізуші), ақпарат қандай жолмен ұсынылады және ақпаратты тарату кезінде ұйым қауіпсіздігі үшін жекелеген проблема туындамай ма?

Қауіпсіздік оқиғалары, қорғаныстағы әлсіз тұстармен бағдарламалық құралдар дағы кемшіліктер туралы мәлімдемелер мен есептер сәйкес байланыс тұлғасына немесе тұлғаларға жіберіледі. Таңдалған байланыс көздері ең тиімді, қажетті жағдайда қолжетімді және сәйкес білімдерге ие екенін тексеру қажет. Проблема күрделілігі талап еткендей мәлімдемелер жеткілікті түрде мұқият қарастырыла ма, жоғары басымдылық беру процедуралары қарастырылған ба, проблема туралы хабарлаған тұлғалармен кері байланыс орнатылған ба?

6.4.3.4 Болған оқиғадан сабақ алу

Орын алған оқиғалар мен кемшіліктердің сандық бағасы мен типтерінің мониторингі, ауқымы мен құнын анықтау үшін тетіктер жүзеге асырылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудиторлар ұйымдар бұрын болған жүйе мен бағдарламалық құралдар дағы кемшіліктер мен қауіпсіздік оқиғаларына әрекет етудің барлық мысалдарын сараптауы қажет. Оқиғалардың сандық бағасы мен ауқымын анықтау қалай жүргізілетіні, сондай-ақ оқиғалармен жұмыс процедуралары

бұрынырақ болған оқиғаларға және болашақта болуы мүмкін оқиғалар типіне қаншалықты сәйкес келетінін анықтау қажет.

Егер ұйым сабақ алу үшін оқиғалар жеткіліксіз болды немесе релевантты ақпарат жоқ деп мәлімдейтін болса, мұндай мәлімдемелерге мұқият қарау қажет, себебі олар оқиға туралы мәлімдеу процедураларының қолданбауы немесе ондай процедуралардың болмауын білдіреді. Мұндай жағдайда, аудитор жағдайлардың қосымша анализін жүргізуі қажет және оны ұйымдағы тиісті тұлғалармен бірлесіп талқылауы қажет.

Ұйымда жүйе мен бағдарламалық құралдардағы кемшіліктер мен қауіпсіздік оқиғаларына әрекет ету процедуралары мен жоспарлары қарастырылуы қажет. Оларға проблемалардың қайта туындауын болдырмауға, шығындарды шектеуге, қажетті куәліктердің жиналуын қамтамасыз етуге және келешекте одан да жедел және тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін процедуралары мен басқарудың қосымша құралдарын жүзеге асыру кіруі қажет. Болған оқиғалардан сабақ алу, сонымен қатар, оларды тренингтер және қауіпсіздік жөніндегі таныстыру бағдарламалар аясында шынайы мысалдар ретінде қолданылады.

6.4.3.5 Тәртіптік процедура

Қызметкерлердің ұйымда қабылданған қауіпсіздік процедуралары мен саясатты бұзуы формальды тәртіптік процедура аясында қарастырылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ұйым үшін бұл мәселе сындарлы болуы мүмкін, бірақ қауіпсіздіктің бұзылуына адекватты әрекет ету үшін сәйкес процедурасының қай та қарастырылуы өте маңызды болып табылады. Тәртіптік процедураның детальдері, сондай-ақ барлық қатысушы тұлғалар үшін әділ қараудың кепілі қызметкерлердің барлығына хабарлануы қажет. Егер тәртіптік процедура жөнсіз жүзеге асырылған болса, қызметкерлерді орынсыз қызметтен босату немесе басқаша құқықтарын бұзуға байланысты арыз-талаптар беру мүмкіндігі болады. Кез-келген жағдайда нақты анықталған тәртіптік процедура басқару тиімділігі онсыз төмендеуі мүмкін маңызды фактор болып табылады. Аудиторлар тіркелген қауіпсіздік оқиғаларын талдап, тәртіптік жазалауды қолдану критерийлерін қарастыруы және аталмыш процедуралар тиімді қолданылатынына көз жеткізуі қажет.

6.5 Физикалық қауіпсіздік және қызмет ету ортасының қауіпсіздігі

6.5.1 Қорғалған салалар

Мақсаты: Өндірістік орындарға және ақпараттық серверларға заңсыз физикалық кіруді, оларды зақымдауды және олардың қызметіне килігуді болдырмау.

6.5.1.1 Қауіпсіздіктің физикалық периметрлері

Ұйымдар ақпаратты өңдеу құралдары орналастырылатын салаларды қорғау үшін қауіпсіздік периметрлерін пайдалануы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Барлық ұйымдар өз ресурстарының физикалық қорғаныс құралдары мен тәсілдерін көрсетуі қажет. Егер ірі объектілер туралы сөз қозғалатын болса, қауіпсіздік процедуралары қандай қорғаныс шаралары қолданылатыны, олардың қалай бақыланатыны және ол объектіге кім кіре алатыны жөнінде толық сипаттама беруі қажет. Ұйымда жүзеге асырылған физикалық қорғанысқа баға беру үшін аудиторлар мүмкін кіру жолдарын талдауы қажет: ашық өрт жолдары/сатылар, келушілерді қабылдауға арналған бақыланбайтын бөлмелер, бөтен кіруге рұқсат қағаздарын және кілттенбеген шкафтарды пайдалану – мұның бәрі де қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді және тиісті түрде бекітілуі қажет.

Физикалық қорғанысты жүзеге асырудың бір бөлігі физикалық периметрлерді қолдану болып табылады, сондықтан ұйым өзінің физикалық периметрлері мен олар жүзеге асыратын қорғаныс туралы мәліметтерді беруі қажет (бұл ақпарат қатерлерге баға беру жөніндегі деректерге тігілуі қажет).аудиторлар сонымен бірге ғимаратқа қалай кіруге болады және ол қалай бақыланады, ұйым қайда орналасқан, және қолданылатын басқару құралдары оның мұқтаждығын қалай өтейді, сондай-ақ қорғаныс құралдарын өтіп кетуге бола ма деген мәселелерді анықтауы қажет.

6.5.1.2 Ғимаратқа кіруді бақылау

Қорғалған салалар оларға тек сәйкес уәкілеттік алған қызметкерлер ғана кіре алуы үшін, ғимаратқа кіруді қадағалау үшін қажетті құралдармен қорғалған болуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудиторлар ғимаратқа кіруді бақылаудың жүзеге асырылуын тексеріп, сәйкес рұқсаты жоқ барлық тұлғалардың ғимаратқа кіруін шектеу үшін осы шаралардың жеткілікті екеніне көз жеткізуі қажет. Қызметкерлер идентификациялық төсбелгілерін таға ма және оларды тағу міндетті шарт болып табыла ма? Мұндай төстаңбалар келушілерге беріле ме, олардың келіп/кетуі тіркеле ме, олардың ұйым ішінде жүруіне қандай шектеулер қойылады? Төстаңбалары жоқ тұлғалар тексеру үшін тоқтатыла ма? Соңғы жайтты аудиторлар келуші болып табылатындықтан өз тәжірибесінде тексере алады.

Аудиторлар сонымен қатар кіру бойынша бұрынғы тіркеу жазбаларын тексеруі және аталмыш ұйымда ғимаратқа кіру құқығын жаңарту және тексеру процедуралары қарастырылғанын қадағалауы қажет. Кіруге рұқсат немесе тиым салу әр түрлі формада айқындалуы мүмкін: олар лауазымдық нұсқамаларға енгізілуі мүмкін, процедуралар сипатында болуы мүмкін

немесе шектеулер күшіне енетін жерде тікелей белгіленуі мүмкін (мысалы, кіру құқығы шектелген бөлме есігіндегі тақтайша). Аудиторлар мұндай тәсілдердің әрбірінің қолданысын бағалауы қажет.

6.5.1.3 Кеңселерді, бөлмелер мен жабдықтарды қорғау

Олардың қауіпсіздігіне ерекше талаптар қойылатын кеңселер, бөлмелер мен жабдықтарды қорғау үшін арнайы қорғалған салалар құрылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Қорғалатын салаға қамтамасыз етілетін қорғаныс деңгейі құпия ақпаратпен жұмыс істеу процедураларына сәйкес, онда сақталатын ақпарат құпиялылығының максималды деңгейіне сәйкес болуы қажет. Бұл мәселе тәуекелдерді бағалауға тікелей байланысты, және аудиторлар осыны назарға ала отырып, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар сәйкестендірілген, ал қорғаныстың жүзеге асырылған құралдары оларға сәйкес келетініне көз жеткізуі қажет.

Қолжетімділікті басқарудан басқа, аудиторлар электр энергиясының берілуі, төтенше жағдайларда қорғау, табиғи апаттардан қорғау (өрт қауіпі бар ма, бөлменің су астында қалуы мүмкін бе) сияқты қауіпсіздік және қолжетімділікті басқа да аспектілерін зерттеуі қажет және мұндай қауіптер төнген жағдайда оларды қалай алдын алу немесе олардың салдарын қалай төмендету қарастырылғанын анықтауы керек. Сонымен қоса, төмендегі «Жабдықтарды орналастыру және қорғау» және «Электр қорек көздері» (6.5.2-т) бөлімдерін қараңыз.

6.5.1.4 Қорғалған салаларда жұмыс жасау

Қорғалған салаларда қауіпсіздікті арттыру мақсатында бақылаудың қосымша құралдары және қорғалған салаларда жұмыс жасау ережелері қолдануы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Қорғалған салаларда жұмыс жасаушы қызметкерлер үшін ұйымда жұмыс жасалатын құпия және сындарлы ақпарат үшін жеткілікті болып табылатын қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз етуші ерекше басқару құралдары қолданылуы қажет. Аудиторлар келесі жағдайларды тексеруі тиіс:

– қорғалған салаларға тек арнайы рұқсаты бар тұлғалардың ғана кіруіне мүмкіндік беруші жеке қолжетімділікті басқару құралдарының болуы;

– компания қызметкерлеріне қорғалған салаларда жүргізілетін жұмыстар туралы қаншалықты мәлім екенін және бұл мәліметтердің қажетті шектен аспауын тексеру;

– ақпаратты қорғалған аймаққа енгізу және одан шығару қаншалықты оңай (ақпарат қағаз құжаттарда болуы немесе дискте жазылуы мүмкін);

– қорғалған аймаққа суретке түсіру, бейне-, аудио- немесе басқа д ажазу құралын енгізу, сондай-ақ оны қолды немесе автоматты режимде жазу үшін қолдану мүмкін бе;

– мұндай аймақтарда жұмыстарды бақылау жеткілікті түрде жүзеге асырыла ма және қажет етілген жағдайда екі еселеген бақылау механизмдері қарастырылған ба.

6.5.1.5 Оқшауланған қабылдау және түсіру орындары

Қабылдау және түсіру орындары бақылануы қажет және мүмкіндік болса, рұқсатсыз енудің алдын алу мақсатында ақпаратты өңдеу құралдарынан оқшауланууы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аталмыш басқару құралы қабылдау және түсіру операциялары кезінде қауіпсіздік оқиғаларын болдырмауға арналған. Жүктерді түсіру бөгде қызметкерлерімен жүргізілуі мүмкін, олардың ұйым аймағында жүруін шектеу қажет. Егер жеткізілген жүктерді қабылдау кезінде бастапқы тексеріс жүргізілмеген және тесттеуден өткізілмеген болса немесе сақтау шарттары орындалмаған болса, жеткізілген жүктер қауіп төндіруі мүмкін. Ұйым территориясынан шығарылатын жүктер ішіне абайсызда құпия ақпарат түсуі мүмкін. Нақты жағдайда қолданылатын барлық қатер салалары тәуекелдерді бағалау негізінде анықталуы тиіс, ал ұйым тікелей қауіпсіздікті бұзудың алдын алу және олардың салдарын төмендету үшін адекватты шараларды қолдануы қажет. Мысалы, жеткізілген жүктерді кім қабылдайды: оның сұранысы бойынша жеткізілген қызметкермен, қойма қызметкерімен немесе қабылдау бөлмесінің хатшысымен? Жеткізілген жүктер ары қарай қайда бағытталады: олар бірден қорғалған аймаққа жеткізіледі, қоймаға жөнелтеді немесе адресаттың өзіне тікелей жіберіледі?

6.5.2 Жабдықтарды қорғау

Мақсаты: Ресурстардың жоғалуын, зақымдалуын немесе ашылуын, сондай-ақ ұйым жұмысындағы іркілістің алдын алу.

6.5.2.1 Жабдықтарды орналастыру және қорғау

Жабдықтар сыртқы ортаның әсеріне байланысты қатерді және рұқсатсыз кіру мүмкіндігін азайтатындай етіп орналастырылған немесе қорғалған болуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ұйымдар қолданатын жабдықтардың қалай қорғалғанын көрсетуі қажет. Жабдықтар сигнализацияның іске қосылуын болдырмай бөлме ішіне оңай енуге болатын терезе сияқты, тікелей қатер аймақтарынан алыста орналастырылуы қажет. Сонымен қатар, компьютерлік терминалдардың экрандары қорғалған аймақтардан тысқары жерден қарастырыла алатынын ескеру қажет.

Бірқатар жағдайларда компьютерлік жабдықтарды қызметкерлердің жұмыс үстеліне орнату қажет. Қасақана зақымдаудан қорғаумен қатар, жабдықтарды бөлмедегі жөнсіздік, қадағаланбайтын кіріс, тұрақсыз жиһаз, төгілген сұйықтық және т.б. кездейсоқ зақымдаудан, сондай-ақ қоршаған ортаның жағымсыз әсерінен; су, химикаттар, өрттен қорғау қажет. Ұйымда сәйкес қорғаныс шаралары жасақталғанын және жүзеге асырылғанын тексеріңіз.

Тексеру компьютерлік техника орналасқан бір жермен ғана шектелмеуі керек. Көршілес бөлмелерде өрт немесе су басу қатерлерінің болуын тексеріңіз. Ірі ұйымдарда әдетте, ғимарат (кеңсе) жоспары бар болады. Онымен танысып, қауіпсіздік тұрғысынан жабдықтардың орналасуының адекваттығына баға беріңіз.

6.5.2.2 Электр қорегінің көздері

Жабдықтар электр қорегі жүйесіндегі үзілістер мен электр желісіндегі басқа да ақаулардан қорғалған болуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Электр энергиясын берудегі кідірістен қорғаудың қажетті деңгейі сақталатын ақпараттың сындарлы және қауіпсіздік талаптарына, сонымен қатар жүйе құрамындағы жабдықтарға байланысты (мысалы, жүйе қолжетімділігі бойынша талаптар жоғары болса, электр қорегін қамтамасыз етуге арналған басқару құралдары да күрделірек болуы қажет). Кез-келген жағдайда, аудитор тым болмаса қорғаныстың минимальды деңгейі – кернеу өзгерісін біркелкі ету жүзеге асырылғанына көз жеткізуі қажет.

Одан да күрделірек талаптар қойылған жағдайда, жеткілікті резервтік көздердің және резервтік көшіру жүйелерінің болуын тексеріңіз: қосымша генераторлар, ҮҚК, дискілік RAID-массивтер және т.б. Егер мұндай жабдықтар бар болса, келесі жағдайларға назар аударыңыздар: резервтік схема бойынша электр энергиясы жеткілікті өндіріле ме; резервтік көздер қандай уақыт аралығында жұмыс істейді; бұл уақыт аралығы ұйымның келісім-шарттық міндеттеріне сәйкес келе ме; резервтік қоректендіру жүйелерін тестілеу және оған қызмет көрсету кезінде өндіруші ұсыныстары сақтала ма. Аудитор сонымен қоса, электр энергиясы тоқтаған жағдайда ұйым бөлмелері апаттық жарық беру жүйелерімен қамтамасыз етілгенін тексеруі қажет.

6.5.2.3 Кабельдік желістің қорғалуы

Электр қорегінің кабельдері мен деректерді өткізу немесе ақпараттық сервистерді қолдау үшін қолданылатын желілік кабельдер ақпаратты кесіп алу немесе зақымдау мүмкіндігінен қорғалуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Кабельдік қосылыстар мен ағытпалардың жалпы күйіне баға беру қажет: олар дұрыс жалғанған немесе жүргізілген бе, кабельді дұрыс орнатпағандықтан және т.б. себептерден туындаған қауіп жоқ па.

Коммуналдық қосылыстардың ажыратпасы пайдаланушылардың бір бөлігі үшін сындарлы мәселе болуы мүмкін. Аудиторлар қандай қатерлердің коммуникация мәселелеріне байланысты екенін анықтап, қорғаныстың тікелей әлсіз тұстарын айқындауы қажет: ғимараттар мен бөлімдер арасында салынған желілік кабельдер, болуы мүмкін зақымдалудан немесе рұқсатсыз тыңдалудан қорғалмаған телефон желістері.

6.5.2.4 Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету

Жабдықтың тұрақты қолжетімділігі мен бүтіндігін қамтамасыз ету мақсатында оған тиісті техникалық қызмет көрсетілуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудиторлар ұйымда жеткізушімен кеңесілген және ұсынылған спецификацияларға сәйкес кезеңділікпен жабдықтардың күтімін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін басқару құралдары жүзеге асырылғанына көз жеткізу қажет. Сонымен қатар, ауа сүзгіштерін, принтер және магнитті таспалардағы жинағыштардың механикалық бөлшектерін тазарту сияқты, қарапайым шараларды жүргізу күрделі істен шығу жайттарының алдын алуға көмектесуі мүмкін. Компьютерлерінің тұрғылықты дисктерін тұрақты дефрагментациялау сияқты қатардағы операциялар жұмыс тиімділігіне едәуір әсер етуі мүмкін.

Ұйымда қызмет көрсету бойынша шаралардың қандай процедуралары қарастырылғанын анықтаңыз, олардың жеткілікті болуын тексеріңіз және олардың белгіленген процедураларымен сәйкестігін анықтау үшін қызмет көрсету бойынша жазбаларды тексеріңіз. Ұйымда жұмыстың кідірістері туралы хабарлауға арналған формальды тетігі қарастырылуы қажет. Ондайдың болуын қадағалаңыз, сонымен қатар анықталған кемшіліктер және оларды жою туралы жазбаларды тексеріңіз. Жабдықтарға сервистік қызмет көрсету бойынша шаралар тек сәйкес рұқсаты бар қызметкерлермен жүргізілетініне, ал қызмет көрсету жөніндегі процедуралар бөгде тұлғалармен жүргізілген жағдайда, оларды жауапты қызметкерлер сүйемелдейтініне көз жеткізу қажет.

6.5.2.5 Ұйымнан тысқары қолданылатын жабдықтарды қорғау

Ұйым аумағынан тыс ақпараттарды өңдеуге арналған жабдықтардың кез-келген қолданысы басшылықпен рұқсат етілген болуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аталмыш басқару құралы ұйым аймағынан тысқары қолданылатын кез-келген жабдық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Негізгі қызметінің түріне байланысты ұйымның бір бөлігі үшін бұл проблема көкейтесті болып

табылмайды, бірақ көптеген мекеме үшін бұл мәселе жеткілікті түрде маңызды.

Ұйымдағы қорғалған ортадан тысқары жабдықтарды пайдалану қауіпсіздік саласындағы бірқатар проблемалармен және қосымша қатерлерге байланысты. Сондықтан аудиторлар негізгі аумақтан тысқары физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған басқару құралдары ұйымдағы қауіпсіздіктің стандартты деңгейіне сәйкес қорғаныстың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ететіндігіне көз жеткізуі қажет. Негізгі аумақтан тыс қолданылатын жабдықтардың бақылаусыз қалмайтынын, ал қажет жағдайларда балама сақтандыру қамтамасыз етілетінін кепілдеуші процедуралар мен ұсыныстар қарастырылуы қажет.

6.5.2.6 Жабдықтарды сенімді түрде кәдеге жарату немесе оны қайта пайдалану

Жабдықты кәдеге жарату немесе қайта пайдаланудан бұрын ондағы ақпаратты өшіру қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ұйымда кәдеге жаратуға арналған жабдықтар мен қандай да бір жолмен қадағаланбайтын басқа да жабдықтардан деректерді өшірудің тиімді процессі қарастырылуы қажет. Аудиторлар пайдаланушылардың аталмыш жағдайда қауіпті жете түсінетіндігін, ал ұйымда кәдеге жаратуға арналған құрылғыларда құпия ақпараттың болмайтындығын кепілдейтін тиімді құралдарының болуына көз жеткізуі қажет. Магнитті таратушылардан ақпаратты өшіру қауіпсіз тәжірибе болып табылмайды: бірқатар жағдайларда деректер өшірілген соң да оқылады. Деректер толық өшірілуі үшін ақпаратты бірнеше рет форматтау немесе қайта жазу қажет болуы мүмкін. Сәйкес саясат ақпарат таратушылардың барлық түріне таратылуы мүмкін – мысалы, құпия ақпараты бар таратушылардың сәйкестендірілуін барынша күрделендіру үшін барлық жазба/жапсырмаларды жою қажет болуы мүмкін.

Қатерлердің сипатына байланысты ең тиімді әдіс дисктер мен магнитті таспаларды физикалық жою болуы мүмкін; бұл сонымен қатар компьютерлерге орнатылған тұрғылықты дисктерге де қатысты болуы мүмкін. Кейбір ұйымдар мұндай әдісті шамадан тыс қатаң деп санауы мүмкін, бірақ ақпараттың магнитті таратушылары онша қымбат емес және оларды жоюды шығыны құпия және әшкерелейтін деректерді жоғалтудан гөрі арзанырақ болатыны сөзсіз. Сонымен қатар, сервиске жөндеу үшін берілетін жабдықтарға назар аудару қажет: маңызды ақпаратты түрлендіру немесе ашу мүмкіндігі тексеріле ме?

6.5.3 Басқарудың жалпы құралдары

Мақсаты: ақпараттың және ақпараттық жүйелер жабдығының ұрлануын немесе әшкереленуін болдырмау.

6.5.3.1 Компьютерлік терминалдар және жұмыс үстелін пайдалану саясаты

Ұйымдар ақпараттардың рұқсатсыз ашылуы, жоғалуы және зақымдалуының қатерін азайтуға бағытталған компьютерлік терминалдар мен жұмыс үстелін пайдалану ережелерін бекітуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аталмыш басқару құралының мақсаты кез-келген текті құпия ақпарат (электронды, қағаз формадағы, таратушыға жазылған және т.б.) тиісті бақылаусыз қалдырылмайтынын кепілдеу, сондай-ақ ақпараттың жоғалуынан (әшкерелеуден, түрлендіруден және ашылудан) қорғанысты қамтамасыз ету болып табылады. Қарастырылған шаралар жұмыс уақытында, сондай-ақ жұмыс уақытынан тыс кездері қолданылуы қажет. Сонымен қатар, «Ақпаратты жүйелеп топтастыру» бөлімінде сипатталған қағидаларға сәйкес ақпаратты тиісті түрде жүйелеп топтастыру қажет.

Сыртқы қызметкерлер тарапынан (мысалы, сыпырушы) құпия ақпаратты ашу қауіпін ескеруші қорғаныс шараларын қолға алу қажет. Сонымен қатар, жұмыс күні аралығында үстелдер, қағаз қоюға арналған шкафтар, сейфтер және т.б. қараусыз қалдырылған кезде не болатынын тексеру қажет: ол қауіпсіздікті бұзуға әкелмей ме? Сонымен қатар, қызметкерлер болмауының ұзақтығына тәуелсіз, қызметкерлер болмағанда компьютерге кіру мүмкіндігі бар екенін есте сақтау қажет. Мұндай жағдайда парольмен қорғалған экранды қорғағыштарды пайдалану, компьютерді сөндіру немесе компьютерлік терминалдарды пайдалану саясатымен қарастырылған басқа кез-келген басқару құралдарын пайдалану қажет.

Бірқатар жағдайларда «Басқару құралдары» бөлімінде сипатталған логикалық қолжетімділікті басқарудың қосымша құралдарын пайдалану қажет. Егер барлық аймақ үшін қауіпсіздіктің ортақ сәйкес деңгейі қамтамасыз етілген болса, ал оның аясындағы қызметкерлер кіру кезінде тексеруден өтсе, қосымша шараларды қолдану міндетті емес. Жалпы алғанда қауіпсіздік саясаты нақты айқындалғанын, ал қызметкерлер сәйкес процедуралар туралы мәліметтенгенін және оларды орындайтындығын тексеріңіз.

6.5.3.2 Мүліктерді ұйымнан тыс шығару

Ұйымға тиесілі жабдықтарды, ақпаратты немесе бағдарламалық құралдарды ұйымнан тысқары шығаруға басшылық рұқсаты берілуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Көптеген ұйымдар қызметінің спецификасы тұрақты түрде қызметкерлердің жабдықтарды, деректерді және құжаттамаларды территориядан тыс шығаруын талап етуі мүмкін.

Бұл үйде жұмыс істеу кезінде, кездесулер және мәжілістер өткізу және т.б. жағдайларда талап етілуі мүмкін. Бірқатар ұйымдар үшін мұндай

жағдайларды қадағалау күрделі мәселе болуы мүмкін. Аудитор ең алдымен ұйымда бұл мәселенің өзін, сондай-ақ оның шешімін басқарудың тиімді құралдарын сәйкестендіргеніне көз жеткізу қажет. Бірнеше мүмкін нұсқалар бар:

– Кез-келген құпия ақпаратты шығаруға тиым салынған. Бір қарағанда бұл ең қарапайым шешім, бірақ көптеген ұйымдар үшін мұндай ұстанымды қолдану қиынға соғуы мүмкін. Мұндай шешім қауіпсіздік талаптары өте қиын ұйымдар үшін сәйкес келеді.

– Құпия ақпаратты шығаруға таңдалған басқару құралдарына сәйкес жол беріледі. Мұнда ұйымнан қажетті басқару құралдарының қатаң тізімдемесі мен ақпаратты шығаруға рауалы нақты анықтама қажет.

– Құпия ақпаратты шығару ешқандай жолмен қадағаланбайды. Бұл нұсқа үлкен қауіп төндіруі мүмкін және оны жүзеге асыру ұйымнан тысқары құпия ақпаратпен жұмысты реттеуші қосымша басқару құралдары болмаған жағдайда ұсынылады.

Аудитор ұйым саясатында қандай ұстаным таңдалғанын анықтағаны жөн, содан соң сәйкесінше құжатталған процедуралармен танысуы қажет. Мүлікті енгізу/шығару кезінде тіркеу жүйесі қолданыла ма, қандай рұқсаттар талап етіледі және олар қайда белгіленеді, бұл ережелер барлық заттар үшін қолданыла ма, әлде шектеулі түрлеріне ғана қатысты ма? Басшылық тарапынан нормалардың орындалуы қалай қадағаланады? Шамадан тыс қатаң тәртіп қабылданған процедураларды айналып өтуіне әкелуі мүмкін, ал тым жұмсақ тәртіп қауіпсіздіктің өрескел бұзылуына әкеледі. Құпиялықты сақтау туралы келісім ұйым территориясынан тыс қызметкердің иелігіндегі ақпарат үшін жауапкершілікті қарастыра ма? Көптеген қызметкерлер ықшам компьютерлерді пайдаланады: ұйымда олармен және онда қамтылған құпия ақпараттармен жұмыс істеуге арналған қандай басқару құралдары жүзеге асырылған? Компьютер жадына немесе электронды таратушыға жазылған ақпарат жасырыла алады (мысалы файл атауын өзгерту); осымен күрес үшін іздеу құралдары қажет етіле ме, егер иә болса, оларды қашан қолдану қажет?

Қазіргі кезде коммуникация құралдарының қолжетімділігі ақпаратты ұйымнан тыс шығару үшін физикалық таратушыларды қолдану міндетті болмайтынын білдіреді; аудиторлар мысалы, Интернет арқылы кіру кезінде деректерді өткізудің қандай бақылау механизмдері қолданылатынын анықтауы қажет.

6.6 Компьютерлік жүйелеріне және есептеу желілеріне әкімшілік ету

6.6.1 Операциялық процедуралар мен міндеттер

Мақсаты: Ақпаратты өңдеу үшін қолданылатын құралдардың дұрыс және сенімді қызмет етуін қамтамасыз ету.

6.6.1.1 Құжатталған операциялық процедуралар

Қауіпсіздік саясатында сәйкестендірілген операциялық процедуралар құжатталып, бекітілуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудиторлар құжаттамада шынайы айқындалу және ұйымның қажет болған салаларында реттілікпен пайдалану нысанына ұйымның операциялық процедураларын зерттеп, талдауы қажет. Аталмыш процедуралардың толықтығын тексеру үшін аудиторлардың ұйым жұмысы мен әр түрлі операциялық процесстер туралы жалпы түсінігі болуы қажет.

Қосымша, осы процедуралардың пайдаланылуын, қолдануын және орындалуын тексеру қажет. Сонымен қатар, сәйкес рұқсатсыз процедураға өзгерістер енгізуді мүмкінсіздігін, сондай-ақ оларды және олармен байланысты кез-келген басқару құралдарын айналып өту мүмкінсіздігін кепілдеуші тексерісті жүргізу қажет.

Желілік сервистерді пайдалану және әкімшілік ету жауапкершілігі жекелеген бөлімшелерге немесе тіпті жекелеген ұйымдарға артылған. Сәйкесінше аудитор бұл мәселенің ұйымда қандай жолмен шешілгенін түсінуі қажет және сервистік шаралар мен процедуралар сәйкес деңгейде дұрыс құжатталғанына көз жеткізуі қажет. Кейбір салаларда жұмыстарды жүргізу жөніндегі нақты нұсқамалар қажет. Сонымен қатар, пайдалану және әкімшілік ету процессінде жабдықтарды жеткізушілердің құжаттамасы белсенді түрде қолданылатыны айқын, сондықтан оның болуын және мерзімділігін тексеру қажет.

6.6.1.2 Өзгерістерді бақылау

Ақпаратты өңдеу жүйелеріндегі және құралдарындағы барлық өзгерістер қадағалануы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудитор ақпараттарды өңдеуде қолданылатын құралдардағы өзгерістерді бақылау бойынша жауапты тұлғалар мен формальды процедуралардың болуын тексеруі қажет. Мұндай өзгерістердің барлығы қадағаланып, ал нақты өзгерістердің мән-жайы сәйкес хаттамаларда тіркелуі қажет. Бірде-бір өзгеріс оның енгізілуінен болуы мүмкін зияндарды бағалаусыз жүргізіле алмайтыны кепілденуі қажет, ал әрбір ұсынылған өзгерту сәйкес түрде бекітілуі қажет.

Ұйымда проблемалық жағдайларда әрекет ету тәртібін сипаттаушы процедуралар қарастырылуы қажет; сондай-ақ өзгертулерді енгізу жөніндегі жұмыстар қажет болған жағдайда бастапқы қалпына келуге мүмкіндік беруші сәйкесінше қайтару процедуралары болған жағдайда ғана басталатынын кепілдеу қажет. Аудиторлар бұл процедуралардың енгізілген өзгертулер туралы барлық мүдделі қызметкерлерге хабарлау жүйесін қамтитынына көз жеткізуі қажет. Егер операциялық өзгертулер

қосымшалардағы өзгерістерге әкелетін болса, мұндай өзгертулерді де интеграциялау қажет.

6.6.1.3 Жағдайларға әрекет ету процедуралары

Қауіпсіздік жүйесіндегі оқиғаларға дер кезінде, тиімді және ұйымдасқан түрде әрекет ету үшін және оқиғаларға байланысты деректерді жинақтау үшін (бақылау журналдары сияқты), сәйкес процедуралар мен әкімшілік міндеттер анықталуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудитор оқиғаларға әрекет ету процедураларының болуын (оқиғамен жұмыс жөніндегі процедуралар), сондай-ақ олардың «Қауіпсіздік жүйесіндегі оқиғалар туралы хабар беру» бөлімінде сипатталған хабарлау схемасына сәйкестігін тексеруі қажет.

Барлық шаралардың процедуралардың сипаттамасында дұрыс құжатталғанын, басшылық тарапынан сәйкес бақылаудың болуын, сонымен қатар оқиғалар мен жауапты шаралар жөніндегі деректер тиісті түрде тіркелетінін тексеріңіз.

6.6.1.4 Міндеттерді бөлу

Ақпараттар немесе сервистерді рұқсатсыз түрлендіру немесе орынсыз пайдалану мүмкіндігін азайту үшін міндеттерді және жауапкершілік аймақтарын бөлу жүзеге асырылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Кішігірім ұйымдар үшін аталмыш мәселеде қиындықтар туындауы мүмкін: сонымен қатар, бұл бөлімде оларды қолдану үшін бөлу қағидасы ұсынылатын типтік міндеттемелер анықталады. Ірі мекемелер үшін бөліну қағидасы қалыптасқан факт болып табылады және олар процедураларды тиісті түрде айқындалған. Тәуелсіз операциялар стандартында тізімі берілген барлық салалардың ішінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және аудит ең маңызды болуы мүмкін және бірінші кезекте қарастырылуы тиіс.

Аудитор өңдеу кезеңдері мен шығару арасында деректер мен нәтижелердің қандай тәуелсіз тексерістер жүргізілетінін анықтауы қажет. Қатерлердің толық анализі аясында ұйым сындарлы процесстерді қарастырып, шамадан тыс тексерістер мен түзетулер үшін дара жауапкершілік көтеретін қызметкерлердің болуын анықтауы қажет. Сындарлы міндеттерге арналған жұмыс процедураларын қарастырыңыз: сырқаттануына немесе мереке күндеріне байланысты жұмысқа шықпау жағдайлары қалай шешіледі, мұндай жағдайлар операциялар тәуелсіздігіне қатер төндірме ме? Міндеттерді бөлу қағидасын тиімді түрде жүзеге асыру үшін ұйымда міндетті мерекелік кезеңдерді енгізу қажет етілуі мүмкін.

6.6.1.5 Жұмыс құралдары мен жасақтау құралдарын бөлу

Жасақтау және тестілеу құралдары жұмыс құралдарынан жеке қолдануы қажет. Бағдарламалық құралдарды бағдарлама мәртебесінен

жұмыс бағдарламасы мәртебесіне жасақтау үшін ауыстыру жөніндегі ережелер анықталып, құжатталуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Кішігірім ұйымдар үшін аталмыш талаптарды орындау қиынға соғуы мүмкін, бірақ жұмыс процессі кезінде іркілісті болдырмау үшін мұндай бөліністік қамтамасыз ету өте маңызды. Сәйкесінше аудитор бөлу қалай жүзеге асырылғанын және бекітудің қандай процедуралары жасақтау процессіндегі немесе тестіленбеген бағдарламалық құралдардың жұмыс жүйелерінде қолданбайтынын кепілдейтінін анықтауы қажет.

Егер жұмыс қосымшалары және ақпараттар жасақталушы және тестіленуші БҚ орналасқан компьютерлік жүйеде сақталатын болса, аудитор жаңа жасақтамалар мен жұмыс құралдарының араласуына жол бермейтін мықты басқару құралдары қолданылатынына көз жеткізуі қажет.

Жұмысшы, тестілеу жүйелері мен жасақтау жүйелері үшін әр түрлі есепке алу жазбалары мен парольдер қажет етілуі мүмкін; компиляторлар, жүйелік утилита, бағдарламаларды өңдеу құралдары және т.б. сияқты жасақтаушы аспаптары жұмыс жүйелерінен қолдануға рұқсат етілмеуі қажет. Жаңа бағдарламалық құралдар қолданысқа қалай енгізілетінін тексеріңіз және жаңа БҚ жасақтама және тестілеу кезеңінде емес екеніне көз жеткізіңіз.

6.6.1.6 Бөгде ұйымдардың әкімшілік етуі

Әкімшілік ету жөніндегі бөгде ұйымдардың қызметін пайдаланбас бұрын, қатерлер сәйкестендірілуі қажет, ал басқарудың сәйкес құралдары мердігермен келісілуі қажет; бұл ақпарат келісім-шартқа енгізілуі тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Жүйелерге әкімшілік ету бойынша (ЖӘ) бөгде тараптардың қызметін пайдаланушы ұйымдар жоғарыда аталған талаптарды толық көлемде орындауы қажет. Қауіпсіздік жөніндегі талаптарды және басқарудың қажетті құралдарын сәйкестендіру үшін қатерлер анализін жүргізу керек, содан соң келісімді бекіту және сервистік келісімге қол қою бойынша келіссөздер жүргізіледі, ал соңында өнімділік мониторингісін жүргізу қажет.

Аудитор ЖӘ бойынша ұйымның қызметтерді пайдалануы кезінде жоғарыда аталған мәселелердің шешілгеніне көз жеткізуі қажет. Сонымен қатар, мониторинг нәтижелерін сараптау қажет: ұйым қандай жолмен маңызды және құпия ақпаратпен жұмыстың саналылығын қадағалайды? Оларда қауіпсіздік тұрғысында, сондай-ақ жұмыстың жалпы қағидалары тұрғысында олар қолданылатын ЖӘ процедуралары туралы ақпарат бар ма? Олардың жүйесіне кіруге рұқсаты бар қызметкерлер туралы олар не біледі?

5.6.2 Жүйелерді жоспарлау. Оларды қабылдау

Мақсаты: Жүйенің істен шығу қатерін азайту.

6.6.2.1 Ауыртпалықты жоспарлау

Есте сақтаушы құрылғылардың сыйымдылығы мен жүйелердің тиісті өнімділігін қамтамасыз ету үшін ауыртпалық мониторингі жүзеге асырылып, ауыртпалыққа болашақта қойылатын талаптар қатысында болжамдар жасалуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ұйымдар көбіне негізгі операциялық қажеттілікті дер кезінде жоспарлауға салғырт қарайды, сондықтан аудиторлар аталмыш проблемаларды жою бойынша ұйымдардың мүмкіндігіне баға беруі қажет. Ең алдымен «Қандай параметрлерге көңіл аудару қажет?» мәселесін қарастыру қажет. Әдетте, бұл дискті жинақтағыш пен деректерді сақтаудың басқа құрылғыларының сиымдылығы, ақпаратты тарату кезінде өткізу қабілеті, принтерлерді пайдалану және басқа да мүмкін болатын «тар салалар» болып табылады. Содан соң, мониторинг көмегімен алынған ақпарат өнімділік бойынша болашақта қойылатын талаптарға баға беру үшін қалай қолданылатынын сараптау қажет. Дәстүрлі қадағалау және ағымдағы талаптарды бағамдау жұмыстағы минималды іркіліспен аппараттық құралдарды жоспар бойынша жаңартуға мүмкіндік береді. Мұнда тенденция талдаулары негізінде талап етілген өнімділік бойынша деректер алу, сондай-ақ жабдықтарды жаңарту бойынша жоспарлар мен қажеттіліктерді тексеру және сәйкестендіру кіреді. Сонымен қатар, жұмыс күшіндегі қажеттіліктерді жоспарлауды тексеру қажет. Жеткіліксіз кадрлық ресурстар сындарлы жағдайда қауіпсіздіктің бұзылуына әкелуі мүмкін.

6.6.2.2 Жүйелерді қабылдау

Жаңа ақпараттық жүйелерді, жаңарту және жаңа нұсқаларды қабылдау белгілері жасақталып, қабылдау сәтіне дейін тиісті түрде тексерілуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Жаңа жүйелерді енгізу немесе қазіргі уақытта қолданыстағы жүйелерді жаңарту мұқият жоспарлауды қажет етеді. Сервистердің бөгелуіне немесе жұмыс істеуші жүйелердегі деректердің әшкереленуіне жол бермеу үшін, жаңа жүйелерді енгізу, жабдықтарды жаңарту және бағдарламалық құралдардың жаңа нұсқаларын орнатудың қатаң қадағалануын жүзеге асыру қажет.

Аудиторлар жаңа жүйелерді енгізу және ескі жүйелерді жаңартуды бастамас бұрын қанағаттандырылуы қажет қабылдаудың нақты талаптарын анықтауы қажет. Жаңа жүйелер немесе процесс қолданысқа енгізілмес бұрын, олар мұқият тексерістен өтуі қажет. Қандай тестілеу жоспарлары қарастырылған, олардың саналылығы тексерілген бе, алынған нәтижелер қалайша белгіленген?

Тестілеудің жеткілікті деңгейі жаңа қызметтерді қарапайым тексеруден гөрі ауқымды шараларды қамтиды; регрессиялық тестілерге жеткілікті назар аударылды ма, пайдаланушылардың енгізу кезіндегі қателері мен дұрыс емес деректеріне жүйенің реакциясына тестілеу жүргізілді ме, қолжетімділікті бақылау тұрғысында қауіпсіздік толық қамтамасыз етілді ме, қауіпсіздік басқарудың басқа құралдары тексерілді ме?

Жүйені қабылдаумен қоса тренингтер өткізілуі мүмкін; мұндай мүмкіндік қарастырылды ма, оқыту шараларының көлемін кім анықтады, тренингті дайындау және өткізу кезінде барлық қызығушылық танытқан қызметкерлер қамтылды ма? Қолданысқа енгізуден бұрын қорытынды қабылдауға кім рұқсат береді? Аталмыш сәттер нақты анықталғанын және құжаттама түрінде бекітілгенін тексеріңіз.

6.6.3 Зиянды бағдарламалық қамсыздандырудан қорғау

Мақсаты: Ақпараттың және бағдарламалық қамсыздандырудың бүтіндігін қамтамасыз ету.

6.6.3.1 Зиянды бағдарламалық қамсыздандырудан қорғаныс құралдары

Зиянды бағдарламалық құралдардан қорғанысты қамтамасыз ететін, анықтау және алдын алу құралдары жүзеге асырылуы қажет, сондай-ақ пайдаланушыларға ақпарат беру бойынша сәйкес процедуралар жасақталуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Зиянды бағдарламалық құралдар барлық операциялық жүйелер үшін үлкен проблема болып табылады; сәйкесінше аудиторлар барлық қажетті басқару құралдарының адекваттығына көз жеткізуі қажет. Зиянды БҚ қорғанысының бағдарламалық құралдарын орнатудың бірнеше нұсқалары бар: кейде қорғаныс бағдарламалары серверге орнатылады және сол сәтте қосылған барлық клиенттік серверлер үшін жұмыс істейді, басқа бағдарламалар әрбір жұмыс станциясы үшін жеке орнатуды талап етеді. Жаңартуларды орнату кезінде БҚ бөлімі толық алмастырылады, ал басқа бөлімдерде жаңартулар тек белгілі кітапханалар мен базаларды ғана қамтиды; сәйкесінше аудиторлар әр нақты жағдайда бағдарламалық құралдардың ағымдағы нұсқасын қалай анықтау қажеттігін түсінуге міндетті.

Тексеруді талап ететін тағы бір маңызды сәт қажетті жаңартуды орнату тұрақтылығы болып табылады: автоматты жаңарту жүйесі қолданыла ма, әлде қорғаныстық БҚ жаңарту қажеттілігі туралы хабар беретін басқа әдіс қолданыла ма. Ықшам есептеу құрылғылары қосымша проблема туындатуы мүмкін: оларға қалайша жаңартуларды тұрақты орнату кепілден еді? Егер жаңартуларды іздестіру тұрақты түрде фондық режимде жұмыс істемесе (өкінішке орай, үнемі жүзеге асыру мүмкін емес, қалаулы нұсқалардың бірі), процедураларға нақты түрде жаңартуларды болуын тұрақты тексеру жүйесі

енгізілуі қажет. Сонымен қатар, ұйымда жүктелетін бағдарламалық құрал қатысында нақты саясат қарастырылған болуы қажет.

Ұйымда қабылданған процедуралар компьютерлік вируспен залалданған жағдайда қажетті әрекеттердің барлығын сипаттауы қажет. Зиянды бағдарламалардың барлық пайда болу фактілері тиісті түрде тіркеуге алынуы қажет. Қандай қорғаныс бағдарламалық құрал қолданылатынын тексеріңіз: ол қорғаныстың талап етілген деңгейін қамтамасыз ете ме және мұндай БҚ үшін қажетті техникалық қолдау жүзеге асырыла ма?

Тегін бағдарламалық пакеттер (мысалы, Интернет арқылы жүктеуге болатын) қажетті қауіпсіздік қорғанысын үнемі қамтамасыз етпейді, ал сирек жағдайларда қосымша шығынға ұшыратуы мүмкін. Жұмыс станцияларының операторлары қорғаныс БҚ, қосымшалар, операциялық жүйелер және т.б. дұрыс жұмыс істеу әдістері туралы мәлімденгеніне және осы әдістерді іс жүзінде қолданатынына көз жеткізіңіз: мысалы, стандартты процедурамен қарастырылмаған парольды сұрату сәйкестендіру деректерді сұрау және маңызды ақпаратты ашуға талап болуы мүмкін.

6.6.4 Жүйелерге қызмет көрсету

Мақсаты: Ақпараттық сервистердің бүтіндігін және қолжетімділігін қамтамасыз ету.

6.6.4.1 Деректерді резервке көшіру

Өндірістік қызметке байланысты маңызды ақпарат үшін, сондай-ақ бағдарламалық құрал үшін тұрақты түрде резервтік көшірмелер құрылып, тексерілуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Резервтік көшіру – ақпараттың бүтіндігін және қолжетімділігін қолдауға арналған негізгі компонент. Ұйымда резервтік көшіру және резервтік көшірмелермен жұмыс істеу жөніндегі шаралардың толық процедуралары қарастырылуы тиіс. Ең алдымен, резервті көшіру кезінде әрекеттердің кезектілігін тексеру қажет: ол өндірістік қызмет және қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкес болуы және ұйымның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және қалпына келтіру жоспарларымен үйлесуі қажет.

Типтік желілік конфигурацияға арналған резервтік көшірме серверде орналастырылған деректер базасының толық көшірмесін, сонымен қоса бүтіндік және қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкес берілген жиілікте (мысалы, күнделікті, апта сайын, ай сайын) жазылатын инкрементті жаңартулардың біршама мөлшерін қамтиды. Көшірменің АҚБЖ қолданысының барлық аймағын қамтитынына көз жеткізіңіз.

Сонымен бірге, резервтік көшірмелер қалай таңбаланатынын және олардың қайда сақталатынын тексеру маңызды: әрбір заттық бірлікті бір мағынада сәйкестендіруге болатынын, ол туралы деректер тиісті түрде

тіркелгеніне және сақтаудың қауіпсіз жағдайлары қамтамасыз етілгеніне көз жеткізіңіз. Резервтік көшірмелері бар таратушылардың және осы деректер алынған жүйелердің сақталатын орны әр түрлі жерде орналасуы қажет; сонымен қатар, негізгі деректерге сияқты дәл сондай қауіпсіздік деңгейін резервтік көшірмелерге қамтамасыз ететін басқару құралдары жүзеге асырылуы тиіс.

Сындарлы деректерді ұзақ мерзім сақтауға қандау талаптар қойылатынын, осы талаптардың сақтауын ұйымда қалай қадағалайтынын анықтаңыз – резервтік көшірмелер жазылған таратушылар өздігінен тозуы және алмастыруды талап етуі мүмкін. Сондай-ақ, резервтік көшіру процедураларды қарастыру қажет, көшіру жасалу мүмкін болмаған жағдайда қандай түзету шаралары қарастырылған, деректерді қалпына келтіру қалай ұйымдастырылған, мұндай қалпына келтіру шаралар қандай жиілікте жүргізіледі, барлық жүзеге асырылатын шаралар қалай тіркеледі. Резервтік көшірмелері бар таратушылардың қызмет ету қабілеті тестілене ме? Резервтік көшірмелерден деректердің тестілік қалпына келтірілуі ақпарат бүтіндігін бұзбауы қажет; аталмыш талаптар тиісті түрде ескерілгеніне көз жеткізіңіз. Ұйымның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету талаптары резервтік көшірмелердің қолжетімділігі, ақпарат тартушылардың сенімділігі, жиілік тұрғысында сақталатынын тексеріңіз.

6.6.4.2 Операторлар әрекетінің және қателерді тіркеу журналы

Жүйелерге қызмет көрсетуші қызметкерлер өз әрекеттерін тіркеу журналын жүргізуге міндетті. Операторлар әрекеттерінің журналы тұрақты түрде тәуелсіз тексерістен өтуі қажет.

Қателіктер туралы ескертулер жасалып, сәйкес түзету шаралары жасалуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Компьютерлермен жұмыс жөніндегі операциялық процедураларда қалыпты жұмыс барысында, сондай-ақ кемшіліктер болған жағдайда қандай журналдар жүргізілуі қажет екені көрсетілуі қажет. Ішкі мониторинг аясында журналдарда талдау куәлігі айқындалуы қажет. Ұйым жұмысының барысындағы операторлар әрекетінің журналын тексеру кезінде онда ауысымдық жұмыс, жұмысты тапсыру жөніндегі операциялар, ерекше талаптар және т.б. қалай көрсетілгенін тексеріңіз. Сонымен қатар журналдарды (автоматты түрде құрылатын, сондай-ақ қолмен жүргізілетін) мұрағатқа тапсырылуына назар аударыңыз: мұндай журналдар қалай таңбаланады, оларды қалайша алуға болады.

Журналдардағы жазбалар бойынша әрбір кемшілік тұстары бойынша адекватты түзету жұмыстарының орындалу фактісін аңдау мүмкін болуы қажет. Талдау белгілеріне қауіпсіздіктің бұзылуының болмауын тексеру кіруі қажет; бұл сәйкес процедураларда қамтылғанын және басшылық қаперіне жеткізілгенін тексеру қажет. Кемшіліктері бар барлық

жағдайлардың адекватты шешімін табуды қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, аудиторлар кез-келген түзету шараларының тек сәйкес рұқсат болған жағдайда ғана жүзеге асырылатынын тексеруі қажет.

6.6.5 Желістік әкімшілік

Мақсаты: желіс арқылы таратылатын ақпараттың және қолдаушы инфрақұрылымның қорғанысын қамтамасыз ету.

6.6.5.1 Желісті басқару құралдары

Желіс арқылы таратылатын ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бірқатар басқару құралдары жүзеге асырылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Желіс, сондай-ақ қызмет ету ортасының топологиясы, әсіресе маңызды ақпараттың таратылуы барысында, тиісті түрде жоспарланып, әкімшілік жасалуы қажет; басшылықта мұны формальды түрде растаушы құжаттардың бар екеніне көз жеткізіңіз. Ішкі желістер ашық желістерге кіру мүмкіндігі болған жағдайларға тиісті назар аударылды ма, немесе олардың инфра құрылысы пайдаланылды ма және сәйкес қорғаныс механизмдері жүзеге асырылды ма?

Үлкен, күрделі жобалар үшін кеңесші-мамандардың қызметтері қажет етілуі мүмкін. Егер кеңесшілер қызметке тартылмайтын болса, желістерді тарату жөніндегі ішкі мамандардың дайындық деңгейін мұқият тексеріңіз. Желістік операциялардың ең осал тұстары анықталды ма және қандай қорғаныс шаралары қолданды? Желістердегі қауіпсіздіктің бұзылуы үнемі дереу анықтала бермейді; деректердің ұрлануы, олардың көшірілуі немесе түрлендіру ешбір іздерсіз жүргізілуі мүмкін.

Мониторингтің қандай құралдары қауіпсіздіктің мұндай бұзылуын анықтау үшін қолданылатынын тексеріңіз, және аталмыш жағдайларда қолданылатын тиісті әрекеттер оқиғалар туралы мәлімдеу жөніндегі процедураларда сипатталғанына көз жеткізіңіз. Желістер, деректерді шифрлау, сандық қолтаңбалар және т.б. – бұл технологиялар қарқынды дамитын салалар болып табылады; ұйым осы салалардағы жаңа жетістіктерді қалай қадағалайтынын және қауіпсіздіктің жаңа қатерлерін идентификациялап олардың пайда болу шамасына қарай сәйкес механизмдерді қалай қолданатынын анықтаңыз.

6.6.6 Ақпаратты таратушыларды басқару және оларды қорғау

Мақсаты: Ақпараттық ресурстардың зақымдалуын және ұйым жұмысының бөгелуін болдырмау.

6.6.1.1 Ақпараттың алынбалы таратушыларын басқару

Магнитті таспалар, дисктер, кассеталар және қағазға басылған есептер сияқты ақпараттың алынбалы таратушыларын басқару қадағалануы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ақпараттың алынбалы таратушылары ұйым аймағынан тыс қалай алынып шығарылатынын анықтаңыз. Таратушыларды мұрағатқа жеткізу үшін, қызметкерлердің жұмыс бабында пайдалануы үшін немесе жою үшін олар сыртқы шығарылуы мүмкін. Бұл жағдайлардың әрқайсы үшін сәйкес процедура мен тіркеу тетігі қарастырылуы қажет. Мұндай процедура ақпараттар ағынын болдырмауды кепілдеу үшін алынбалы таратушылардың деректерден тазартылуын қамтамасыз етуі қажет. Егер таратушы жойылатын болса немесе қандай да бір басқа себептермен бағалы ақпаратты сақтау үшін ары қарай қолданылмайтын болса, онда сақталатын деректер қалай өшірілгенін және таңбалануы қалай жойылғанын және т.б. тексеріңіз.

Сонымен қатар, әр түрлі таратушыларға арналған тасымалдау процедураларын қарастырған жөн: олар жеткілікті қорғаныс деңгейін қамтамасыз ете ме? Басқарудың қандай да бір құралдары қолданылмасын, бұл саладағы бақылау өте күрделі, сондықтан ұйым тәуекелдерді бағалау кезінде бұл жағдайды ескерді ме, бұл басқарудың қосымша құралдарын қолданумен өте ме деген сұрақтарды қарастыру қажет.

6.6.6.2 Ақпараттарды таратушыларды жою

Енді қажеті жоқ ақпарат таратушыларды жою қауіпсіз әрі сенімді әдіспен жүзеге асырылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Жойылуы тиісті немесе балама пайдалануға жататын таратушылардағы ақпаратты өшіру жоғарыда қарастырылған.

Жою жөніндегі жалпы процедуралар қандай екенін, бөгде тараптық мердігерлер қызметі пайдаланылу мүмкіндігін анықтаңыз, ұйым басқа процесстермен қарастырылған тексеріс және қауіпсіздіктің қажетті тексерістерін орындағанына көз жеткізіңіз және мұндай процедураларға қатысы бар ақпарат құпиялылығының максималды деңгейі қамтамасыз етілгенін қадағалаңыз. Процедуралар қаншалықты нақты болғанымен таратушыларды жою процессінде бағалы ақпарат алдын ала өшірілген немесе жойылғандықтан мұндай құнды ақпараттың әшкереленуі мүмкін еместігіне көз жеткізу қажет. Жою жөніндегі шаралар үшін қандай да бір түрдегі есептілік қарастырылуы қажет; оның ары қарай бақылау жүргізу үшін жеткілікті ақпарат беретініне көз жеткізіңіз.

6.6.6.3 Ақпаратты пайдалану процедуралары

Ақпаратты рұқсатсыз ашу немесе пайдаланудан қорғау үшін осы ақпаратты пайдалану және оны сақтау бойынша процедуралар жасақталуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудиторлар ұйымда қабылданған жіктеу схемасына сәйкестікте маңызды ақпаратты (оның қандай пішінде ұсынылғанына тәуелсіз) қорғау

бойынша процедуралардың болуына көз жеткізуі қажет. Ақпаратқа жауапты тұлғалар құжаттарда қалай белгіленеді, оны тарату үшін қалайша рұқсат алу қажет?

Ақпаратты қызметкерлерге белгісіз тұлғалар (курьерлер сияқты) пайдаланған жағдайда, тұлғаны қосымша тексеру шаралары жүргізіле ме? Олардың қолжетімділігін шектеу жүзеге асырылған ба, егер иә болса, нақты қандай шаралар жүзеге асырылған?

6.6.6.4 Жүйелік құжаттаманы қорғау

Жүйелік құжаттама рұқсатсыз ашу мүмкіндігінен қорғалуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Жүйені пайдалану жөніндегі нұсқама, баптау және конфигурация жөніндегі деректер, қолжетімділік құқығының тізімі сияқты құнды және құпия ақпараттар үшін құжаттармен жұмыс жөніндегі стандартты процедуралардың кеңейтілуі мүмкін. Мұндай жүйелік құжаттама маңызды және құпия ақпаратты қамтуы мүмкін. Аудиторлар қауіпсіздік классификациясының жүйесі оларға дұрыс қолданылатынына және құжаттар тиісті түрде таңбаланғанына көз жеткізуі қажет.

Мұндай құжаттама өндірушілердің өзімен ұсынылатын жағдайлардың болуы әбден мүмкін, және сәйкесінше проблемаларды жою сыртқы тарапты дереккөзден түскен деректер негізіне сүйенеді. Жабық құжаттарды беру және тарату бұл мүмкін болған жерде қатаң түрде қадағалануы қажет; Бірқатар жағдайларда көшіру қажет болуы мүмкін. Егер жүйелік құжаттама желістік ресурстарда орналастырылған болса, мұндай құжаттамаға тек уәкілетті қызметкерлердің пайдалануына рұқсат беруші қолжетімділікті басқарудың адекватты құралдары жүзеге асырылуы қажет.

6.6.7 Ақпараттармен және бағдарламалық құралдармен алмасу

Мақсаты: Ұйымдар алмасатын ақпараттың жоғалуын, түрлендірілуін және рұқсатсыз пайдалануын болдырмау.

6.6.7.1 Ақпаратпен және бағдарламалық құралдармен алмасу жөніндегі келісім

Ұйымдар арасында ақпаратпен және бағдарламалық құралдармен алмасу (электронды әдіспен немесе қолдан қолға) жөніндегі, кейбірі формальды болуы мүмкін келісімдер жасақталуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудиторлар ең алдымен қандай ұйымдардың құпия ақпаратпен алмасуға қатысатынын анықтауы қажет, содан соң келісім-шарттық міндеттіліктерді бекітуші құжаттардың болуына көз жеткізуі қажет. Бұл жерде ақпарат, сондай-ақ, бағдарламалық құрал ұғымдары өз мәнінде қолданылады. Мұндай жағдай БҚ өндіруші-компания сындарлы деректерді пайдалануға арналған бағдарламаларды жасақтағанда туындауы мүмкін;

ұйымға үшінші тараптардан депонирлеу туралы келісім арқылы осы бағдарламалық құралға қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет етілуі мүмкін.

Басқа ұйымдардың қарамағындағы ақпарат үшін қандай қорғаныстыұсынатынын қарастырыңыз.

6.6.7.2 Ақпараттарды тасымалдау кезінде оларды қорғау

Тасымалданатын ақпаратты таратушылар рұқсатсыз ашылудан, құқықсыз пайдалану немесе зақымдалудан қорғалуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ақпараттың физикалық тасымалдануы жүргізілетін барлық жағдайларда осы ақпарат орналастырылған таратушылардың қорғанысы қалай жүзеге асырылатыны туралы ойлану қажет. Тасымалдау қалай ұйымдастырылған? Егер курьерлық қызмет көмегімен болса, қорғаныс, соның ішінде рұқсатсыз ашудан қорғалған контейнерлер ұсынылама? Деректер қызметкерлермен дискте немесе таспаларда немесе алып жүретін компьютерлерде өткізіле алады; таратылатын деректер үшін мұндай әдіс жеткілікті түрде қауіпсіз бе?

Тасымалдау әдісін кім анықтайды, ал бұл тұлғалар қандай талаптарды ұстанады? Курьерлық қызметті қолдану кезінде тасымалдау әдістері жөніндегі мәселе өздігінен шешіледі және тасымалдауды стандартты жағдайларда пайдалану мүмкіндігі туады – қауіпсіздіктің жеткілікті деңгейі қамтамасыз етіле ме? Сонымен қатар поштамен жеткізілу мүмкіндігін қарастыру қажет, ол қауіпсіз болып табыла ма? Қорғалатын ақпараттың тасымалдануы қажет етілетін барлық жағдайларда жеткізілімнің қалай ұйымдастырылатынын анықтаушы процедуралар қарастырылуы қажет, тасымалдауға қажетті рұқсаттар нақты көрсетілуі қажет, ал олардың болуы құжат түрінде бекітілуі қажет.

6.6.7.3 Электронды коммерция жүйелерін қорғау

Электронды коммерция жүйесі алаяқтар әрекетінен, әрекеттерді даулау мүмкіндігінен және ақпаратты ашу немесе түрлендіру мүмкіндігінен қорғалуы тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудиторлар электронды коммерция пайдаланылған ұйымның ағымдағы және болашақтағы операциялар туралы анықтамалар жүргізуі қажет. Ұйымның электронды коммерцияға байланысты барлық қызметі қауіпсіздік мәселесі ауқымында сарапталуы қажет. Мұнда келесі тексерістер қамтылуы қажет:

– Авторизация процессінің болуы: электронды коммерция жүзеге асырылатын операциялар ұйымның тек авторизацияланған қызметкерлерімен жүргізіле ала ма;

– Міндеттердің тиісті түрде бөлінуі: жиынтығында алаяқтық мақсатта қолданыла алатын әрекеттер бөліне ме және олардың үстінен бақылау жүргізіле ме;

– Электронды транзакцияға байланысты өңделетін, ақпараттың ақиқаттылығын, бүтіндігін және құпиялығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беруші, сәйкес криптографиялық басқару құралдарының болуы, сондай-ақ мұндай басқару құралдарының қолданысын реттеуші саясаттың жүргізілуі;

– Басқа желістермен қосылудан туындауы мүмкін шабуылдардан электронды коммерция үшін қолданылатын ұйымның желісінің және желіс торабының қорғанысын қамтамасыз етуші, желістік қауіпсіздіктің сәйкес басқару құралдарын жүзеге асыру;

– Сырттан келетін қатерден жеткілікті қорғаныстың болуы.

6.6.7.4 Электронды поштаны қорғау

Электронды поштаны қолдануға байланысты қауіпсіздіктің бұзылу қатерін азайту үшін электронды поштаны пайдалану саясаты жасақталуы қажет және қажетті бақылау шаралары қолдануы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Бүгінгі күні электронды пошта арқылы хат-хабарлармен алмасу барлық ұйымдарда кеңінен тараған. Электронды пошта өте әлсіз болғандықтан, оның қорғанысы үшін қолданылатын басқару құралдарын мұқият зерттеу қажет: хабар мәтінінде мазмұндалған және файлдарға тіркелген ақпарат қалай қадағаланады, жеткізу дұрыстығы қалай тексеріледі? Электронды пошта арқылы жеткізілетін дереккөздері және деректердің бүтіндігі қалай тексеріледі?

Егер ұйымда криптографиялық қорғаныс құралдары қолданылатын болса, олар нақты қандай? Электронды пошта арқылы келіп жеткен ақпарат вирустардың болу мүмкіндігіне пайдаланбас бұрын тексеріле ме? Ұйым ішінде таратылатын, электронды поштаның хаттары сыртқы адресаттармен жіберілетін хаттармен салыстырғанда ерекше бүтіндік мәртебесіне ие ме? Егер иә болса, олар қандай жолмен анықталады және қадағаланады?

Электронды поштаны пайдалану сот дауларының едәуір қатеріне байланысты, және ұйымда аламыш жағдайға нақты жасақталған және жүзеге асырылған саясат болуы қажет. Ішкі хаттар абайсызда сыртқы адресаттарға жіберілуі мүмкін, өзіне аңдаусызда келісім-шарттық міндеттемелер арту қатері бар, хаттар және тіркелген файлдар жылдар бойы резервтік көшірмелерде сақтала алады. Хаттар мәтініне енгізілетін, жауапкершіліктен бас тарту жөніндегі стандартты ереже көмектесуі мүмкін, бірақ қорғаныс құралы ретінде олардың құқықтық мәртебесі күмәнді болып табылады.

Аудиторлар әсіресе, электронды корреспонденцияның сыртқы адресаттарға жіберілуі рұқсат етілген кездері ұйыммен сәйкес тәуекелдердің бағалануы жүргізілгеніне және оның нәтижелері ескерілгеніне көз жеткізуі

қажет. Мысалы, қорғаныс шарасы ретінде электронды поштаны қызметкерлердің шағын тобына ғана қолдануға мүмкіндік беруші шектеу енгізілуі мүмкін. Егер мұндай шектеу қолданылған болса, оның орындалуы қалай қамтамасыз етіледі? Қолданылған қорғаныс механизмін тестілеп көріңіз.

6.6.7.5 Электронды офис жүйелерін қорғау

Электронды офис жүйелерін пайдалануға байланысты қауіпсіздік жүйелері мен өндірістік процесстерге төнуі мүмкін қатерлерді бақылау үшін сәйкес саясаттар мен ұсыныстар дайындалып, жүзеге асырылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Электронды офис жүйелерін қолдану өнімділіктің едәуір ұлғаюына мүмкіндік берсе де, онымен қатар дұрыс қарастырылмаған жұмыс процедуралары салдарынан өңделетін ақпараттың құқықсыз пайдалану, ашылу немесе жойылу қатері де солғұрлым өседі. Аудиторлар қандай процедуралардың жасақталғаны, олар қалайша жүзеге асырылғанын, қандай ақпаратты қайда сақтау керек екенін және қайда болмасын сәйкес қатерлер қарастырылғанын анықтау қажет.

Істерді жоспарлаудың электронды жүйелерін пайдалану бұл ақпарат олар үшін арналмаған тұлғалар арасында басшылықтағы негізгі фигуралардың алмастырылуы туралы деректердің мен жабық ақпараттардың таралуына әкелуі мүмкін; жалпыға ашық қызметкерлер жөніндегі деректер базасы құпия жеке ақпаратты қамтуы мүмкін; құжаттар айналымын басқару пакеттері енгізілген кезде жіберілген немесе зақымдалған немесе жеткілікті түрде уәкілетті емес немесе сәйкес рұқсаты жоқ қызметкерлермен енгізілген деректерге өз жұмысын негіздей алады.

Жолданатын ақпарат және осы жүйелерге қолжетімділікті бақылануына талдау жасаңыз. Пайдаланушылар олар жолдайтын ақпараттарды офистік жүйеге ашық кіре алатын кез-келген тұлға оңай аша алатынын біле ме?

Электронды офис құралдарына сырттан кіру мүмкіндігіне рұқсат берілген жағдайларда (мысалы, қызметкерлер үйде жұмыс жасағанда немесе басқа ұйымдармен әрекеттесу кезінде) сыртқы қосылыстар жалпы желістің қауіпсіздік деңгейін едәуір төмендетуі мүмкін және қосымша басқару құралдарын пайдалану мүмкіндігі қарастырылуы қажет. Интернет сияқты ашық қол жетімдігі бар желіс арқылы қосылу кезінде бұл мәселе ерекше маңызға ие болады.

6.6.7.6 Жалпыға ашық жүйелер

Ақпаратты ашық жүйеге орналастыру формальды процедура аясында рұқсат етілген болуы қажет және бұл ақпараттың бүтіндігі рұқсатсыз түрлендірудің алдын алу үшін қорғалған болуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Егер ақпаратты жариялау үшін, сондай-ақ деректер мен ақпараттарды алу үшін аталмыш ұйымдарда Интернет желісіне қосылған Web-сервер сияқты ашық кірісі бар жүйелер қолданылатын болса, аудиторлар қауіпсіздікті қорғау үшін қандай басқару құралдары қолданылатынын анықтауы және олар дұрыс жүзеге асырылғанын тексеру қажет.

Мұнда ақпаратты жариялау үшін қажетті болып табылатын бекіту процессін тексеру кіреді. Қызметкерлер жаңа Web-беттер қоса ала ма немесе сәйкес рұқсат алмай жарияланған ақпараттарға өзгертулер енгізе ала ма? Жарияланған ақпараттың мазмұнын тұрақты тексеру міндетіне кіретін қызметкерлер ұйымда қарастырылған ба? Қызметкерлердің бірі қолданыстағы заңнама нормаларына, әсіресе ақпарат ашық жүйеде орнатылған елдің заңнамасына сәйкестікке ашық жүйе көмегімен жарияланған немесе алынған ақпаратты тексерді ме? Жарияланған ақпарат сырттан манипуляциялау мүмкіндігінен қорғалды ма?

Жарияланған ақпаратты қорғауды қамтамасыз етумен қоса, рұқсатсыз қолжетімділікті алу мақсатында жариялану үшін қажетті қосылыстарды пайдаланушы басып кіруден корпоративті желісті қорғау қажет етілуі мүмкін. Аудиторлар мұндай рұқсатсыз кіруден қорғау үшін басқару құралдарының жүзеге асырылғанын тексеру қажет.

6.6.7.7 Ақпаратпен алмасудың басқа формалары

Дыбыстық байланыс, факсимильді байланыс және бейне мәслихат құралдарының көмегімен жүзеге асырылатын ақпаратпен алмасудың қорғанысын қамтамасыз етуші басқару құралдары мен процедуралары, саясаттар жасалуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аталмыш басқару құралы мобильді есептеу құрылғыларын, стационарлы және ұялы телефондарды, факс аппараттарын, қалталы компьютерлер, автожауап қабылдағыш және т.б. қолдану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты. Аудиторлар қандай процедуралар ақпараттық айырбастың аталмыш түрін басқару үшін жасақталғанын анықтауы және олардың басқару құралдарына сәйкестігін тексеруі қажет.

Қызметкерлер аталмыш процедуралар қатысында хабардар болғанына көз жеткізу қажет. Мұны мысалы, олардың мобильді телефондарын, авто жауап қабылдағыш немесе факс аппараттарын қалай пайдаланатынын сұрастыру және мұндай қолданысқа байланысты қатерлер туралы мәлімденгенін анықтау арқылы білуге болады.

6.7 Қолжетімділікті басқару

6.7.1 Қолжетімділікті басқаруға қойылатын өндірістік талаптар

Мақсаты: Ақпаратқа қолжетімділікті басқару.

6.7.1.1 Қолжетімділікті басқару саясаты

Қолжетімділікті басқаруға қойылатын өндірістік талаптар нақты анықталып, құжатталуы қажет, жүйеге кіру мүмкіндігі қолжетімділікті басқар саясатына сәйкес шектелуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудиторларға қолжетімділікті басқару саясатын анықтаушы, құжаттағы қолжетімділік құқығының нақты анықтамасын қамтамасыз ету қажет және осы саясаттың талаптарын қамтамасыз ету бойынша жүзеге асырылған механизмдердің болуына көз жеткізу қажет. Құпия ақпаратқа кез-келген қолжетімділік қажеттілік қағидасына негізделуі қажет: ақпаратты пайдалану құқығы өндірістік талаптарға сәйкес және жұмыстарды орындау үшін аталмыш ақпараттардың қажеттілігі болған жағдайда берілуі қажет.

Егер қажеттілік қағидасының сақталуы күмәнді бола, аудиторлар қызметкерлердің (бірқатар жағдайларда – ұйымның жоғарғы басшылығы санатынан) белгілі ақпаратты пайдалану құқығы бар себептерін анықтауға дайын болуы қажет. Маңызды және құпия ақпаратқа қолжетімділік қорғаныс классификациясына сәйкес жүргізілгенін және мұндай ақпаратты пайдалану құқығы бар қызметкерлер тиісті түрде нұсқама алғанын тексеріңіз. Құпия ақпаратты біліктілігі жоқ қызметкерлердің қадағалаусыз пайдалануы күрделі салдарға әкелуі мүмкін.

6.7.2 Пайдаланушылар қолжетімділігін басқару

Мақсаты: Қолжетімділік құқығын тиісті түрде бекіту, тағайындау және қолдауды қамтамасыз ету.

6.7.2.1 Пайдаланушыларды тіркеу

Барлық көпшілікпен пайдаланылатын ақпараттық жүйелер мен сервистерге қолжетімділікті басқару үшін пайдаланушыларды тіркеудің және пайдаланушылардың есеп жазбасын өшірудің формальды процедурасы болуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Пайдаланушылардың қолжетімділігін формальды басқару мен тіркеуді қамтамасыз ету қажет. Жоғарыда қарастырылған саясаттарға сәйкес, аудиторлар барлық пайдаланушылардың қолжетімділік деңгейі авторизация мен тіркеудің формальды процессі негізінде жүргізілетінін, ал қолжетімділік фактілері тіркелетінін кепілдеуі қажет. Мұндай тіркеу жазбалары шындыққа сай келетінін тексеріңіз; қызметтен босатылған және басқа міндеттер алған қызметкерлер сәйкес тізімнен шығарылды ма?

Көптеген жағдайларда аудиторлар қолжетімділік тек тіркелген және сәйкес авторизациядан өткен пайдаланушылар үшін ғана рұқсат етілегіне көз жеткізу мақсатында нақты топтар мен жекелеген пайдаланушылар үшін қолжетімділік құқығын анықтаушы операциялық жүйелерің бапталуын зерттеу үшін жүйелік әкімгерлермен жұмысқа едәуір уақыт бөлуге тура келеді.

6.7.2.2 Артықшылықтарды басқару

Артықшылықтарды беру және олардың қолданылуы шектеліп, қадағалануы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Анықтамалар бойынша ерекше артықшылықтар қарапайым жағдайда қолданысы шектелген жүйелік қызметтерді пайдалану мүмкіндігін береді. Жүйелік әкімгерлерге, жүйелік инженерлерге және жабдықтар мен бағдарламалық құралдарды жеткізуші инженерлерге, сондай-ақ қызметтері жүйелерге артықшылықты қолжетімділікті білдіретін барлық қызметкерлерге ерекше назар аударыңыз. Қолжетімділіктің бұл деңгейі шектеулі болуы қажеттігіне қарамастан, артықшылықты қолжетімділік құралы бір қызметкерде ғана емес, көптеген қызметкерлерде бар екеніне көз жеткізіңіз, себебі сәйкес мониторингсіз жүргізілетін әрекеттерді бақылау мүмкіндігі мен қолжетімділік зиян шегуі мүмкін.

Қорғалған ақпаратқа қолжетімділік, сонымен қатар, сейфтік құлыптар мен басқа да қорғалған салалардың кодтарын қамтуы мүмкін; мұндай кодтар сәйкес түрде тіркеліп, белгілі кезеңдікте алмастырылуы қажет. Ақпараттың қолжетімділігі тек бір ғана қызметкерде қолжетімділік құқығының болуына байланысты зиян шекпейтініне көз жеткізу қажет. Сонымен қатар, артықшылықтар қажеттілік қағидасына сәйкес ұсынылатынын және ол қажеттілік күшін жоғалтқан әрбір нақты жағдайда артықшылықтың жойылатынын және оның қалыпты еңбек қызметі аясында қолданбайтын ерекше есеп жазбасымен қауымдасатынын тексеру қажет.

6.7.2.3 Пайдаланушылардың парольін басқару

Парольдерді тағайындау формальды басқару процессінің көмегімен бақылануы мүмкін.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Парольдерді бақылау артықшылықты қол жетімдік мәселелерімен тығыз байланысты; бұл авторизацияланған пайдаланушыларға арналған қолжетімділікті қамтамасыз етудің негізгі (бірақ дара емес) тетігі. Парольдердің қалай тағайындалып, бақыланатынын біліңіз: кейде бұл мәселені пайдаланушының өзі шешеді, басқа жағдайларда парольдер жүйелік администраторлармен құрылып, тағайындалады. Егер парольдерді тағайындау орталықтандырылған болса, парольдер қайда сақталады, қауіпсіздік қорғанысы қамтамасыз етілген бе, парольдер қорына кім кіре

алады? Парольдерді тағайындау процессі қандай да болмасын, ол пайдаланушының бір мәнді сәйкестендіру қағидасына негізделуі қажет және пайдаланушының бастапқы, уақытша паролын тұрақтыға ауыстыруын талап етуші формальды процедураны қарастыру қажет. Пайдаланушылардың парольді құпияда сақтау жөніндегі міндеттілігіне қол қойғанына және олар оның орындалуы үшін жауапкершілікті түсінетінін тексеріңіз.

6.7.2.4 Пайдаланушылар қолжетімділігі құқығын қарастыру

Басшылық пайдаланушылардың қолжетімділік құқығын қайта қарастырудың формальды процессін тұрақты түрде орындауы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Қолжетімділігі құқығын тұрақты қайта қарастыру және жаңартусыз жай ғана тағайындау қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Аудиторлар пайдаланушыларға арналған барлық қолжетімділік құқықтарының түрін тұрақты түрде қайта қарастыру бойынша процедуралардың болуына және олардың қолданылуына көз жеткізуі қажет. Бұл процедуралар кауіпсіздік саясаты талаптары мен өндірістік талаптармен үйлесімділікті тексеру үшін басшылық тарапынан қолжетімділік құқығын қайта қарастыру жүргізілетін сәйкестікті тексеруге арналған формальды аудитты қамтуы мүмкін.

Жағдайлар өзгергенде, қызметкерлер босатылғанда және жұмысқа қабылданғанда, қызметтік міндеттердің өзгеруі, жүйенің дамуы кезінде жекелеген пайдаланушылардың қолжетімділік құқықтары тиісті түрде қадағаланып, жаңа талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз ету өте маңызды. Ерекше артықшылықтар үшін қосымша бақылау шаралары қарастырылғанына көз жеткізіңіз (мысалы, жоспардан тыс немесе нақты тексерістер).

6.7.3 Пайдаланушылардың міндеттері

Мақсаты: Пайдаланушылардың рұқсатсыз кіруін болдырмау.

6.7.3.1 Парольдерді пайдалану

Парольдерді таңдау және пайдалану кезінде пайдаланушылар қауіпсіздік режимін қолдаудың бекітілген процедураларын басшылыққа алуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Парольдерді ауыстыру жөніндегі саясат (алмастыру жиілігі, минимальды ұзындығы және пароль құрамына қатысты) қауіпсіздікті қорғау бойынша ақпараттық талаптар мен ұйым талаптарына сәйкес болатынын тексеріңіз. Кейбір жүйелерде парольдерді тағайындау ережелері міндетті түрде қарастырылған, басқаларында олар қарастырылмаған – егер мұндай ережелер автоматты түрде қолданылмайтын болса, қандай қосымша шаралар қарастырылған. Қажет болған жағдайда қызметкерлерден олардың

парольдерін қалай алмастыратынын көрсетуін өтініңіз – олар парольді таңдау белгілерімен таныс па, олар қолданатын кодтар ұйымда қабылданған саясатқа сәйкес келе ме?

Сонымен қатар, парольдер қолжетімділігі оңай жерлерде (блокноттарда, мониторларға жапсырылған жапсырмаларда және т.б.) жазылғанын тексеріңіз. Қосымша мәліметтерді жоғарыда мазмұндалған «Пайдаланушылар парольдерін басқару» бөлімінен, сондай-ақ мәтін бойынша сілтемелер жасалған басқа бөлімдерден алуға болады. Ұйымдағы парольдерді пайдалану тексерісі кезінде аудиторлар басшылықтың сәйкес рұқсаттарын алуға тиісті.

6.7.3.2 Қараусыз қалдырылған пайдаланушы жабдығы

Пайдаланушылар қараусыз қалдырылатын жабдықтың тиісті қорғанысын қамтамасыз етуге міндетті.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудит тұрғысында мұнда ең бастысы – процедуралардың болуы, қызметкерлердің төнуі мүмкін қатерлер мен талаптардың мән-жайын білуі, сондай-ақ қабылданған процедураларды орындауын қамтамасыз ету. Ұйымда қараусыз қалдырылған, сөндірілмеген және парольмен қорғалмаған терминалдардың болуын байқаңыз. Дербес компьютерлердегі экран сақтағыштар да парольмен қорғалған болуы қажет - бұл талаптың орындалуын қадағалаңыз. Кез-келген сөндірілген терминалдарды қосуды өтініңіз – ақпарат рұқсатсыз пайдаланудан қорғалған болуы қажет.

Желістік серверлер, коммуникациялық жабдықтар және т.б. сияқты қауіпсіздіктің жоғары талаптары қойылатын, автономды режимді штатты түрде жұмыс істейтін жабдықтар қорғалған жерде орналастырылуы қажет - бұл талап орындалғанына және қорғаныстың жеткілікті шаралары қолға алынғанына көз жеткізіңіз.

6.7.4 Желіске кіру мүмкіндігін басқару

Мақсаты: Желістік сервистердің қорғанысын қамтамасыз ету.

6.7.4.1 Желістік сервистарды пайдалану саясаты

Пайдаланушылар оларға қолдануға анық рұқсат етілген сервистерге ғана тікелей кіруге рұқсат алуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Терминал немесе қосымшаға енуші пайдаланушы оған қолдануға рұқсат етілген және оның қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті сервистер мен ақпараттарды пайдалану мүмкіндігіне ғана ие болуы қажет. Мысал ретінде келесі жағдайды қарастыруға болады деректер базасындағы қолжетімділік аясында терминал пайдаланушысы тек тренингтен өтуі жөніндегі жеке деректерді қарай алады, ал сол деректер базасындағы жалақы жөніндегі жеке мәліметтерді пайдалану мүмкіндігіне құқығы жоқ. Қандай да

бір пайдаланушының нақты қандай қолжетімділікке ие болатыны айқын анықталуы қажет:кебір қосымшалар үшін барлық ақпаратқа қолжетімділік еш қиындық туғызбайды, ал сол мезетте басқа қосымшалар үшін мұндай жағдай күрделірек болуы мүмкін. Қолжетімділікті тек құпиялыққа байланысты шектеу қажет емес; мұнда мәселе ақпарат бүтіндігін бұзу немесе белгілі ақпаратты пайдалану кезінде басқа деректердің өздігінен әшкереленуінде болуы мүмкін.

Аудитор талап етілген шектеулер қолжетімділікті қадағалау саясатына сәйкес жүзеге асырылғанына және сәйкестендірілгеніне, аталмыш шектеулер басшылықтарға мәлім екеніне, қолжетімділік құқықтары қосымша баптаулары мен дизайнына енгізілгеніне, және де қолданылған құралдар тиімді болып табылатынына көз жеткізуі қажет. Сонымен қатар, қызметкер терминалдан негізгі сервер немесе есептеу торабына қосылған жағдайда операциялық жүйе деңгейінде қолжетімділікті зерттеңіз. Дирекция құрылымына, операциялық баптауларға және тағы басқаларға қандау қолжетімділікке рұқсат берілген?

6.7.4.2 Мәжбүрленген маршрутизация

Пайдаланушы терминалынан компьютердегі сервис аралығына дейінгі жол бақылануы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ұйымда мәжбүрленген маршрутизация саясаты қолданатын салаларда (қолжетімділікті бақылау саясатына сәйкестікке келтірілген жоғарыдан қараңыз) оның техникалық тұрғыда қалай жүзеге асырылғанын анықтаңыз және оны айналып өту әдістерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Желістік маршрутизацияның ыңғайлы ережелері жекелеген пайдаланушыларға кез-келген терминалға қосылуға мүмкіндік бере алады (әлсіз қорғалған аймақтар үшін бұл қауіпсіздік саясатына кереғар болуы мүмкін); хабарлар альтернативті желістік көпірлер арқылы бағыттала алады; телефон желілері мен басқа да ішкі қосылыстар сыйымдылық жетіспеген кезеңдерде және жөндеу жұмыстары жүргізілетін уақыттарда өзгертіле алады.

Ұйым желіс типологиясының нақты жоспарын ұсына алуы және басқарудың қандай құралдары мәжбүрлеп маршрутизациялауды жүзеге асыру үшін қолданғанын түсіндіре алуы қажет. Қолданған басқару құралдарының қажетті шектеулерді шын мәнінде жүзеге асыратынын тексеріңіз.

6.7.4.3 Сыртқы қосылыстар кезінде пайдаланушылардың сәйкестендірілуі және желіс тораптарының сәйкестендірілуі

Жойылған пайдаланушылардың сәйкестендірілуі жүзеге асырылуы қажет.

Жойылған компьютерлік жүйелерге қосылу сәйкестендірілуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Жойылған қосылыстар немесе сырттан кіруге жол беретін, қорғаныс жүйелерін пайдаланушы кез-келген ұйым аталмыш басқару құралының талаптарын толық көлемде орындауы қажет. Аудиторлар барлық порттар сәйкестендірілген және қатерлердің толық бағалануы жүргізілгенін тексеруі қажет.

Ең алдымен сәйкестендіру қандай деңгейде жүргізілетінін анықтау қажет – нақты қосымшалар деңгейінде ме, әлде желістік операциялық жүйе деңгейінде ме. Егер қосымшалар деңгейінде болса, мұндай сәйкестендіруді операциялық жүйе деңгейінде енушілердің жою-жоймауын түсінуге мүмкіндік беретін тестілер немесе баға беру шаралары жүргізілді ме? Қорғалатын ақпарат маңыздылығына шынайы қолданылған сәйкестендіру тетіктері балама ма? Басшылық болуы мүмкін қатерлер жөнінде толық мәлімденгеніне және басқарудың қажетті құралдарын қарастыруға тиісті назар аударғанына, ал басқарудың таңдалған құралдары дұрыс жүзеге асырылғанына және тұрақты түрде тексеріліп тұратынына көз жеткізіңіз.

Сәйкестендірудің көптеген тетіктері бар; таңдалған тетік (немесе тетіктер) қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкес екендігіне көз жеткізіңіз. Егер тікелей байланыстыратын қолжетімділік құралдары пайдаланылатын болса, олардың қалай жұмыс істейтінін анықтаңыз; жойылған тораптың сәйкестендірілуін тексеру үшін қолданыла алатын әдістердің бірі жауапты қоңырау шалу операциясы болып табылады, бірақ сәйкестендірудің сенімдірек әдістері қажет етілуі мүмкін, мысалы токендерді қолдану әдістері.

6.7.4.5 Желістерді сегментациялау

Желістерде ақпараттық жүйелер мен пайдаланушылар, ақпараттық сервистердің тобын бөлу үшін басқару құралдары жүзеге асырылуы тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Домен неғұрлым үлкен болса, соғұрлым оның қорғанысын қамтамасыз ету қиынырақ болады. Бұл пікір басқа кез-келген құрылымдар сияқты, желістер үшін де шынайы болып табылады. Қорғалған желістерден өндірістік операциялардың кеңірек аспектілеріне – электронды поштаға, интернет-беттерге, басқа ұйымдардың желістеріне және т.б. қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет болатыны айқын; осыған орай ерекше маңызды аймақтарды бөлу қажет.

Желістік ресурстарды бөлудің қажетті деңгейіне желісті сегменттерге физикалық бөлу арқылы немесе маршрутизация және желістік қосылыстарды басқару құралдарын жүзеге асыру жолымен, мысалы, көпірлер, маршрутизаторлар, желіс аралық экрандар және т.б. арқылы қол жеткізуге болады.

Аудиторлар қауіпсіздік домендерінің құрамын белгілеуі, олар қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкес келетінін, олар

желістік операциялар құрылымына қалай біріктірілгенін және анықталғанын тексеруі қажет. Сонымен қатар, қауіпсіздік домендерін пайдалану операциялық өнімділікті шектеу мүмкіндігін ескеру қажет, сондықтан осыған байланысты қорғалған аймақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысында ешқандай әшкереленуге жол берілмегеніне көз жеткізу керек.

6.7.4.6 Желістік қосылыстарды басқару және желістік маршрутизацияны басқару

Пайдаланушылардың ұжымдық түрде қолданылатын желістерге қосылу мүмкіндігі қолжетімділікті басқару саясатына сәйкес шектелуі тиіс.

Бірлесіп қолданатын желістерде компьютерлік жүйелердің қосылысы мен ақпараттық ағымдар өндірістік қосымшаларға қолжетімділікті басқару саясатын бұзбауы үшін маршрутизацияны бақылау құралдары қолданылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Желістерді бірлесіп пайдаланған жағдайда пайдаланушылардың қосылыстарды орнату жөніндегі мүмкіндіктерін қолжетімділікті бақылау саясатына сәйкес шектеу қажеттілігі туындауы мүмкін. Егер пайдаланушылар мен сервистер физикалық қорғалған аймақтан тыс орналасқан және ашық қолжетімділігі бар көлік базасында желіс аралық қосылыстарды пайдаланатын болса, аудиторлар қосымшалар мен жүйелерге мұндай қолжетімділік түрі рұқсат етілгенін анықтауы қажет, егер рұқсат етілген болса, ішкі пайдаланушылар мен сервистердің қолжетімділігімен салыстырғанда оған қосымша шектеулер қойылатындығын тексеру қажет. Егер сервистерге қолжетімділіктің шектеулері қосымшалар деңгейінде артылса, онда локальды түрде қолданылатыннан ерекшеленетін, желістік басқару құралының пайдалану мүмкіндігі қандай, бұл қалайша жүзеге асырылған және саясатты жүзеге асыруға сәйкес келе ме?

Жойылған желістер арасындағы мәжбүрленген маршрутизация сыртқы тараптық жеткізімшілерге негізделуі мүмкін; егер мұндай жағдай орын алған болса, ұйымның маршрут бүтіндігі және қолжетімділігі қатысында қандай кепілдігі бар және оны пайдаланудың үздіксіздігі қалай қамтамасыз етіледі? Жөндеу жұмыстары және апаттар ұйымды басқа маршруттар пайдалануын мәжбүрлеген жағдайда не болады? Ашық қолжетімділікпен желіс арқылы өткен кезде белгілі маршрутты қамтамасыз ету мүмкін емес; бұл факт назарға алынды ма және қандай альтернативті көлік механизмдері қолданылады?

6.7.4.7 Желістік серверлерді қорғау

Ұйымда қолданылатын барлық серверлердің қауіпсіздік атрибуттарының нақты сипаттамасы ұсынылуы қажет.

Енгізу жөніндегі басшылық:

Сыртқы ұйымдарға ұсынылатын желістік сервистарға қосылу үшінші тұлғалар тарапынан рұқсатсыз кіру талпыныстары тұрғысында осалдыққа әкеледі, ал бұл құпиялықтың ашылуы мен бүтіндіктің жоғалуына әкеледі. Жабдықтардың сынуы немесе желістердегі ақаулықтардан соң жеткізімді сервистерінің қалыпты жұмыс жасауын қалпына келтіру қабілетін тексеріп, қолжетімділікке ерекше назар аудару қажет. Жеткізушінің қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу уақытында қауіпсіздік стандарттарының орындалуын қамтамасыз етіңіз. Тәуекелдерді бағалау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралардың нақтылығын ескеру қажет. Белгілі жағдайларда қорғаныстың әлсіз тұстарын өтеу үшін басқарудың қосымша құралдарын пайдалану қажет болуы мүмкін.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ұйым желістік қызметтердің сыртқы жеткізімшілеріне сүйенген жағдайда барлық сәйкес қауіпсіздік аспектілері жөнінде толық ақпаратқа ие болу қажет. Ұйымның мұндай ақпаратты алғанын, ол құжаттама түрінде бекітілгенін, қауіпсіздік белгілері жеткілікті және ұйым қажеттілігіне сай екеніне, алынған ақпарат қауіпсіздікті басқару құралдарында және операциялық процедураларда ескерілгенін және ол тұрақты түрде қарастырылып, тексеріліп тұратынын тексеріңіз. Аталған басқару құралдары құпиялық, бүтіндік және қолжетімділікті қамтамасыз етудің барлық аспектілерін қамтуы қажет екенін есте ұсаңыз.

6.7.5 Компьютерге қолжетімділікті басқару

Мақсаты: компьютерлерге рұқсатсыз кірудің алдын алу.

6.7.5.1 Терминалдардың автоматты түрде сәйкестендірілуі және терминалдан жүйеге кіру процедуралары

Желістің нақты тораптарына қосылысты сәйкестендіру үшін терминалдардың автоматты сәйкестендірілуі қолданылуы қажет.

Ақпараттық сервистерге кіру жүйеге кірудің сенімді процедурасының көмегімен жүзеге асырылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Белгілі мекен-жайлар үшін және жүйелердің сәйкестендірілуіне арналған ықшам жабдықтарды қолдану кезінде терминалдың автоматтық сәйкестендірілуі қолданылуы мүмкін; кіру мүмкіндігіне тек табысты сәйкестендіруден соң ғана рұқсат етіле алады. Егер осыған ұқсас схема қолданылатын болса, сәйкестендіруді тексеру қалай орындалатынын, терминалда жаңылыс анықталған жағдайда және оны алмастыру қажет болса не болатынын анықтаңыз. Егер пайдаланушылардың қандай да бір түрде сәйкестендірілуі қажет болса, қорғаныстың тағы қандай құралдары қолданылады, терминал физикалық бекітілген бе немесе ол қорғалған аймақта орналасқан ба?

Жүйеде тіркелу процедуралары пайдаланушының аты мен паролын жай ғана дұрыс енгізуге қарағанда әлдеқайда кеңірек болуы мүмкін. Пайдаланушыдан тіркеу үшін әрекеттердің бірқатар тізбегін жүргізу талап етіле ме, ақпаратты дұрыс енгізбеген жағдайда не болады, кешеуілдеу кезеңдері бар ма, тіркеудің бірнеше сәтсіз талпыныстарынан соң жүйенің блокадалануы қарастырылған ба? егер қарастырылған болса, аталмыш жағдайдан шығудың тетіктері қандай?

Кейде қосымша тіркелу кезінде қорғаныстың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ете алмайды – мысалы, сәтсіз талпыныстар саны шектелмеген жағдайда. Бұл жағдайда қосымша басқару құралдарының енгізілуін тексеру қажет (мысалы, терминалға кірудің физикалық шектелуі арқылы). Тәуекелдерді бағалауды жүргізу кезінде әрбір жүйе мен қосымша, қолжетімділік әдістері, сондай-ақ олардың баламалығын ескерілуі қажет - бұл осылай ма, тексеріп көріңіз.

6.7.5.2 Пайдаланушыларды сәйкестендіру және сәйкестендіру

Барлық пайдаланушыларға бірегей идентификаторлар (пайдаланушы идентификаторы) берілуі қажет, олар жекелеген тұлғалардың әрекетін бағдарлау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында тек қана осы пайдаланушылармен ғана қолданады. Пайдаланушының жарияланған аутентификациялық ақпаратын растау үшін сәйкестендірудің сәйкес әдісі таңдалуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

«Пайдаланушы» термині жүйелік әкімгерлер, менеджерлер мен қосымша пайдаланушыларымен қоса, ақпаратты өңдеу жүйелері мен құралдарын қолданушы барлық тұлғаларды қамтуы қажет. Пайдаланушылардың бірегей сәйкестендірушілері қолданылатынын немесе сәйкестендірушілерді бірлесіп пайдалануға жол берілетінін тексеріңіз. Егер сәйкестендіруші бірнеше пайдаланушылармен қолданылатын болса, бұл не үшін қажетті, бақылау қалайша жүргізіледі және қандай рұқсаттар талап етілетінін анықтаңыз. Жүйелерге әкімшілік ету сияқты сындарлы қызметтер үшін тек аталмыш мақсатқа ғана арналған пайдаланушының сәйкестендірушісі болуы қажет, сонымен қатар қандай да бір оқиғаға бастамашы болған тұлға мен уақыттың тіркелуі қажет. Мұндай тіркеу журналдарын енгізу қандай жағдайлар үшін талап етілетінін, олар қанша уақыт аралығында сақталатынын, олардың түрлендірілуі мүмкін бе, қашан және қандай жағдайларда олар тексеріледі деген мәселелерді анықтаңыз. Егер нақты қосымшада мұндай ақпараттың бағамдалуы қарастырылмаған болса, басқарудың қандай құралдары қолданылатынын байқаңыз.

Ұйымда қолданылатын аутентификация процедуралары қорғалуы тиісті ақпарат, жүйелер және қосымшалар үшін қауіпсіздіктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ететіндігін анықтау қажет. Әдетте парольдерді пайдалану қатері жоғары салалар үшін қорғаныстың жеткіліксіз әдісі болып

саналады. Бұл жағдайда пайдаланушыларды сәйкестендіру және сәйкестендірудің тиісті процедураларын анықтау үшін қатерлерге баға беруді жүргізу қажет.

6.7.5.3 Парольдерді басқару жүйелері

Парольдерді басқару жүйелері сенімді парольдерді қамтамасыз етудің тиімді, интерактивті құралы болып табылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ұйымда парольдерді пайдалану жөніндегі жалпыға ортақ саясаты болуы қажет. Аса маңызды салаларға қойылатын кез-келген қосымша талаптар мүмкіндігінше, осы саясатқа сәйкестікке келтіріліп, оған қосымша ретінде рәсімделуі қажет. Аудиторлардың ерекше назар аударуы қажет аспектілердің қатарына төмендегілер кіреді:

– Парольдер ұзындығы мен құрамы;

– Парольдерді алмастыру жиілігі;

– әртүрлі пайдаланушылар мен қосымшалар үшін сәйкес келетін парольдерді пайдалану;

– парольдерді пайдалану және оларды сақтау кезіндегі қауіпсіздік;

– өздігінен парольді алмастыру.

Басқа жағдайлармен қатар, парольдерді алмастыру процессіне талдау жасау қажет: олар қайда және қалай тіркеледі, ескі парольдерді қолдануға шектеу қарастырылған ба, қосымша қабылданбас бұрын жаңа парольді растауды талап ете ме (мысалы, қайта енгізу жолымен). Қажет болған жағдайда пайдаланушылардың парольді ауыстыру процедурасын көрсетуін өтініңіз.

6.7.5.4 Жүйелік утилиталарды пайдалану

Жүйелік бағдарлама-утилиталарды пайдалану шектеліп, қатаң бақылануы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Кейбір утилиталар қосымшалар үшін жабық жүйелер бөлігіне кіру мүмкіндігін береді және басқарудың жүйелік құралдарын айналып өтуді қамтамасыз ете алады. Аудиторлар ең алдымен ұйымның орнатылған утилиталардың жалпы бақылауын қамтамасыз ететінін анықтауы қажет, утилиталар тізімі белгілі және олардың қолданысқа рұқсат етілгенін және олармен жұмыс істеу кезінде қолжетімділікті шектеу мен сәйкес қадағалау қолданылатынын тексеруі қажет. Жекелеген жүйелерде қосымша немесе түрлендірілген утилиталар орнатылмағанын тексеріңіз.

Қауіпсіздік жүйесі жеткіліксіз реттелетін ұйымдарда қолданылуы ақпараттың құпиялылығына ғана емес, оның бүтіндігі мен қолжетімділігіне нұқсан келтіруі мүмкін шартты-тегін утилиталар орнатылуы мүмкін. Сонымен қатар, жүйелер жадында жойылуы тиіс ұмыт қалдырылған резидентті утилиталардың қалмауын тексеріңіз. Және соңында сәйкес рұқсат

алған тұлғалардан басқа ешкім жүйелік утилиталарға кіре алмайтынын және оларды қолдана алмайтынын тексеріңіз.

6.7.5.5 Пайдаланушылар қорғанысына арналған мәжбүрлеу туралы ескертуші дабыл белгісі

Мәжбүрлеу объектісі болуы мүмкін пайдаланушылар үшін мәжбүрлеу туралы ескертуші дабыл сигналын пайдалану мүмкіндігі ұсынылуы мүмкін.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ұйым мәжбүрлеу туралы ескертуші дабыл сигналын пайдалану қажеттігін сәйкестендірілген тұстарда, аудитор ең алдымен, барлық қажетті талаптардың орындалғанына назар аударуы қажет: мысалы, барлық мүмкін нүктелер қамтылды ма, қажетті жерлерді дабыл сигналы беріле ме, сигналды шегеруге бола ма?

Сигналдың активациясы қарапайым болуы қажет, бірақ оның қарапайымдылығы жалған белгілер беретіндей қарапайым болмауы қажет. Дабыл сигналы физикалық түрде активациялануы қажет, мысалы, батырманы басу немесе қосымшамен жұмыс кезінде арнауы кодты енгізу арқылы. Кейбір дабыл сигналдары үшін, қызметкерлерді босқа әбігерге түсірмеу мақсатында активацияның байқалмайтын әдісі қарастырылуы қажет.

Әрекеттері мен міндеттері ерекше белгіленетін, қатер сигналдарына әрекет ету процедураларын қарастырыңыз. Дабылға реакция кезіндегі бастапқы әрекеттер түсіну үшін қарапайым болуы қажет және қажет жағдайда дереу орындалуы қажет; мұнда аудитор сәйкес қызметкерлердің нұсқаманы оқымай-ақ, тым болмаса әрекет ету процедураларымен қарастырылған бастапқы қадамдарда не істеуі қажет екенін білетінін тексергені жөн.

6.7.5.6 Терминалды уақыт бойынша блокадалау және қосылу уақытын шектеу

Тіркелмеген пайдаланушылардың жоғары қатер аймақтарында орналасқан немесе жоғары қатерлі жүйелерге қызмет көрсетуші, әрекетсіз терминалдарға қолжетімділігін болдырмау үшін белгіленген әрекетсіздік кезеңі өткен соң бұл терминалдардың сөндірілуі қажет.

Жоғары қатерлі қосымшаларды үстеме қорғау үшін қосылу уақытына шектеулер қолдануы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Белгілі уақыт өткен соң белгілі әрекетсіз терминалдардың сөндірілу мүмкіндігі қауіпсіздігі жеткіліксіз деңгейде тексерілген қызметкерлер қолжетімділігі немесе ашық қолжетімділік мүмкін болған кез-келген жағдайларда қарастырылуы қажет. Сәйкес шаралар қайда анықталғанын және операциялық талаптар, осалдық, қолжетімділік деңгейі тұрғысынан қарағанда таңдалған кезеңдер жеткілікті екенін байқаңыз. Жұмыс

істеу/әрекетсіздік анықтамасы неге негізделгенін, қосымшаның белгілі қолданысына немесе қарапайым тінтуірдің қозғалысына негізделгенін біліңіз. Әрекетсіздік кезеңі бойынша сөндірілуі кезектілікпен барлық жоғары қатер тұстарында қолданылатынын тексеріңіз – ашық қолжетімділікті кейбір кеңселік бөлмелерде мұндай қорғаныс әдісін талап ететін бірнеше терминалдар болуы мүмкін – және аталмыш схема барлық жерде қызмет жасауға қабілетті екенін тексеріңіз. Сөндірілуі әрекетсіздік кезеңі бойынша Windows экран қорғағышы сияқты, операциялық жүйе қызметтеріне негізделген жерлерде қажетті қызметтің сөндірілмегенін, сонымен қатар парольді қолдану қабылданған саясатқа сәйкестікте жүргізілетініне көз жеткізіңіз.

Кейбір қосымшаларда әрекетсіздік кезеңі бойынша блокадалаумен қатар қосылу уақыты бойынша шектеулер қолдануы мүмкін. Қосылыс бойынша шектеулер қатердің жоғары деңгейіне жататын қосымшаларда қолдануы қажет. Қайтадан аталмыш әдіс қайда қолданылатынын анықтап, оның қолданысы талаптарға сәйкес келетінін тексеріп, мысалы қандай да бір транзакцияны аяқталмаған күйінде қалдырып, таймерларды айналып өтуге болмайтынын тексеру қажет.

6.7.6 Қосымшаларға кіру мүмкіндігін басқару

Мақсаты: Ақпараттық жүйелерде сақталатын ақпаратқа рұқсатсыз кірудің алдын алу.

6.7.6.1 Ақпаратқа қолжетімділікті шектеу

Ақпараттар мен қолданбалы жүйелердің қызметтерін пайдалану мүмкіндігі қолжетімділікті басқару саясатына сәйкес шектелуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Аудиторлар ең алдымен жекелеген қосымшалармен ұсынылатын ақпаратқа қолжетімділік өндірістік талаптарға сәйкес келетініне және қолжетімділікті басқару саясатына сәйкес жүргізілетініне көз жеткізуі қажет. Мысалы, бір деректер базасына қолжетімділік әртүрлі қосымшалардан жүзеге асырылуы мүмкін; бір қосымша көмегімен, басқа қосымша үшін рұқсат етілмеген құпия ақпаратқа қолжетімділік алуға бола ма?

Көптеген жағдайларда пайдаланушылар қолданысы олар үшін рұқсат етілмеген қосымшалар қызметтері немесе ақпарат туралы білуі тиіс; сәйкесінше қауіпсіздік мақсаттарында рұқсат берілмеген меню тармақтарын көрсетпеуге тырысу қажет. Дәл осы жағдай нақты қосымшалар бойынша пайдаланушылардың басшылығына да қатысты. Сүйемелдеуші утилиталар сияқты сирек қолданылатын қосымша компоненттеріне ерекше назар аударыңыз: олармен жұмыс бойынша жеткілікті бақылау жүзеге асырыла ма?

Сонымен қатар, қолжетімді ақпаратқа қатысты қандай әрекеттер жасалып жатқанын анықтау қажет: пайдаланушыларға ақпаратты оқуға,

жазуға рұқсат етілген бе, мұның қажеттілігі бар ма, ақпаратты шығаруға шектеулер қойыла ма? Желістік жүйелердегі басылым оператордан ажыратылған бірлескен қолжетімділік құрылғыларында орындала алады - бұл жағдайда бақылау қалайша жүзеге асырылады? Ақпаратты қорғау кезінде қауіпсіздікті жіктеу жүйесіне сәйкестікті қамтамасыз ету қажет.

6.7.6.2 Осал жүйелерді оқшаулау

Осал жүйелер ерекшеленген (оқшауланған) санау ортасына ие болуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Осалдық деңгейі жоғары ақпаратты пайдалану сөз болатын жерде қандай да бір деңгейде оқшаулауды жүзеге асыру қажеттілігі туындауы мүмкін. Мұндай салалар осы орайда қауіпсіздік, қолжетімділік және операциялық мәселелерді назарға алатын ұйыммен сәйкестендірілуі қажет. Жүйе соншалықты жоғары қауіпсіздік талаптарын қоюы мүмкін, сондықтан оның оқшаулану немесе балама нұсқама ретінде, бөлінген қорғалушы порт арқылы басқа жүйелермен байланысты жүргізу қажет болуы мүмкін.

Қарапайым процедуралар мен анықтамалардан басқа, мұндай жүйелердің қатерлерге баға беру аясында сәйкестендірілгеніне, ал оларды оқшаулау қажеттігі жеткілікті түрде дәлелденгеніне көз жеткізіңіз – қолжетімділіктің қатаң бақылануы (оқшаулау жағдайында сияқты) жүйені орындау жөніндегі өндірістік талаптармен қайшылыққа келуі мүмкін; бұл екі мәселе арасында ортақ оңтайлы шешім қабылданғанын тексеріңіз. Егер жеке жүйені бөлу қажет болса, жаңылыстан соң жұмыс қабілетін қалпына келтіру бойынша қандай шаралар қарастырылғанын анықтаңыз, деректерді енгізу немесе ақпарат таратушыларынан бағдарламаны жүктеуге қандай шектеулер қойылады, қандай резервтік көшірмелер құрылады.

6.7.7 Қолжетімділік мониторингі

Мақсаты: Заңсыз әрекеттерді анықтау.

6.7.7.1 Оқиғаларды тіркеу

Барлық шектен тыс оқиғалар және қауіпсіздіктің бұзылуына байланысты басқа да оқиғалар бақылау журналында тіркелуі қажет. Мұндай журналдардағы жазбалар қолжетімділікті басқару саясатын орындауды тексеру және зерттеу үшін кейін қолдану мақсатында белгілі уақыт аралығында сақталуы тиіс.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ақпараттың өңделуі жүзеге асырылатын барлық жүйелер үшін пайдаланушыға тәуелсіз және оның қолы жетпейтін қандай да бір формадағы журнал жүргізілуі қажет. Аудиторлар мұндай әдіс қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сай келетін саланы анықтап, оның ұйымда жүзеге асырылуын зерттегені жөн. Жазбаларды сақтау саясатына сәйкес немесе

куәліктерді жинау мақсатында белгілі уақыт аралығында сақталуға тиісті барлық жазбалар тиісті түрде мұрағатқа өткізілгеніне көз жеткізіңіз. Журналдарда нақты не тіркеледі? Кем дегенде онда оқиға туралы, оқиға жөнінде хабарлаған тұлға, орындалған шаралар (бұл қолданылатын жерде), күні мен уақыты туралы ақпарат мазмұндалуы қажет. Қосымша транзакция кодтары мен терминал сәйкестендіргіштерінің тіркелуі қажет болуы мүмкін. Оқиға деп не саналатынын анықтаңыз және барлық ерекшеліктер ескерілгеніне көз жеткізіңіз. Тіркелген ақпаратты қаншалықты ұзақ, қандай түрде және қандай қорғаныс құралдарын пайдалана отырып сақтау қажеттігін анықтаңыз; талаптардың орындалуын тексеріңіз. Оқиғалар мысалы ретінде жүйелік администраторлармен өзгеріс енгізуді, сондай-ақ жүйеге енудің сәтсіз талпыныстарды, сондай-ақ деректерді ашуды жүзеге асыруды келтіруге болады.

6.7.7.2 Жүйені пайдалану мониторингі

Ақпаратты өңдеу құралдарын пайдалану мониторингі процедуралары анықталып, аталмыш мониторингтердің нәтижелері үнемі сарапталып тұруы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Мониторинг қауіпсіздік жағдайларының журналында қарастырылмаған әрекеттер белгілерінің болуына тексеруді қамтиды. Қатерлерге берілген баға қайда және қандай мониторинг жүргізу қажеттігін көрсетуі қажет. Мысалдар ретінде төмендегілерді атауға болады:

– кірудің сәтсіз талпыныстары;

– деректердің ерекше мәндері;

– қорғалған деректерге өзгертулер енгізу талпыныстары;

– белгілі деректерді шамадан тыс көп пайдалану;

– пайдаланушының сирек қолданылатын немесе артық идентификаторымен кіру.

Жоғарыда айтылғандай жазбалармен жұмыс қалай жүргізіліп жатқанын тексеру және олардың түрленуі және өшірілуі мүмкін емес екеніне көз жеткізу қажет.

Аудиторлар нәтижелердің дұрыстығын кепілдеу мақсатында әрекеттердің анализі бойынша және талданатын әрекеттердің өзі бойынша қызметтер тұрғысында міндеттердің бөлінісін қамтамасыз ету үшін ұйымда қандай шаралар жасалғанын қарастыруы қажет.

Сонымен қатар, тіркеу журналдары қаншалықты жиі зерттелетінін тексеруі қажет – қауіпсіздік қатысында тәуекел деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым журналды жиірек қарастыру қажет. Мұндай тексеріс журналдар деректерінің анализі процессінде өнімділік және тиісті тиімділікті қамтамасыз ету үшін жүргізілуі қажет.

Оқиғаларды тіркеу процессімен немесе жүйемен басқарылатын журналдар көбіне үлкен көлемді болуы мүмкін. Сәйкесінше, бұл қауіпсіздік инциденттері жөніндегі аудит үшін маңызды ақпарат одан маңызы төмен басқа ақпараттар арасында жоғалуына әкелуі мүмкін. Осылайша, барлық қажетті инциденттер мен әрекеттердің іріктелуін қамтамасыз етуші сүзу ережесін қолдана отырып, аудит журналының сүзу құралдарын пайдалану қажет. Аудитор ұйым қызметкерлерінен мұндай құралдарының болуы және пайдаланылуы жөнінде сұрастыруы және оқиғаларды анықтау мен оларға әрекет ету үшін бұл құралдардың қолданылуын анықтауы қажет.

6.7.7.3 Жүйелік сағаттарды үйлестіру

Бақылау журналдарының нақтылығын қамтамасыз ету үшін компьютерлердің жүйелік сағаттары үйлестірілуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Барлық жүйелерде уақыт үйлестірілмейінше оқиғаларды тіркеу нақты болмауы мүмкін, ал бұл оның жалғандығына әкелуі мүмкін. Ұйым уақыт санағы үшін базаны орнатуға міндетті; көпшілік жағдайларда бұл жергілікті уақытқа көшіру болуы мүмкін, бірақ халықаралық ұйымдар үшін басқа базаны пайдалану қолайлы болуы мүмкін, мысалы Гринвич бойынша (GMT) уақытқа көшу. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда уақытты түзетуге мүмкіндік беруші жүйелі сағаттардың мониторинг құралы қарастырылуы қажет.

Жазғы уақыттан қысқы уақытқа көшу қалай жүргізілетінін анықтаңыз. Портативті жүйелер желісіне қосылу кезінде қандай да бір қосымша тексерістер жүргізіле ме? Оқиғаларды тіркеу жүйелік сағаттардың дәлдігіне сүйенеді, уақытты ауыстыру жазбалардың жалғандығы үшін қолданылуы мүмкін; жүйелік сағаттарды өзгерту мүмкіндігі шектеулерінің болуын тексеріңіз. Сонымен қатар оқиғаларды қолмен тіркеу қажеттілігі кезінде, мысалы жүктерді жеткізу және инциденттер туралы мәлімдеу кезінде қолданылуы мүмкін қабырға сағаттары туралы есте ұстаңыз.

6.7.8 Мобильді есептеулер мен қашықтан жұмыс

Мақсаты: мобильді есептеулер мен қашықтан жұмыс құралдарын пайдалану кезінде ақпараттар қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

6.7.8.1 Мобильді есептеулер

Мобильді есептеу құралдарымен, әсіресе қызмет етудің қорғалмаған ортасында жұмыс істеуге байланысты қатерлерден қорғанысқа арналған сәйкес басқару құралдары таңдалып, формальды саясат құрылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Ұйым кез-келген мобильді есептеу құрылғыларын пайдалану фактілерін сәйкестендіруі қажет; мұнда мобильді телефондар, лэптоп, ноутбуктар мен қалталы компьютерлерді ұйым аймағынан тысқары

(мысалы, үйде, тапсырысшы аумағында, қонақ үйлерде және мәжіліс ұйымдастырылатын жерлерде) қолдану, сондай-ақ осындай құрылғыларды пайдалана отырып, ұйымда ақпараттың өңдеудің сыртқы құралдарына кез-келген алынбалы қосылыстарды пайдалану кіреді. Мұндай құрылғыларды және жабдықтарды пайдалану кеңінен тарағандықтан, ал мобильді есептеулер ұйымнан тысқары жүргізілетіндіктен, мұндай қолданыстың тікелей аудитін жүргізу қиын.

Осыған байланысты, мұндай мобильді құралдарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін ұйымда жүзеге асырылған процедуралар мен ережелерді, басқару құралдарын мұқият талдау өте маңызды болып табылады. Бұл атап айтқанда, мұндай құрылғылардың жеке қорғанысы үшін қолданылатын басқару құралдарын қамтиды.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған барлық басқару құралдары дұрыс жүзеге асырылғанын тексеру қажет. Басқару құралдарын тексеру кезінде мобильді компьютерлерге қолданыста вирустардан қорғау және парольдерді қорғау мәселелері сәйкес саясатта қалай белгіленгенін анықтау қажет. Алынып тасталған қолжетімділікті қорғану үшін жеткілікті басқару құралдарының болуына, ал бұл қажет етілген жерлерде криптографиялық қорғаныс құралдарының қолданылатынына көз жеткізіңіз.

6.7.8.2 Қашықтан жұмыс

Қашықтан жұмысты шешу және бақылауға арналған саясаттар, процедуралар және стандарттар жасақталуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық:

Дистанциялық жұмыс тек өшірілген қосылыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қолжетімділікті бақылауды басқару, жеке қорғаныс құралдарымен қоса, жеткілікті басқару құралдары болған жағдайда және жүзеге асырылған кезінде ғана рұқсат етілуі қажет. Үйде қолданылатын жабдық ресурстардың мүліктік тізіміне енгізілуі қажет. Сонымен қатар, жұмыс процессінде пайдаланылатын, жұмыс орнынан алынып, үйдегі жұмыс орнына өткізілетін ақпаратты анықтау және бақылау механизмдері болуы қажет.

Компьютерлік ойындар, Интернетке кіру мүмкіндігі және т.б. сияқты бөгде қызметтер үшін жабдықтарды пайдаланудың белгілі саясаты болуы қажет, себебі кез-келген қызмет маңызды және құпия ақпаратпен бірге қолданылған жағдайда күрделі проблемаларға әкелуі мүмкін.

6.8 Ақпараттық жүйелерді жасақтау және сүйемелдеу

6.8.1 Жүйе қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

Мақсаты: Ақпараттық жүйелерде қорғаныс құралдарының құрылымын қамтамасыз ету.

6.8.1.1 Қауіпсіздік талдауы және оған қойылатын талаптар

Жаңа жүйелерге арналған бизнес-талаптар немесе сәйкес жүйелерге арналған жетілдірулер басқару құралдары жөніндегі талаптарды айқындайды.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Ұйымдар қауіпсіздік жөніндегі талаптардың бағдарлама-қосымшалар, жаңа жүйелерді жасақтау, жүйелерді жетілдіру және жаңарту үшін анықталған және есепке қабылданғанын көрсете алуы қажет. Іс жүзінде бұл екі санатпен ұсынылған, мұнда белгіленген қосымшалардың БҚ нақты ұйым үшін немесе ұйымның өзімен жасақталады немесе дайын коммерциялық БҚ (COTS) қорғалған ортада пайдалану үшін сатып алынады. (COTS БҚ толық бағдарлама-қосымшаны немесе оның құрылымдық компонентін құрай алатынын ескерте кету қажет.)

Талаптардың бастапқы талдауы қауіпсіздік мәселелерін сәйкестендіру және оларды жаңа жүйелер үшін және/немесе бағалау туралы есептерге арналған қосымшаларға пайдаланушылық талаптары бар құжаттарда оларды қарастыру үшін қажет. Аталмыш процедура аяқталған соң аудитор аталмыш талаптардың жүйені жасақтау және енгізу кезінде қалай бақыланып, тексерілетінін қарауы қажет. Кез келген проблемалар талданып, менеджменттің сәйкес деңгейінде қарастырылып, қанағаттандырарлықтай шешілуі қажет.

6.8.2 Қолданбалы жүйелердегі қауіпсіздік

Мақсаты: Қолданбалы жүйелерде пайдаланушылардың деректерінің жоғалуын, түрлендірілуін және рұқсатсыз пайдаланылуын болдырмау.

6.8.2.1 Кіріс деректерінің шынайылығын тексеру және деректердің сыртқы өңделуінің шынайылығын тексеру

Жүйе-қосымшаларға деректерді енгізу дұрыс және тиісті жолмен жүргізілгенін куәландыру үшін, ол сәйкес түрде расталады.

Растаушы тексерістер деректердің өңделуі кезіндегі кез-келген жаңылысты анықтау үшін жүйелерге енгізіледі.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Қосымшаның бағдарламалары деректерді енгізу, сондай-ақ деректерді өңдеу кезінде деректердің бүтіндігін тексерудің тиісті деңгейін ұсынуы қажет. Деректер қолмен енгізілгенде, аудитор белгіленген аяға сәйкес келмейтін айқын бұрыс мәндер, дұрыс емес мәндер мен толық емес деректердің қабылданбайтынына көз жеткізуі қажет. Егер деректер қағаз формасында ұсынылатын болса (операторлардың соңынан енгізуі үшін), бұл деректер үшін қандай растама берілетінін байқау қажет – аталмыш құжаттар оған уәкілеттігі жоқ қызметкерлермен бағалана ала ма? Айқын өзгертулер болған жағдайда, олар тексеріліп, бекітіле ме? Деректер үлдір немесе диск сияқты басқа арналар арқылы енгізілсе, олар тиісті жолмен белгіленгенін

және қолданысына дейін тозбайтынына көз жеткізуі қажет. Деректер жүйеге енгізілген соң, жүйе қателіктері немесе әдейі өзгертулер салдарынан қателіктер пайда болуы мүмкін. Жасақталу жөніндегі құжаттамада бүтіндікке тағы қандай тексерістер жүргізуге болатынын анықтау қажет және олар орындау мүмкіндігіне және талаптарға сәйкестігіне көз жеткізу қажет. Жүйенің жасақтамасы деректердің жарамсыз болып қалуы қатерін төмендетіп, деректердің кез-келген зақымдалуын анықтау үшін тексерістер орындалатынын кепілдеу қажет.

6.8.2.2 Хабарларды сәйкестендіру

Хабарлар мазмұнының бүтіндігін қорғау жөніндегі қауіпсіздік талаптарының қосымшасы үшін хабарлардың сәйкестендірілуі қолданылады.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Аудиторлар ұйымда хабарлардың сәйкестендірілуі қолданылатындығын сұрастыруы қажет, егер қолданылатын болса, оның тетіктері дұрыс қолданылатынын тексеру қажет. Ұйым қатерлерді анықтау үшін тәуекелдердің бағалануын беруді жүргізуі қажет және олардың мазмұнының бүтіндігін сақтау үшін хабарлар сәйкестендірілуі қажет болуын анықтауы қажет, егер мұндай сәйкестендірілуі қажет етілетін болса, оның енгізудің ең оңтайлы нысаны қандай. Пайдаланбаған әдістерді тексеру кезінде, аудитор қатерлерді бағалау нәтижелерін есепке алуы қажет.

Хабарлардың сәйкестендірілуін пайдалану қажет болатын жағдайлардың мысалдары:

– Электронды сауда немесе басқа электронды қызмет саласында қандай да бір белсенділік ретінде құжаттармен және хабарлармен алмасу;

– Электронды хабарлар және/немесе файлдармен алмасу; және

– Хабар мазмұнының бүтіндігі өте қажет және өмірлік маңызы бар болып табылатын басқа кез-келген қосымша.

6.8.2.3 Сыртқы жіберілетін деректер шынайылығын тексеру

Сақталатын ақпараттың өңделуі дұрыс және жағдайларға сәйкес болып табылатынына көз жеткізу үшін, жүйе-қосымшадан сыртқа шығарылатын деректер тексерілген болуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Жүйе-қосымша шығарылатын нақты деректерді ұсынуы қажет және ұйым шығарылатын деректердің нақтылығын тексеру және дұрыс емес немесе толық емес шығарылған деректерді алуға реакция беру тетігіне ие болуы қажет. Аудиторлар қызметкерлердің аталмыш процедуралармен таныс екеніне көз жеткізу үшін, мүмкін ағат тұстарын іздеу немесе аталмыш процедураларды айналып өту мүмкіндіктерін анықтау үшін, шығыс деректерінің мұндай тексерістерге қатысуы қажет. Олар сонымен қоса, аталмыш процедуралар үшін жауапты тұлғалар анықталғанын және өз міндеттерін білетіндігін тексеруі қажет.

Шығыс деректерін растау тестілеріне тексеру аяқталған соң, олардың нәтижелері заңсыз жолмен өзгертіле алмайтынына көз жеткізу қажет.

6.8.3 Бақылаудың криптографиялық құралдары

Мақсаты: Ақпараттың құпиялығын, ақиқаттылығын немесе бүтіндігін сақтауды қамтамасы ету.

6.8.3.1 Бақылаудың криптографиялық құралдарын пайдалану саясаты

Ақпаратты қорғау үшін криптографиялық басқару әдістерін пайдалану саясатын жасақтау қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Басқарудың криптографиялық элементтерін қауіпсіз және тиімді қолданудың маңызды аспектісі аталмыш басқару элементтерін күнделікті қолдау саясатын қолдану және пайдалану тетіктері туралы дұрыс шешімдер қабылданғанын куәландыру болып табылады. Аталмыш саясат басқарудың криптографиялық элементтері қолданылуы қажет жағдайлар мен ақпаратты, басқарудың криптографиялық элементтерін қолдануға қатысты менеджментпен қолданылатын негізгі тәсіл, рольдер мен міндеттерді қамтуы қажет.

Егер ұйым басқарудың криптографиялық элементтерін қолданатын болса, аудиторлар басқарудың криптографиялық элементтерін пайдалану саясаты жасақталғанына, таратылғанына және қызметкерлердің барлығы онымен таныс және оны орындайтынына көз жеткізуі қажет. Олар қабылданған шешімдер тәуекелдердің бағалануының нәтижелерімен қолданылатынын және қолданылатын басқару элементтері аталмыш саясатқа сәйкестігін анықтауы қажет.

Басқарудың криптографиялық элементтерінің күші өзгерілерді және қолданылатын алгоритмдер, негізгі мөлшерлер және параметрлермен сәйкестендіріледі. Басқарудың криптографиялық элементтері қолданылатын қосымша және ортаны ескеру қажет. Кейбір қосымшалардың ортасы одан да күштірек басқарудың криптографиялық элементтерін талап етуі мүмкін.

Осылайша, ұйым қолданатын әдістер оған сай келе ме деген сұраққа жауап беру үшін, аудиторлар криптографиялық техникалар мен механизмдер, негізгі менеджмент және олардың ресурстарға қолданылатыны туралы кем дегенде жалпы мағлұматқа ие болуы қажет.

6.8.3.2 Шифрлау, Сандық қолтаңбалар және үздіксіздік сервисі

Осал және сындарлы ақпараттың құпиялылығын сақтау үшін шифрлау пайдалануы қажет.

Электронды ақпараттың ақиқаттылығын және бүтіндігін қорғау үшін сандық қолтаңбалар қолдануы қажет.

Қандай да бір оқиғалар немесе әрекеттердің болу-болмауы туралы даулы мәселелерді шешу үшін үздіксіздікті қамтамасыз ету сервистері қолданылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Аудиторлар сонымен қатар, шифрлау, сандық қолтаңбалар және/немесе үздіксіздікті қамтамасыз ету сервистері қолданылатын шарттарды тексеріп, олардың белгілі бизнес талаптар саясатына және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін анықтауы қажет.

Сонымен қатар, олар келесі жағдайларды тексеруі қажет:

– Шифрлау, сандық қолтаңба немесе үздіксіздікті қамтамасыз ету сервистерінің қолданылу немесе қолданылмауы туралы шешім қабылданғанда тәуекелдердің бағалануы пайдаланды ма және олардың қорғанысы бойынша нақты талаптарды анықтаңыз;

– Сәйкес алгоритмдер мен кілт ұзындығы таңдалды және олар тәуекелдердің бағалануы нәтижелері және қорғаныс жөніндегі белгілі талаптармен сәйкестендірілген;

– Криптографиялық тетіктердің қосымшасын пайдалануға қатысты процедуралар және экспорт пен импорт ережелерімен қоса, кез-келген қолданыстағы заңнама анықталған және орындалады;

– Менеджмент кілттерінің барлық тиісті жүйелері кілттерді қорғау мақсатында және оларды қауіпсіз сақтау және пайдаланудың кепілі ретінде қолданылады.

Аудиторлар қызметкерлердің басқарудың криптографиялық элементтері саясаты туралы білетінін, және мысалы, криптографиялық бақылаудың қолданылуын қадағалай отырып, оларды қашан пайдалану қажеттігін білуін сұрап анықтауы қажет.

6.8.3.3 Кілттерді басқару

Криптографиялық әдістерді қолдау үшін келісілген стандарттар, процедуралар мен әдістердің жиынтығына негізделген кілттерді басқару жүйесі қолданылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Кілттерді басқару басқарудың криптографиялық элементтерін қауіпсіз қолданудың қажетті шарты болып табылады; криптография кілттерді басқарудың дайын қорғалған жүйесіз қолданбауы қажет. Аудиторлар ұйымның келесі қорғанысын қамтамасыз етуі үшін қажетті басқару құралдарын қолданғанын тексеруі қажет:

– Ашылу, өзгерту немесе бұзудан қорғаудың құпия және жекеше кілттері;

– Қоғамдық кілттер және рұқсатсыз өзгерту мен бұзудан қоғамдық кілттердің сертификаттары; егер ұйым өзінің қоғамдық кілттерін басқару үшін (жеке немесе қоғамдық) сертификациялық басшылардың қызметін

пайдаланатын болса, аталмыш басшылардың балама қорғалған, сенімді және басқарылатынына көз жеткізу қажет.

Криптографиялық кілттердің қорғанысы логикалық және физикалық қорғаныстыүйлестіруі қажет. Аудиторлар криптографиялық кілттерді қорғау үшін қолданылатын, қолжетімділікті басқарудың физиологиялық және логикалық аспаптарын тексеруі қажет. Егер кілтті депонирлеу немесе қалпына келтіру механизмі немесе процессі криптографиялық кілттерге қолданылатын болса, қызметкерлердің бұл туралы білетініне және кілтті депонирлеуді айналып өту мүмкін емес екеніне көз жеткізу қажет.

6.8.4 Жүйелік файлдардың қауіпсіздігі

Мақсаты: ақпараттық жүйелердің жасақталу жобасының сенімді жүзеге асырылуын және оның қолдауын қамтамасыз ету.

6.8.4.1 Жұмыс істейтін бағдарламалық құралды қадағалау

Жұмыс жүйелерінде бағдарламалық құралды орнатуды қадағалау үшін процедуралар қарастырылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Аудиторлар ҰЖ БҚ енгізуге қолданылатын басқару элементтерін тексеруі қажет – жүйелік кодтың күйі қандай, код көзі қосылған ба, жаңа нұсқалар қалай енгізіледі, жүйелік файлдар мен кітапханалар қалай қорғалады, өзгерістер туралы қандай жазбалар жасалады? Қолдауды жасаушылар мен қызметкерлер ҰЖ тестіленбеген немесе рұқсат етілмеген кодтарды енгізу қауіптері туралы білуі қажет, олардың бұл жағдайды ұғынатынын тексеру қажет.

Содан соң оның енгізілуіне назар аудару қажет - бастапқы мәтін мен объектінің кодтарына қандай қорғаныс қолданылады, жаңа немесе өзгертілген кілтті енгізбес бұрын тестілеудің қандай кезеңдері аяқталған болуы қажет, регрессивті тестілеу дұрыс па, кілттің ескі нұсқалары қайтадан инсталляцияланууы мүмкін бе, өзгертулер енгізілмес бұрын деректердің толық көшірмесі сақтала ма?

Операциялық кодта өзгертулер жазбаларын қарастыру қажет, олар толық па, жеткілікті түрде сипатталған ба және тиісті рұқсаты бар ма? Маңызды операциялардың кешені жаңа және өзгертілген кодты енгізу үшін егжей-тегжейлі мұқият қарастырылған жоспарды талап етуі мүмкін, мысалдар келтіріңіз.

6.8.4.2 Жүйелік тестілік деректерді қорғау

Тестілік деректердің қорғанысы және бақылануы қамтамасыз етілуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Аудиторлар тестілеу үшін қолданылатын деректер тиісті жолмен бақыланатынына көз жеткізуі қажет. Тестілер жаңғыртыла алуы қажет,

осылайша қолданылған деректер нақты айқындалған және қайта тестілеу үшін қолжетімді болуы қажет. Осы деректердің тестілеу үшін қолдануы мақұлданбайды, ал қолдана қалған жағдайда кез-келген жеке немесе маңызды ақпаратты шектеу үшін өзгертілуі қажет. Бұл үнемі мүмкін бола бермейді және мұны әрқашан кепілдеу мүмкін емес, сондықтан олардың немесе тестілердің кез-келген нәтижелері, файлдар мен жазылған нәтижелермен бірге қалайша қорғалғанын тексеру қажет.

Тестілеу үшін аталмыш деректерді қолдану әрбір жағдайда тиісті түрде рұқсат етілгенін тексерген жөн. Сонымен қатар, қолжетімділікті бақылау және тестілеу кезінде деректер базасына енгізілген кез-келген деректерді толық жою үшін дайын әдістің болуын тексеру қажет. Тестілеу бойынша жүйе-қосымшаларға қолжетімділік ҰЖ қолжетімділік сияқты қатаң бақылануы қажет.

6.8.4.3 Бағдарламалардың бастапқы мәтіндерінің кітапханаларға енгізілуін қадағалау

Бағдарламалардың бастапқы мәтіндерінің кітапханаларға енгізілуін қатаң қадағалауға алу қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Дереккөздер кодтары бар кез-келген файлға кіру бәрінен де ҰЖ оны сақтамау жолымен қорғалғаны жөн. Мұндай кодқа және қайта іріктеу және сілтемелерді қайта құру құралдарына қолжетімділік әдетте қосымшалармен қолданылатын қауіпсіздіктің ары қарай тексерісінен оңай өте алады. Өте құпия қосымшалар енгізілген өзгертулерді анықтау үшін объект кодының сомасы тексерісін растауды талап етуі мүмкін.

Сонымен қатар, өте оңай өзгертілуі мүмкін және деректердің бүтіндігінің және қолжетімділігінің жоғалуына әкелуі мүмкін, деректер базасы мен макростар есебінің бағдарламасын қарастыру қажет. Аталмыш шектеулер тек болуы мүмкін қастық әрекеттермен ғана шектелмеуі қажет, нағыз және осал ақпаратқа кіру рұқсат етілмей тұрып, өзгерістерді тестілеу және жазылуын қамтамасыз ету мақсатында қарапайым жаңартулар мен қосымшалардың бастапқы мәтінінің кодын қайта құру қатаң қадағалануы қажет. Аудиторлар құжатталған процедуралар мен жазбаларды қайта қарастыруы қажет.

6.8.5 Жасақтама ортасындағы және жұмыс ортасындағы қауіпсіздік

Мақсаты: ақпарат пен қолданбалы жүйелердің бағдарламалық құралының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

6.8.5.1 Өзгертулерді енгізу процессін басқару процедуралары

Өзгертулер енгізу оларды жүзеге асыру процессін басқарудың формальды процедуралары көмегімен қатаң бақылануы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Аудиторлар өзгерістерді бақылаудың формальды процедуралары жүйелік орта мен ҰЖ қосымшаларына енгізілетін барлық өзгерістер үшін қолданылатынын тексеруі қажет. Аталмыш процедуралар стандарттықтарға қарағанда сапа жөніндегі жоспарларда көбірек қажет болуы мүмкін. Сонымен қатар, мұндай процедуралардың болуын және қолдануын, ал қажеттілік жағдайында талаптарға қатысты құжаттар мен құрылым өзгерісін қамтамасыз етеді.

Атап айтқанда, онлайндық ҰЖ (көбіне ең маңызды болып табылатын) өзгерістерімен қалай жұмыс жасалатынын, олардың мұқият және кеңейтілген жоспарлауды талап ету жиілігін аңдау қажет. Апат кезінде қолдауға арналған даярламалар жеткілікті ұсынылған ба? Қызметкерлердің жүйенің маңызды бөліктеріне қолжетімділігі тек қажетті деңгейде шектелуі тиіс, бұл қалайша орындалатынын тексеру қажет. Сонымен бірге барлық өзгертулерге тиісті түрде рұқсат берілгенін (рұқсат тиісті менеджмент деңгейінен алынған және операциялық менеджмент процесске тартылған), өзгертулер дұрыс тексерілетінін және тестіленуін, өзгерістер енгізілгенге дейін толық рұқсат берілетінін тексеру керек.

Көбіне өзгертулер дайындалған жоспар бойынша алдын ала енгізілмейді, тек топталып нұсқаға орнатылады, аталмыш жағдайда нұсқалар жазбасы енгізілген өзгертулерді дұрыс сипаттағанын тексеру қажет. Жедел өзгертулерді енгізу процедурасы жүйенің бөгелу жағдайын түзету үшін қолданылуы мүмкін, мұның жоғарыда айтылған барлық талаптарға жауап беретінін тексеру қажет. Конфигурацияның сәйкес қадағалануы өзгертулер кезінде қолданылатынын, және енгізілген өзгертулер туралы дұрыс жазбалар жасалғанын тексеріңіз.

6.8.5.2 Операциялық жүйеге енгізілетін өзгерістердің техникалық талдау

Операциялық жүйеге өзгертулер енгізілген жағдайда қолданбалы жүйелердің анализі мен тестіленуі жүргізілуі қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Ұйым ҰЖ өзгерулерін тексеру процедурасын жасақтауы қажет. Ол жоспарлық енгізуден бұрын жүзеге асырылуы қажет, мүмкіндігі бойынша, тестілік енгізу бағалануы қажет. Аталмыш тексеру өзгерістерден соң дайын болатын басқару элементтерін бағалауды және талаптарға сәйкестікке тексеруді қамтуы қажет. Аудиторлар өндірушілер мен нұсқаларға ескертулер деректері, олар бар болған жағдайда бағалау деректері, ҰЖ кемшіліктерінің өңделуі қолданған болса, қажет болуы мүмкін БҚ белгілі өзгерістері сияқты, тексеру туралы аталмыш есептердің мазмұнын қарауы қажет.

Аталмыш тексерулердің қорытындылары қосымшалардың кез-келген қажетті өзгерістерін және ҰЖ жаңа нұсқасын енгізу жоспарын қамтуы қажет. ҰЖ нұсқасы (сонымен бірге кез-келген бағдарламалық түзетулер)

конфигурациялық жазбаларда анықталуы қажет. Кейбір жағдайларда ұйымдар жүйені жаңартпау туралы шешім қабылдауы мүмкін, тіпті осындай жағдайлардың өзінде олардың қолдаудың жеткілікті деңгейіне қолжетімділігінің болуын қадағалау қажет, ал егер ондай қолжетімділік болмаса бұл тәуекелдерді бағалауда анықталып, сәйкес шаралардың қолдануын талап етуі қажет.

6.8.5.3 Бағдарламалар пакетіне өзгертулер енгізуге шектеу қою

Бағдарламалар пакетін түрлендіру ұсынылмайды, барлық қажетті өзгертулер қатаң қадағалануы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Өзгертулерді бақылаудың құжатталған және бекітілген процедурасын тиісті түрде қолдану қажет. Кез-келген өзгертулер бақылаумен және бұл өзгерістер толық негізделген және енгізілмес бұрын бекітілгенін кепілдей отырып, енгізілуі қажет. Бағдарламалық пакеттер осыған іскерлік талаптар қойылған шартта ғана өзгертілуі қажет.

Кейде кодтарға өзгертулер бағдарламалық түзетулер ретінде енгізіле алады, ал олар соңынан келесі нұсқаларға қосылады, егер осылай болған жағдайда, бағдарламалық түзету өшірілген ал барлық тиісті құжаттар жаңартылғанына көз жеткізу қажет. Кейде ұйымдар бағдарламалық көздерді аша алады, бірақ жасақтаушылар уәкілеттігіне ие бола алмайды; өзгертулер енгізу құқығы келісім-шарттарда нақты анықталуы қажет, бірақ өзгерістер тиісті түрде енгізілетініне көз жеткізу қажет, себебі жасақтаушылар жазбаларына толық қолжетімділіктің болмауынан жүйенің бүтіндігіне ары қарай қатерлер төндірілуі мүмкін. Сонымен қатар, түпнұсқалық бағдарламаның жаңа нұсқалары орнатылғанда, мұндай өзгерістермен қалай жұмыс жасалатынын тексеру қажет, себебі олар қайта орнатуды талап етуі мүмкін. Барлық енгізілген өзгертулердің толық тарихы сақталатынын және аталмыш жазбалар қаншалықты талап етілсе сонша сақталатынын тексеру қажет. Барлық бағдарлама-қосымшалардың өзгертілген кодтың жұмысын растау үшін қолданылуы мүмкін регрессиялық тестілердің белгілі реттілігі болуы қажет, бұл қалай қадағаланатынын байқау керек.

6.8.5.4 Жасарын арналар және «Троянский конь» типті құрама код

Бағдарламалық құралдың сатылымы, пайдалануы және түрлендіру болуы мүмкін жасырын арналар мен «Троянский конь» типті құрама кодынан қорғаныс мақсатында қатаң бақыланып, тексеріліп тұруы қажет.

Енгізу жөніндегі басшылық:

Заманауи бағдарламалық өнімдердің барлығында дерлік қандай да бір жасырын арналар бар. Олардың көбісі зиянсыз, мысалы БҚ жасақтаушы программисттер туралы ақпарат беретін арнайы кілттердің комбинациясы, бірақ олардың кейбірі қауіпті болуы мүмкін. Ұйымдар мұндай жасырын арналарға өзінің көзқарасын анықтап, олардан қорғаныс бойынша қандай да

бір әрекеттерді қолға алу қажеттігін шешуі қажет. Мұндай шешімді қабылдай отырып, жасырын арналардың ұзақ және күрделі процесстер нәтижесінде ғана анықталатынын есте сақтау қажет. «Троянский конь» типті кодтар жүйеге байқалмай енгізілуі мүмкін және алдын ала жиналған кодтарды жолдау сияқты, пайдаланушы үшін жағымсыз және байқалмайтын әрекеттерді жасау үшін қолданылуы мүмкін.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

БҚ көптеген элементтерінде жасырын кодтардың әр түрлі формалары болуы мүмкін. Олардың бір бөлігі зиянсыз және ешқандай қатер төндірмейді. Ал бір жағынан олардың кейбіреулері жабық арналармен қолданылуы және оларға арналған жол ретінде пайдаланылуы мүмкін және оларды «Троянский конь» сияқты анықтау қиынға түседі.

Аудитор жасырын кодтар мен «Троянский конь» типті кодтармен күресу үшін ұйымда қандай шаралар қарастырылғанын тексеруі қажет. Жасырын арналар мен «Троянский конь» типті кодтар ақпараттың рұқсатсыз жариялануы, өзгертілуі немесе жойылуына әкелуі мүмкін екенін есте ұстау қажет.

6.8.5.5 Аутсорсинг шарттарында бағдарламалық құралды жасақтау

Аутсорсинг шарттарында орындалатын бағдарламалық құралдардың жасақтауын қорғау үшін басқару құралдары қолданылуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Ұйым аутсорсинг шарттарында бағдарламалық құралдарды жасақтау жөніндегі қатерлерді зерттеуі қажет. Ең дұрысы жасақтау құралдары және оған кіретін процесстер инспекцияланып, тексерілуі қажет. Мұндай жасақтамаға байланысты қатерлер тексерілуі қажет, сондай-ақ кез-келген контекстте жасақтамаға кез-келген анықталған қатерлер мен аталмыш жасақтамаға қатысты, қос тараптың міндеттері мен басқару элементтерін, барлық қауіпсіздік талаптарын қамтуы қажет. Аудиторлар мұндай келісім-шарт келесі тармақтарды қамтитынына көз жеткізуі қажет:

– Уақытты шектерді және жасақталған БҚ сапасын өлшеу шарттары мен сапа кодына қойылатын талаптар;

– Орындалатын жұмыстың сапа кепілі үшін аудит жүргізу қажет болған жағдайда қолжетімділік құқығы;

– Жасақталатын БҚ тиістілігін және интеллектуалды меншік құқығын анықтаушы ережелер мен келісімдер;

– Вирустарға, жасырын арналар мен «Троянский конь» типті кодының болуына тексерумен қоса, жасақталатын кодтың жеткілікті қызмет етуін тестілеу.

6.9 Ұйымның үздіксіз жұмысын жоспарлау

6.9.1 Ұйымның үздіксіз жұмысын жоспарлау аспектілері

Мақсаты: Ұйым жұмысындағы бөгеуілдермен күресу және ірі апаттар мен катастрофалар салдарынан сындарлы өндірістік процесстердің қорғанысын қамтамасыз ету.

6.9.1.1 Ұйымның үздіксіз жұмысын жоспарлау процессі және Ұйымның үздіксіз жұмысы мен әсер ету факторларының анализі

Ұйымның барлығына үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жоспарларын жасақтау және жүзеге асыруға арналған ортақ қадағаланатын процесс болуы қажет.

Ұйымда үздіксіз жұмысты қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйесі үшін сәйкес тәуекелдерді бағалауға негізделген стратегиялық жоспар жасақталуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Ұйымда үздіксіз жұмысын жоспарлау әр ұйымда өткізілуі қажет апаттар мен жұмыстан бөгеуден жеткілікті түрде қорғау және қатерлерді тиімді бағалау процессінің нәтижесі болып табылады. Аталмыш жоспарлардың қолдану аясы мен олардың мән-жайы қауіпсіздік талаптарына және істерді жүргізуге сәйкес келуі қажет.

Аудиторлар ұйымда үздіксіз жұмысты басқару процессінің бар екенін, ол барлық ұйымда қолданатынын тексеруі қажет.

Ұйымның үздіксіз жұмысын жоспарлау іскерлік белсенділікті бөгеу салдары және қатерлер анализіне негізделуі қажет. Аудиторлар қатерлердің бағасы тек ақпарат өңдеу қызметтеріне ғана қатысты емес, сонымен қоса іскерлік белсенділікті бөгеуге қатысты ұйымның барлық бөлімдерін қамтитынын және толық екенін тексеруі қажет. Тәуекелдердің бағалануы мен салдарының нәтижелері ұйымның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жоспарын жасақтау үшін қолданылады. Аудиторлар аталмыш жоспардың қолданыс аясы мен мән-жайы аталмыш ұйымның іскерлік талаптары мен қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға бағындырылғанын және менеджментпен қол қойылғанын айқындауы қажет.

6.9.1.2 Ұйымның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жоспарларын құру және жүзеге асыру

Сындарлы өндірістік процесстердің бұзылуы немесе тоқтауы жағдайында өндірістік қызметті дер кезінде қалпына келтіру және қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлар жасақталуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

Ұйымның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жоспарлары жоғарыда сипатталғандай қауіпсіздік және бизнестің белгіленген талаптарын орындауға бағытталған болуы қажет. Аудиторлар аталмыш жоспарларға

байланысты уақытша шектер жеткілікті ме, іскерлік талаптарды қанағаттандыра ма, және олар іс жүзінде қолданыла ала ма жеген мәселелерді қарастыруы қажет. Сонымен қатар, келесіні тексеру қажет.

– Барлық міндеттемелер келісілген және бекітілген;

– Қызметкерлер апат болған немесе іскерлік белсенділік бұзылған жағдайда өз міндеттерін және өзінің не істеу қажет екенін біледі;

– Жоспарда анықталған барлық процесстер құжатталған және кестеге сәйкес енгізіледі;

– Барлық қызметкерлер апат болған немесе іскерлік белсенділік бұзылған жағдайда не істеу қажет екенін біледі;

– Жоспарлар белгіленген кестеге сәйкес тестіленеді және жаңартылады.

6.9.1.3 Ұйымның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жоспарының ортақ жүйесі

Тестілеу және жүзеге асыруға арналған басымдылықтарды анықтау және барлық жоспарлардың келісілуін қамтамасыз ететін, ұйымның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету жоспарларының ортақ жүйесі болуы қажет.

Аудит жүргізу жөніндегі басшылық

